технология тұрғысынан қарастырғанда тізбек шегінің бар болуы a_n -нің жолағына енуінен емес, негізгі мәселе тізбектің жалпы мүшесін бағалағанда шыққан өрнектің аздығына байланысты, яғни мына $n > K(n)$ теңсіздіктің орындалуы мен $K(n)$ -нің нөлге ұмтылуына байланысты. Бұдан шек анықтамасына неге мына теңсіздік $|a_{n-b}| < K(n)$ енгізілмеген деген ой тууы мүмкін. Осы теңсіздікте екі процесс тұр. Бір процесті екінші процесс арқылы анықтауға болмайтындығы ескеріліп, беруін $(K(n))$ жасырып, екіншісін ε санын енгізу арқылы асырып шек анықтамасына енгізіліп отыр. Жоғарыда әрбір сөздің, таңбалардың, символдардың, өрнектердің мағыналарын ашу процестерінен дарынды оқушыларға логикалық ойлау жүйесі қалыптасатындығын және дамитындығын түсіну қиын емес. Ал қатардағы оқушыларға жоғарыда көрсетілгендей, әрбір сөздің, таңбалардың мағынасын ашып жату керек пе? – деген күдік әркімнің жүрегіне ұялайды. Мектеп бітірген оқушылар қоғамға қажетті шаруашылықтың қай саласында қызмет атқаратындығы бізге беймәлім. Бірақ қай салада қызмет етсе де, келіссөз жүргізушілердің әрбіреуі өздерінің еңбектерінің нәтижелі болуын көздеп, олар әңгіме тақырыбындағы элементтерді анықтап, оларды бір-бірімен салыстырып, өзгеру тенденциясына назар аударып, ой таразысына салып талдайтындығы айқын. Егер жоғарыда көрсетілгендей, әрбір сөздің, ұғымның, процестің мағынасын оқушы ақпараттық технологиямен жүргізілген математика сабақтарының әрбіреуіне үйренсе, онда ол математиканы оқу өзіне пайдалы екендігі туралы қорытындыны оқушы ішкі сезімі арқылы жасайды. Математика пәніне қатысты ішкі сезімі оянған оқушылар кейінде басқа салада жұмыс істесе де, математиканың өмірде керектігін мойындайды. Тек ішкі сезімінен туындаған қажеттілік оқуға деген көзқарасты өзгертеді. Шек ұғымының оқушылардың ішкі сезімін оятуға қосатын үлесі және танымдық мәселесін дамытуға да қосатын үлесі айтарлықтай. Математикалық ұғымды қалыптастыру тұрғысынан қарастырғанда шек ұғымының атқаратын қызметі ерекше, өйткені шекті есептеу кезінде математикалық формулалар мен теоремалар жиі айналымға келеді. Бұларға қоса, дифференциалдық және интегралдық есептемелердің фундаменті екендігіне назар аударсақ, онда «шек ұғымын ескерусіз қалдыруға болмайды» – деген қорытындыға келеміз.

Әдебиет

1. Есмұқан М.Е. Математиканы мектепте ақпараттық технологиямен оқыту. – Көкшетау: 2002. – 330 б.
2. Фихтенгольц Г.М. Курс дифференциального и интегрального исчисления. – М.: Наука. 1970.
3. Мамиконов А.Г. Принятие решений и информации. – М.: Наука. 1983.

УДК 378.16=111

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУ
ТӘСІЛДЕРІ**Ж.М. Байғожина**

В статье рассматриваются современные требования, предъявляемые к уроку иностранного языка с применением интернет-ресурсов. Раскрываются некоторые аспекты использования новейших технологий в вузах.

Различные дидактические задания, применяемые с помощью Интернета, способствуют формированию учебных навыков и умений письма и чтения, расширяют словарный запас, повышают мотивацию студентов к обучению. Интернет способствует формированию коммуникативной компетенции студентов не только родного языка, но и иностранного. Вместе с тем, активное использование Интернета способствует дальнейшему повышению информационной грамотности обучаемых. В процессе обучения необходимо обучать студентов находить самим полезную информацию и умело ее использовать для учебных целей. Автор подчеркивает в статье важность самостоятельной работы, способность работать в команде, выработке сплоченности учебной группы. Для достижения вышеперечисленных задач большую роль играет использование информационных технологий в учебном процессе.



This article is devoted to the problem of using new technologies in High Schools. Description of methods of teaching foreign languages and up-to-date requirements for English lessons on the basis of the Internet-recourses are under the view. Different didactic tasks and exercises worked out with the help of the Internet promote to teaching skills and habits in writing and reading, extension of vocabulary, increase of student's motivation to learning a foreign language. The use of the Internet helps greatly to form student's communicative competence not only in his/her native language but in a foreign language as well. Moreover, it assists to increase informational knowledge of students. The importances of teaching students to find necessary information from the Internet and use it for the purpose of their study are noted in the article. Thus, independent work and capability to work in a team is also of great value for successful teaching process. The importance of the use of information technology to achieve all the above said aims and goals is readily visible.

Қазіргі таңда жоғарғы оқу орындарында жаңа технологияларды қолдану мәселесі кеңінен талқыланып жүр. Бұл тек қана жаңа техникалық тәсілдер емес,

сондай-ақ оқытудың жаңа формалары мен әдістері. Шет тілін оқытудың негізгі мақсаты – студенттің коммуникативтік мәдениеттілігін және шет тілін практика жүзінде меңгеру шеберлігін дамыту. Оқытушының міндеті – студенттердің шет тілін үйренуге қолайлы жағдай туғызу. Яғни студент өзінің шығармашылық белсенділігін көрсете алатын оқытудың тәсілін қолдану. Заманауи педагогикалық әдістер, яғни жобалық әдіс және жаңа информациялық техниканы қолдану. Интернет ресурс студенттердің дағдыларын ескере отырып, олардың индивидуалдық ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді қолдану формалары:

1. Лексиканы меңгеру.
2. Сөйлеу дағдыларын дамыту.
3. Диалогты және монологты дамыту.
4. Жоба жұмысына үйрету.
5. Грамматиканы өту.

Ағылшын тілі сабағында интернеттің көмегімен түрлі дидактикалық тапсырмаларды орындауға болады: оқу дағдыларын қалыптастыру, жазу дағдыларын қалыптастыру, студенттің сөздік қорын кеңейту, студенттің ағылшын тілін оқуға деген қызығушылығын арттыру.

Студенттер интернет желісімен түрлі олимпиадаларға, жарыстарға қатыса алады. Сонымен қатар, тест жұмыстарымен түрлі ойындар арқылы өтетін қызықты жаттығулар жасауға мүмкіндіктері болады.

Соңғы онжылдықта адамзаттың жеткен жетістіктерінің бірі, яғни оқыту үрдісіне елеулі әсерін тигізген халықаралық желі- Интернет.

Интернетті оқу мақсатында қолдану әдістемесінің жаңа бағыты болып саналады. Интернеттің негізі студенттің мәдениетаралық дағдысын қалыптастыру. Интернет халықтардың көпұлттаралық, мәдениаралық қоғам, яғни әлемнің миллиондаған адамдарының электронды түрде қарым-қатынас жасау кезінде студенттер нағыз өмірлік жағдайларға тап болады. Компьютер студенттердің жұмысына сын айтпайды, керісінше өзіндік қабілеттерін дамытып, олардың сенімін арттыра отырып, қолайлы әлеуметтік психологиялық атмосфера құрайды.

Қазіргі таңда білімді дамыту – студенттің ақпараттық потенциал деңгейін дамыту деген сөз. Әлемдік ақпараттық қоғамға ену үшін студент ақпараттық мәдениетті, компьютерлік экранды білу қажет, яғни интернетпен тығыз байланыста болу керек.

Ақпаратты жүйе ретінде Интернет түрлі ақпараттар мен ресурстарды ұсына алады:

- электрондық хат;
- телеконференция;

- видеоконференция;
- өзінің ақпаратын беру, өзінің сайты құрып Web- серверге орналастыру;
- ақпараттық ресурстарды қолдану;
- ақпараттық жиынтықтар;
- желіде сөйлесу мүмкіндігі.

Lucent Technologies компаниясының сайты шет тілінде сөздерді тыңдауға мүмкіндік береді. Бұл жерде мәтінді дыбысқа айналдыру үшін сөйлеу синтезаторы орналасқан. <http://www.bell-labs.com/project/tts/index.html> сайты арқылы жеті тілдің бірін тыңдауға болады. Сосын терезеде кез келген сөзді жаза алады. Бірнеше секундтан кейін компьютер терезесіне енген сөз дыбысталады. Дыбысталған компьютер жадында сақтап, дискіге жазу арқылы бірнеше рет қолдануға мүмкіндік береді.

Интернет – әлемде болып жатқан соңғы жаңалықтар жайлы мәлімет алудың тез және ең оңай жолы. Интернеттің көмегімен аудиторияны жаңалықтар өзегімен қамтамасыз етіп, студенттерді тәжірибелі журналистерге айналдыруға болады. Қазіргі таңда көптеген газеттердің жеке WEB парақшалары бар. Сонымен қатар, WEB газеттер түрлі бөлімдерге бөлінеді: жаңалықтар (мәдениет және өнер, сауда, экономика, т. б., спорт, жарнама, ауа райы жаңалықтары).

Студенттер WEB газеттер арқылы әлемде болып жатқан жаңалықтарды көру арқылы, есту процесі арқылы және оқу арқылы хабардар бола алады. Әсіресе аудиторияда баспамен тікелей қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін сайттар бар. Бұл арқылы студенттер оқыған мақаласы жөнінде өз ойын айтуға және автормен тікелей байланысқа түсуге мүмкіндік алады.

Студенттерді екі – екіден немесе үш – үштен бөліп, мақаланы зерттеуге тапсырма беруге болады. Бұл әдіс бүкіл аудиторияның қызығушылығын арттырып, сабаққа белсенді түрде қатысып отыруына үлкен ықпалын тигізеді. Дарынды студенттер күрделі мақаламен жұмыс жасай алады, ал үлгерімі төмен студенттер ауа райымен, мәдениетпен байланысты мақаламен жұмыс жасауға, сондай-ақ белгілі бір оқиғаға байланысты өзінің жеке тұжырымдамаларын да жасауға болады. Мақалаларды зерттеудегі мәдениаралық біліктілікті дамыту арқылы студенттер мәселені терең меңгереді, өз ойын жеткізе алады және сараптама жасап үйренеді. Жұмыс жасалғаннан кейін әрбір студент жұмысын талқылау мақсатында дөңгелек үстел немесе телеконференция өткізу қажет.

Халықаралық хат алмасуды кез келген және түрлі деңгейдегі аудиторияларда өткізуге болады. Электрондық хат алмасу қағазға жазуға қарағанда тезірек, ыңғайлы және арзан. Электрондық хат алмасуды түрлі мақсатта қолдануға болады: біріккен жобаларды жасауға, мәселелерді шешуге.

E-mail бағдарламасы – электрондық хат қолданудың жеңіл жолы.

Электрондық хат алмасу арқылы оқу бағдарламасынан ауытқымай жолдасыңыздан сол тақырып жайлы сұрап, кейін сол мәліметтерді баяндама ретінде қолдануға болады.

Электрондық хатты шет тілін оқыту үрдісінде қолдану тәжірибесін сараптай отырып, оқытушылар мынадай тұжырымға келді:

1) Оқытушының қатаң қадағалауынсыз студенттер 2 немесе 3 адам болып жұмыс жасауы керек. Егер студенттерді қызықтыратын тақырыпта талқыланса, жұмыстың сапасы жақсырақ және тезірек болады.

2) Жазу үрдісі өзгереді, яғни студенттер қате жібермеуге тырысып, серіктесінің көмегіне жүгінеді.

3) Электрондық коммуникация арқылы студенттердің еркін сөйлеп, өз ойларын жеткізуге мүмкіндіктері бар.

4) E-mail қолдану тілді үйренуге деген қызығушылықты тудырады.

Біздің оқытушы ретінде бір ғана басты мақсатымыз – біздің студенттердің коммуникативтілігін жүзеге асыруға мүмкіндік беру. Жалпы білім беретін жоғарғы оқу орындары студенттердің коммуникативтілігін туған тілінде ғана емес, шет тілінде де жүзеге асыру қажет, сонымен қатар, информациялық біліктілігін негіздеуіміз керек. Студенттер өздеріне қажетті информацияны табуды, оны оқып, ішінен ең маңыздысын табуды және өз қажеттілігіне жұмсауды үйренуі шарт. Және де студенттердің бойында өзіндік білім алуды, бүгінгі күн талабына сай ізденуді, ақпараттық ағымда жол табу және өзін-өзі дамытуды әрі қарай жетілдіру қажет. Студенттер арасындағы байланысты, топтық ұжымдық жұмысты дамытуға мүмкіндік беруіміз қажет.

Жоғарыда айтылған жобаларды іске асыруда Интернет пен Халықаралық Интернет жобалар – таптырмас құрал. Олар студенттің өзін-өзі дамыту және жаңа істі меңгеруге зор ықпалын тигізеді. Студенттер түрлі зерттелген мәліметтерді пайдалануды үйренеді, өз ойын нақты және жүйелі түрде қағаз бетіне түсіруді, мәтіндік, сандық және графикалық ақпаратты көп мөлшерде жіберу және қабылдау, өздеріне берілген мәліметті зерделеу және жаңа идеяларды көрсету. Олар жоспарлауды, мониторинг жүргізуді үйренеді. Интернет ресурстары негізіндегі сабақтар және жобалық жұмыс көмек көрсетуді үйренеді, серіктестікті, жобаларды іске асыруды, жауапкершілікті және толеранттық, көптүрлілікке және шыдамдылыққа үйренеді. Студенттер таңдауды, мәліметті пайдалануды, гипотеза ұсынуды және шешім қабылдауды үйренеді. Студенттер чаттар, видеоконференциялар, форумдармен электронды пошта арқылы тілдесе алады.

1. Элементтерды қосады және онда мазмұнды болуы қажет, сонымен қатар мақсаттарды іске асыру да құнды және қызметтік элементтер мен бейнелеу элементтері, жылдамдығы және қолдануға ыңғайлылығы кіреді.

2. Сайтты таңдаған соң, сіз жоспарлау бөліміне өтуіңізге болады және ол бөлім сіздің мақсаттарыңызға сай жұмыс жасайды. Тапсырманы құру кезінде ол интернетсіз – ақ жасалатын жұмыстай көрінбеуі қажет. Егер бұл тапсырмалар студенттерді ғылымдағы әртүрлілікке жаттықтырса, бұл коммуникацияларға нақты мүмкіндіктер беріп, жергілікті және еларалық серіктестікке мүмкіндік жасайды. Тапсырмалар студенттерге мынадай мүмкіндіктер беруі қажет: бағалауды үйрену, салыстыру, жариялау, модельдеу, жаңадан құру, зерттеу, гипотезелар ұсыну, ұйымдастыру есептеу, салғыласу, сұхбат алу, тыңдау, көру және бақылау, мазмұндау, тәжірибе жасау, ойнау, сауалнама жүргізу және баяндама жасау. Бұл жағдайда осы текті тапсырмалар студенттің ақпараттық компетенциясын дамытады.

Интернет тапсырмаларын дайындау үш қадамнан тұрады: 1) дайындық; 2) ресурстармен интернет желісінде жұмыс жасау; 3) сыныпта интернет желісінсіз жұмыс жасау.

1. Дайындық – сөйлеу негіздерін дамыту, мұның алдында алған білімдерін қолдана білу, сөздерді оқу, тақырыпқа кірістіру.

2. Ресурстармен интернет желісінде жұмыс – интернетте іздеу бағдарламаларымен жұмыс істеу, оқумен жазу, арнайы мәліметтерді іздеу және оны жауап парақтарына енгізу, сұрақтарға жауап іздеу және т. б. Осы қадамда студенттер өздерінің не істеу керектігін және оған қанша уақыттары бар екенін білу керек.

3. Сыныпта интернет желісінсіз жұмыс – алынған мәліметпен алмасу және желіден жұмыс жасау уақытында көрген білгенін талқылау.

Және де түрлі бағдарламалар арқылы әртүрлі жұмыстар жасауға мүмкіншіліктер бар.

Іздену барысында топтар әртүрлі құжаттар дайындайды: мақалалар, техникалық есептер, шығармалар.

Студенттерге туристер ретінде саяхаттауға ұсыныс беруге болады. Олар жүктерін жинап, авиакомпания мен қонақ үйлерге телефон соғып, билет пен бос орындар жөнінде сұрауларына болады. Жасалған жұмыстың қорытындысында студенттерге өздерінің саяхаттары жайлы фотоальбом немесе күнделік жасауға тапсырма беруге болады. Сайттарда әлемнің үлкен қалаларында жерасты темір жолымен саяхаттау инструкциясын қолдануға болады. Инструкциилар ағылшын тілінде ұсынылады. Студенттер қандай қалада жүргені туралы, сол қаланың көрнекі жерлері жайлы, қаланы аралауға қанша уақыт жұмсағаны жайлы ағылшын тілінде есеп бере алады. Бұл тәсілдерді қолдану қазіргі заманда кең тараған және өте ыңғайлы әдіс. Соның ішінде шет тілін оқытуда тиімді жақтары өте көп.

Әдебиет

1. Teeler D., Gray P. *How to use the Internet in ELT.* – London: Longman.
2. Клейман Г.Б., Леонов А. Г., Кузьменко М.А. *Что Такое Интернет? Информационные и коммуникационные технологии в образовании.* 1998.
3. Johnson L. *Internet Options in the Classroom.* // www.clta.net/lessons/class.html.
4. Полилова Т.А., Пономарева В.В. *Внедрение компьютерных технологий в преподавание иностранных языков.* // ИЯШ. – 1997.
5. Поляков Т.Ю. *Английский язык для диалога с компьютером. Совет по культурному Сотрудничеству; Совет Европы Пресс, 1995.*

ӘОЖ 372:81'242

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ САЛАСЫ БОЙЫНША САПАЛЫ МАМАН
ДАЯРЛАУ МҮМКІНДІКТЕРІ

А.Б. Бақраденова

Статья посвящена проблеме преемственности работ по улучшению и созданию благоприятных условий для развития родной (казахской) речи детей детского сада и начальной школы. Автор делает вывод о том, что целесообразно в стенах вуза подготовить специалиста казахского языка для дошкольных учреждений и предлагает первоначальные частичные методы осуществления предполагаемой идеи.



The article is devoted to the a problem of continuity of works on improvement and creation of favorable conditions for development of native (Kazakh) speech of children of kindergarten and elementary school. The author draws a conclusion that it is expedient to prepare an expert of the Kazakh language within the higher school for preschool education and offers initial partial methods of implementation of the expected idea.

Қала балабақшаларының саны артып жатқанмен, ондағы оқу-үйрету сабақтарының қаншалықты қызғылықты, мәнді өтуі балабақша жасындағы баланың ана тілінде бірден сөйлеп кетуіне жағдай жасай алмайды. Оларға әлеуметтік тұрмысымызда үйде күтіп тұратын орыс тіліндегі теледидар мен

компьютерлердегі мультфильмдер, дискілердегі ойындар бірден бір кері ықпалын келтіруде. Сондықтан да балабақша мен бастауыш сынып оқушылары оқу-тәрбие орындарын тілді уақытша қолданатын, сабақтарда ғана қазақша сөйлеуді міндеттейтін орын сияқты қабылдап отыр.

Бұл мақаланы көпшілікке ұсынудағы мақсатымыз – балалар тілін қамқорлыққа бала жасынан алмай, олардың ана тілінде бірден сөйлеп кетуіне жағдайлар тудырылмай, тіл болашағы туралы сөз қозғаудың қажеті жоқ екендігін ескерту, ескертіп қана қоймай, тілден безініп тұрған балалармен жүргізілетін жұмыстар жайлы өз тәжірбемізбен бөлісу.

Мұндай ойға келу себебіміз – «Дошкольная педагогика» журналының соңғы саны (№6, 1912 жыл) Татарстанның мектепке дейінгі оқу-тәрбие мәселелеріне арналыпты. Уфа қаласының жоғары оқу орнында осы салада мамандар даярлап жатқан «Мектепке дейінгі педагогика» факультетінің екі кафедрасы: «Мектепке дейінгі және әлеуметтік педагогика», «Мектепке дейінгі білім беру теориясы мен әдістемесі» деп аталатынын, жұмыстарының қазіргі жаңа заман технологияларына сәйкестендіріліп, ұлттық рухты сақтай отыра ұйымдастыратынына көз жеткіздік. Әсіресе қызықтырғаны – олардың «Мектепке дейінгі тәрбие» мамандығына әртүрлі салада, атап айтқанда, мектепке дейінгі балалардың денсаулығын сақтау, балалардың көркем-тілдік және драмалық ойын әрекеттерін ұйымдастыру, өзге тілдік ортада орыс (татар) тілін оқыту сияқты қосымша квалификациялар жоспарлап отырғаны.

Қазіргі балаларда балабақшада, мектепте болсын, тәрбиеші мен мұғалім тапсырмаларын жаттанды орындау, білімдерін еске сақтау бойынша ғана дәлелдеу дағдылары байқалады. Тіл қарым-қатынас құралы қызметінен ресми тіл деңгейіне көшу үдерісі тіл болашағына алаңдатады. Бірақ та осыны біле тұра, жас аналармен тіл төңірегінде сөйлесіп, ақыл-кеңестер беріп жүрген кім бар? Осы орайда тіл мәселесімен тіл жанашырлары лингвистер-филологтар ғана емес, психологтар, педагогтар да етене жақын айналысуы қажет екендігі байқалады. 1976–1993 жылдар аралығында І. Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогика институтында қазіргі Татарстандағыдай «Мектепке дейінгі тәрбие» жеке факультет болды, оны басқарған деканымыз Когай Ростислав Дорофеевич жан-жақты өз қызметіне жанын бере қызмет ететін. Біздің «Мектеп жасына дейінгі тәрбие және әдістемесі» деп аталатын кафедрамызда музыка, тіл-әдебиет, элементарлық математика, табиғаттану, мектеп жасына дейінгі мейрамдар ұйымдасыру және денешынықтыру пәндерін балабақшада оқыту әдістемелері тоғыстырылды. Осы кафедрадан даярланып, студенттер балабақшаларға практикаға барды, атаулы мерекелік даталарда концерттік бағдарламаларымен, қуыршақ театрларымен сәбилер үйіне, балалар ауруханаларына, жаңа жылдық мерекеде базалық балабақшаларға шығатын.

Ал халыққа білім беру ісінің үздігі болған деканымыз бас кафедрамыз «Мектепке дейінгі педагогика» кафедрасында қызмет етті. Сол кездердегі Москва, Томск қалаларының осы саладағы білім беру және зерттеу орталықтары ғалымдарымен және тікелей орталық Ғылым Академиясының «Мектепке дейінгі педагогика» институтымен (Директоры И.П. Подьяков) тығыз байланыстың арқасында 10 жылдық мерейтой қарсаңында осы мамандықта бес ғылым кандидаты, төрт аспирантпен толығып, факультеттің ғылыми мәртебесі артқан болатын. Дәл осындай факультет сол жылдары Қазақ Қыздар мемлекеттік институтында болды, кейін нарық қыспағына түсіп балабақшалар жабылды, факультеттер жойылды. Қазіргі гүлденген шақта Қазақстанға жеке институттың жаңғыруы ләзім, біз аспирантурада оқыған жылдары Ыбырай Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтымыз кітаптар жазуымызға, оқу-әдістемелік құралдарға қатысуымызға мұрындық болды. Осындай ғылыми ізденістерімізге материалдық-моральдық көмек беретін педагогика академиясы болып құрылған жағдайда, біздің ойымызша, мектепке дейінгі білім және әдістеме институты кадрлары өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының мазмұнын жүйелеп, мектепке дейінгі мамандар даярлау жүйесін модернизациялау талаптарын орындай бастайды деген үміттеміз. Әзірше, жеке факультет болмасақ та, кафедра тарапынан студенттерді кәсіби іс-дағдыларға баулуда базалық балабақшалармен бірлесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізуді қолға алдық. Кафедраның перспективалық ғылыми жоспарына 1–4-курс студенттерімен өткізілетін тәжірибешілік түрлеріне лайықтап зерттеу мақсаты, болжамы қойылды. Ертис-Павлодар өңірі қалаларында, ауылды мекендерінде болсын, балалардың ана тілінде тілдік қатынасқа түсуі әлі де ақсап тұр. Оның бірнеше себептері бар, біріншіден, бұл өңірдегі қазіргі жас отбасыларының тілі шұбарланған, баланың әке-шешесі де, тіпті осы кезде елу-алпыс жастағы ата-әжелер де орысша-қазақша сөйлеуді қалыпты жағдайға айналдырып алған. Олардың бар үміт артағын тіл орталары – балабақша және мектеп. Ал балабақшаға біздің институтымыз қандай мамандар әзірлеп жатыр, олардың әлеуметке қызмет ету мүмкіндіктері жеткілікті ме? Бұл – мектепке дейінгі және бастауыш оқытудың басы-қасында жүрген әрбір оқытушыны толғандыратын сұрақтар. Мысалы, зерттеудің бір мәселесі-қазақ-орыс және аралас топтарға баратын балалардың қазақша сөйлеу тілін жетілдіруге практикалық көмек беру.

«Халық өлеңдерінің ішінен баланың алдымен тыңдайтын «Санамақ» өлеңінің, «Әлди» жырларының сәбилердің сенсорлық дамуына ықпалы ерекше. «Бас бармақ, балан үйрек, шүлдір шүмек, кішкентай бөбек» баланың әр саусағының сипай отыра айтылатын өлеңі оның шаттана күлуіне, жылы үннен қазақ сөзінің жылы рухын сезінуіне әкеледі. Баланың қолдарын жуып жатып: «Су-су, бетімді жу!» дегізу, далада келе жатып: «Аппақ, аппақ, қар аппақ! Қар

жамылған дала аппақ!-» деп сөйлесе отырып, баланы әлдилеу, уату оның алғашқы сөздерінің, кейіннен барлық сөздерінің қазақша шығуына әсерін тигізеді. Жас баламен ұдайы сөйлесуде де поэзиялық ырғақты пайдаланған дұрыс. Белгілі орыс лингвисті Корней Чуковский өмірінің бастапқы жылдарында (бұл 2-5 жас аралығы) бала тілі поэзияға жақын келетінін ескерткен болатын. Бұл ойды белгілі балалар ақыны М. Әлімбаев та айтқан. «Сәби балаларды сырлы поэзияға құйттай кезінен жанастыруға болады... Ине-түйме. Сіз осы атауға қандай ұйқас құрар едіңіз? Асқар бала жап-жақсы ұйқас құрды:

*Қолға алышы инеңді,
Қадап алышы түймеңді.*

Оқырман ағайын! Өзіңіз де ұйқас құрып жаттығып көріңіз. Жас балаңызға да соны үйретіңіз.» М. Әлімбаевтың мынандай өлеңдерін осы ізгі ниетімен шығарғандығын байқадық:

*«Тамшы тамса. Тырс-тыр!
Гүл айтады: «дұрыс-дұрыс»...
Ат. Атпен шап,
Доп. Допты соқ.*

Базалық балабақшаға баратын практикант студенттерге таратылып берілген осындай өлеңдер дидактикалық ойындарына кіріктірілді. Практиканттарымыз балалардың ойынға жұмыла бастағанына қуануда. Жалпы қазақ баласының поэзияға жаны құмар келетінін Мағжан Жұмабаев: «Бала сөзін дұрыс сөйлеген кісінің сөзіне қарап дұрыстайды... Бала тілін бірінші 3–4 жылда бала жан-жақты сөйлейтін болады. Бала тілінің дұрыс өркендеуі балаға тілді бұзып сөйлемей керек. Және балаға ұқпайтын жат сөз үйретпеу керек, былдырласын, шолжаңдасын-сөйлей берсін... Екінші баланы өзі теңдес балалармен бірге ойнату керек. Ал баланың тілін шын жолға салатын мектеп» деген болатын.

Біздің қазіргі тіл жағдайында орысшаланған ортадан балабақшаға келетін баланың тіліне қажетті қамқорлықты студенттер атқаруда. Зерттеу, бақылау жұмыстары көрсеткендей, балаларын балабақшаға алып келетін ата-аналар бұл бағытта тәрбиешілерге иек артса, тәрбиешілер ата-аналардың, әжелердің балаларын үйде қазақша сөйлетпейтінін тілге тиек етеді. Біздіңше, осы тығырыққа тіреліп тұрған мәселені шешу үшін «балабақша-институт-балабақша» қарым-қатынас жүйесін тұрақты орнықтырсақ деген ой келеді. Бұл жүйені біз балабақшада өтікізіліп жатқан оқу-әдістемелік практикамызда бастадық та. Мақсатымыз: жұмасына

бір рет жарты күн тәжірибешілікке шығатын студенттер сабақтан бос қабылдау, бой сергіту, ойнау кездерінде қазақша сөйлеу тілі нашар балалармен «Тілұштар» ойындарын ойнатады. Балаларға 50 жылдай «Балдырған» журналын шығаруға атсалысқан М. Әлімбаевтың мұрасында логикалық ойлауға әкелетін «Ұйқасын тауып ойнаймыз», «Бұл не?», «Санамас», «Адас атаулар», М. Жаманбалиновтің беске дейін саналуын да, жазылуын да үйрететін «Бұл қай сандар?» атты өлеңдері балалардың таңертеңгілік бой сергіту, ой бекіту тәсілдері болып отыр. Мысалы, мұндай тапсырмаларда баланы еріксіз сөйлетуге орын беріледі. – Тұз! Тұз! Сен кімнің тұзысың? – Даламның (тіл үйретуші балаға күнделікті қолданып жүрген тұзды көрсетеді) «– Қыз, қыз! Сен кімнің қызысың? – Мамамның» деген жолдарды қызға, «– Ұл, Ұл! Сен кімнің ұлысың? – Папамның» деген жолдарды ұлға, «– Гүл, гүл! Сен кімнің гүлісің – Отанның» деген жолдарды қолына ұстап отырған гүлге қарата өзіне қойып, өлеңді сахналандырады.

М. Әлімбаевтың осы өлеңі реуішті сұрамақ өлеңдер бүлдіршіндерге жыр арнаған әрбір балалар ақындарында бар, олардың тақырыптары да, мазмұндары да әр алуан. Қойылатын талап – студенттер баланы тілдік қатынасқа тартатын шығармаларды іздеп тауып, сахналау жолымен нанымды етіп, бала тіліне қонымды етіп қолдандыра білуі.

Студенттердің бірлесуімен «Жасырынған сөздер» атты жылжымалы кітапша жасалып, оның әрбір ашылатын бетіне дәл аталатын сөзге, тура жауапқа шақыратын ұран-девиз сөздер жазылып қойылды. Мысалы, халық жұмбақтары мен халықтық жыр-өлеңдері («Төрт түліктің төлдерін қалай атайды?», «Төрт түлік қалай дауыстайды?») келтірілген беттерге «Қатардан қалма, жаттап ал, таңда!», белгілі ақындардан метаграмма, шарадалар ұсынылып, авторлық жұмбақ өлеңдеріне «Ойлан, тап! Деп қалма «Қап!» деген, «Не қайда тұрады?», «Бұл қандай балықтар?», «Бұл қандай құстар?», «Атгас сөздер» деп аталатын М. Жаманбалинов пен аз өмір сүріп, балаларға үріп ауызға салатындай жауһар жырлар қалдырған Есентай Ерботиннің 12 сұрақпен келетін «Қызық ұйқастар, қызық ой тастар» деген топтама өлеңдерінің алдына «Зейінмен тыңда, аңғал болма!» деген шақыру сөз жазылып қойылды. Осындай тапсырмаларды жекелей, не топпен орындатар алдында балаларға тілге құрмет көрсету мақсатымен А. Асылбековтің мынандай тақпағын жатқа ұрандатып айтқызамыз:

*Өз тіліңмен ер жетіп,
Қол созасың күнге сен.
Өз тіліңмен еліңе,
Пайдалысың күнде сен.*

Баланың тілін ұстарту, орнын тауып сөйлеуге баулу, заттарды, құбылыстарды сипаттай білуге үйрету – халық тәрбиесінде ежелден келе жатқан дәстүр. Осындай кітапшаларда берілген халықтық және авторлық кішігірім жанрларды пайдалана отырып, институттың «Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту» кафедрасына бекітілген базалық балабақшаларда студенттер орыстілді ортадан келетін мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын арттырып, түрлі грамматикалық формада сөйлеуін дұрыс қалыптастыруды біршама жүзеге асыру мүмкіндіктері бар.

Ойын – мектеп жасына дейінгі балаларды көркем-тілдік әрекетке итермелейтін бірден-бір тәсіл. Сөз тәсілі балабақшада оқу-тәрбие үдерісінің барлық формаларында қолданылады. Студенттердің шығармашылық қабілеттерін ұштауда балалармен таза ауада түрлі қимыл ойындарын ойнатудың маңызы зор. Мысалы, «Қадыр Мырза Әли атаның қаламағымен ойын бастайық» деп балаларды жасырынбақ ойынына шақыру. Бір-біріне қарама-қарсы қойып, екі қатар етіліп тұрғызылған балаларды өздеріне кезек-кезек санатқызу: 1-қатар: «Бота-түйе»; 2-қатар: «Құлын-бие», 3-қатар: «Торай-шошқа»; 4-қатар: «Қозы-қошқар»; 5-қатар: «Бұзау-бұлан»; 6-қатар: «Көжек-қоян»; 7-қатар: «Бақа-шаян; 8-қатар: «Торғай, шымшық... Сен қал, сен шық» санатып шығып, қатарлардың рет-ретін ауыстырып отырып, ең соңғы бала қалғанша санату балаларды өзара жарыстыруға және мәтінді жарыса отырып, тез жаттап алуларына ықпал етті. Осы ақынның «Қайсысы қайда барады?» атты өлеңін әр балаға қасқырдың, қарсақтың, түлкінің, маймылдың, майлан-күшіктің маскілерін кигізіп қойып, сахналық көрініске айналдыру балалардың көңілінен шықты. Келесі күндері рөлдерді таласа алып, ойынға ынтымақпен кірісті.

Баланың ырғақты поэзия тіліне құмарлығы өлең ішінде ырғақ қуып ойнауынан байқалады. «Ұйқасын тауып, ойнаймыз» атты Мұзафар ағаның өлеңіндегі әр баланың әрекетіне ұйқас сөздер табайық» деп мақсат қойып, тіл үйретуші ойынды бастайды: Төлен! Айтасың ба ...; Жүкен! Ашылды ма ... Нұраш! Көзіңді ...; Боташ! Дүкеннен әкел ... Ырысбай! Күліп отыр ... Айбар! Бәсіреңе ... Қабыл! Өз орныңнан ... Тауман! Балық ағыт ... Сарамысың? Айтқан тілді ... Құрман! Күзетісер ... Жаңыл! Тілегің болсын ... Жәдігер! Кітап алсаң ... Байтас! Жеңіс үшін ...» осылайша бұл өлең-жұмбақта сөз жетпейтін жерлерді толықтыру көзделеді.

Балаға тілді жақсы үйренуіне және сөйлегенде кең көсілуіне мүмкіндік беретін «жұмысшы механизмі» есте сақтау болып табылады, есте сақтау – тіл сезімін дамытудағы негізгі құрал. Екінші тіл ретінде үйретілгенде де ұйқасқа құрылған сөздерді (үй-үйшік, ойын-ойыншық; бала-ребенок, құлын-жеребенок, т. б.) балалар ұйқасын есінде іштей сезіну арқылы жаттайды. «Таяқ-палка» деген кезде, «аяқ-нога» деп өздері ойлап табады.

Б.В. Беляев ана тілінің «сезім дәрежесінде» игерілетіндігін дәлелмен негіздеді,

өйткені «сезім кез келген психикалық әрекеттің негізін жасайды». Ана тілінің лексикалық және грамматикалық мағынасын адам оны түсінуден әлдеқайда бұрын сезінеді, өз сезіміне ой жүгірту тілді ішкі сезім арқылы меңгергеннен кейін ғана мүмкін болады. Ш.А. Амоношвилидің «...баланың тілді ұқсын-ұқпасын, ести беруін қамтамасыз ету – түбінде бір нәтижеге жеткізеді» деуі сөйлем құрылыстарын, диалог түрлерін мимика, жестпен баланың ұғына беруіне әкелетінін дәлелдеп отыр. «Тамаша! Жақсы!» сол сияқты «Қате. Бұлай болмайды! Дұрыс емес.» сияқты репликалар ойға сіңе беретіні сияқты күнделікті тілдесу оралымдары баланы қазақ тілі құрылысын сезуге, кейін қабылдауға әкеледі. Қазақ балаларының орыс тілін қай жаста да меңгеріп шығып жатқандығы – айналасындағы ақпарат құралдарының және адамдардың сол тілдегі сөйлесуі негізінде болғандығын ескерсек, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде кеңінен қолдануға әкелуде көркем шығармалар балалар тілін жетілдіре түседі. Балалармен оқып – талдайтын әдеби шығармаларды іріктеуде тілге қатысты белгілі бір мақсаттар (сөздік қорды, грамматикалық формаларды, сөз тіркестерін, т. б., сөйленімдерді қалыптастыру, бекіту) көзделеді. Шығармалар мазмұны негізінде балалардың ұлттық үрдісте өзара тұлғалық қарым – қатынас тәжірибесін байыта түсетін мағлұматтар болуы назарға алынады. Шығарма мазмұны арқылы әр баланың тілдік белсенділігін қолдап, сабақта бала өзінің неге және не үшін сөйлеп тұрғанын түсініп, әрқайсысының тілдік тәжірибесін бекітуге жағдай туғызып отыру – балабақша тәрбиешілеріне және балабақша мамандарын даярлайтын оқу орны қызметкерлеріне қойылатын басты талап.

«Балабақша-институт-балабақша» тығыз байланысты жүйесі негізінде студенттермен бірлесе небір тілдік шаралар ұйымдастыру, оқу үдерісіне лабораторлық, семинар сабақтарын тіл үйрету әдістемесі бойынша енгізу қазіргі тіл жағдайында артықшылық етпейді деп білеміз. Сапалы мамандар даярлау ісі, мақала мазмұнында көрсетілгендей, мектепке дейінгі педагогтің балабақша тәрбиеленушілерімен және студенттермен бірлескен жанды оқу-тәрбие үрдісінде, жүйелі, мақсатты тәжірибелік жұмыстар барысында жүзеге асырылмақ.

УДК 343.825-058.56

К ВОПРОСУ О МЕТОДАХ ИСПРАВЛЕНИЯ ЛИЧНОСТИ ОСУЖДЕННОГО:
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА**В.Н. Жамулдинов**

Бұл мақалада автор теория мен практикаға сүйеніп, сотталандарға жаңа түзеу құралын ұсынып отыр. Тәжірибелік қажеттілікті ескере отырып, сотталғандардың психокоррекциялық тұлғасына белгіленген алғышарттар әсер етудің жүйелілігін қамтамасыз етпейді. Қылмыскердің тұлғасын түзетуге бағытталған жүйелілік психокоррекциялық әсер етудің әдістемелік негіздерін дайындау үшін талдау, қарым-қатынас жасау, белгілі әдістерді жүйелеу қажет.

Психокоррекциялық әдістерді жүйелеудің (әсер ету стратегиясын қоса алғанда) негізгі критерийі адамның жүріс-тұрысының психикалық реттеудің мәніне бағытталумен анықталады. Отандық және шетел психологиялық әдебиеттердің талдауы жеке, импульсивтік және сезімтал-аффектті үш негізгі психологиялық механизмдердің жиынтығымен жүзеге асырылатындығын көрсетеді. Әрбір механизмде тұлғаның ерекше психологиялық қасиеті көрінеді, ол қылмыстық жүріс-тұрыстың ішкі себептері ретінде түседі. Жеке механизмде – тұлғалық мәні, тұлғаның қатынасы, тұлғалық нормалар және армандар, сендіру және т.б.; импульсивтік механизмде – жағдайлардың белгілі бір қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне байланысты әрекет етудің әдістерін бекіту; сезімтал-аффектті механизмде – сезім тұлғалық мәннің, құндылықтың, қарым-қатынастың және тұлғалыққа бағытталған өзге қасиеттердің компоненті ретінде түседі.

Жүріс-тұрысты реттеудің шынайы процесінде бұл механизмдердің арақатынасы доминаттау және қосымша қағидалары негізінде жүзеге асырылады. Психокоррекциялық түзету процесі жүріс-тұрысты реттеудің әрбір механизмінде жүзеге асырылатын, тұлға құрылымының ұйымдастыру жүйесіндегі белгіленген психикалық қасиеттерді өзгертуге бағытталған.

Осыған байланысты, психологиялық түзету коррекциясына жақындаудың негізгі қағидасы болып сотталушының өзгеруіне психологиялық көмек көрсету шегін коррекциялауға еріктілік; тұлғаның қылмыс жасауға бейімдігінен көрінетін жеке бағыт; анықталған қылмысқа бейімділікті жою жүйесі және өмірлік міндеттерді шешудің альтернативті әдістерді қалыптастыру танылады.

Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл мақаладағы қозғалған мәселелер өзекті және ол ары қарайғы теориялық және практикалық зерттеуді қажет етеді.



The author, based on psychological and pedagogical analysis proposes to implement in practice, individual psychological adjustment of the convicted person as a means of self-correction.

The main criterion for ordering corrective treatment methods (including the impact of the strategy) is defined approach to the essence of mental regulation of human behavior. Analysis of domestic and foreign psychological literature shows that this regulation is carried out in a set of three basic psychological mechanisms: intelligent, impulsive and sensuous affective. In each of the specific psychological mechanisms manifest personality traits that can serve the internal determinants of criminal behavior.

In the intellectual mechanism – personal meaning, relationship of the individual, personal norms and ideals, beliefs, etc., in an impulsive mechanism – fixed installation on the means of action in connection with the specific needs and characteristics of situations, in sensory-affective mechanism – a sense of acting components personal meaning, values, relationships, and other properties of the orientation of the individual.

Personal norms and ideals, beliefs, etc., in an impulsive mechanism – fixed installation on the means of action in connection with the specific needs and characteristics of situations, in sensory-affective mechanism – a sense of acting components personal meaning, values, relationships, and other properties of the orientation personal.

Interaction these mechanisms in the real process control of behavior based on the principles of complementarity and dominance. Correctional process psychocorrection should be directed to the necessary change of mental properties are realized in each of the mechanisms of regulation of behavior, and their system organization in the structure of personality.

In addition, a systematic approach to constructing psycho exposure is defined as the formation of the psychological barriers to commit illegal actions and attitudes on the legitimate means of achieving life goals, how to change the properties associated with each of the specific mechanisms of mental regulation of behavior, and harmonizing them into a coherent structure.

Thus, the basic principles of the approach to the correctional psychological treatment are voluntary, prospective correction in the provision of psychological support for the self-transformation of the convicted person, individual approach, reflected also in the diagnosis of criminogenic personality dispositions; consistency, is to eliminate the identified criminogenic propensities and the formation of alternative (legitimate) ways of solving life's problems.

Our view, the issues raised in this article are relevant and deserve further theoretical and practical research.

Психология на современном этапе общественного развития всё настойчивее занимает ключевые позиции в системе наук. Она всё настойчивее проявляется в междисциплинарных взаимодействиях, уходит в прошлое отождествление психологии с репрессивной психиатрией.

Как утверждает известный российский учёный, доктор психологии А.В. Петровский, «...будет ли 21-й век веком психологии или не будет, но в числе первых научных дисциплин, среди множества других ей место уготовлено...» [1].

И действительно, в настоящее время ощущается потребность применения психологии в любой отрасли знания. Эта потребность весьма ощутима при решении правоприменительных задач, в частности, в уголовно-исполнительной системе.

Правовые нормы могут продуктивно выполнять свою регулятивную функцию лишь при условии, если они верно отражают закономерности регулируемых явлений и объективные потребности общественного развития. Однако сами закономерности тех или иных явлений познаются не правом, а другими науками. Уголовно-исполнительное право, в частности, опирается на многие положения психологии и педагогики.

Для психологического обеспечения воспитательной и иной работы с осужденными в последние годы внедряются новые, нетрадиционные формы работы с отбывающими наказание за счет развития психологической службы, а также контактов с общественными и религиозными организациями. Укрепление психологической службы и ее использование в профилактике поведения осужденных рассматривается как одно из основных направлений совершенствования уголовно-исполнительной системы.

Необходимость применения новых эффективных методов исправления личности осужденного обуславливает введение в научный оборот понятия «исправительная психологическая коррекция». Сущность данной категории определяют два родовых понятия – «психологическая коррекция» и «исправление».

Один из путей уяснения смысла того или иного понятия – ограничение его от смежных с ним понятий. Наука оперирует рядом терминов, определяющих процесс воздействия. Среди них «психологическое воздействие», «психотерапия», «воспитательная работа». Как соотносятся эти понятия с понятием «психологическая коррекция»? Бесспорно, они взаимосвязаны и имеют ряд общих черт, поскольку во всех случаях воздействие оказывается на личность, сущность которой представляет целостная совокупность психологических свойств. Но при всей близости это не тождественные понятия, так как они определяют особые стороны процесса психологического изменения личности.

Одно из главных отличий рассматриваемых понятий касается цели воздействия. Психологическое воздействие направлено в основном на временное изменение психического состояния человека. Психотерапия имеет целью излечение психических расстройств, нервных и психосоматических заболеваний. Воспитательная работа направлена на всестороннее развитие и формирование личности, обучение человека в соответствии с требованиями общества. Задача воспитательной работы, прежде всего, педагогизация и психологизация воспитательного процесса, направленная на предотвращение дальнейшей криминализации личности, пред-

метное использование заключений и рекомендаций психологов и воспитателей в работе с осужденными.

Психокоррекция же основной целью ставит устойчивое изменение определенных психологических свойств личности, детерминирующих определенные содержательные стороны (нравственные, правовые и др.) социального поведения.

Что касается принципов воздействия, то и здесь можно отметить существенные отличия. Так, психологическое воздействие может оказываться на человека без его ведома и в ряде случаев может противоречить его потребностям и интересам. Психотерапевтическое воздействие (в определенных законом случаях) может осуществляться в принудительном порядке. Воспитательная работа может проходить в условиях возложения обязанностей с отрицательным к ним отношением. Одним же из главных принципов психокоррекции является добровольность участия в процессе воздействия.

Относительно методов воздействия необходимо отметить, что психологическая коррекция в целях изменения определенных характеристик социального поведения может использовать при специфическом преломлении как методы психотерапии, так и методы психологического воздействия и воспитательной работы.

Основываясь на отмеченных отличиях психокоррекции от иных процессов воздействия, можно предложить следующее ее определение. Психологическая коррекция личности – это целенаправленный процесс изменения определенной совокупности психологических свойств личности с помощью специальных методов воздействия, приводящих к устойчивому, необходимому изменению некоторых характеристик социального поведения индивида.

Рассмотрим второе родовое понятие категории «исправительная психологическая коррекция» – «исправление» осужденного, которое в уголовно-исполнительном законодательстве выступает целью исполнения наказания. В Уголовно-исполнительном кодексе Республики Казахстан [2] (далее – УИК) исправление осужденных понимается как формирование у них правопослушного поведения, позитивного отношения к личности, обществу, правилам и традициям человеческого общежития (ст. 7 УИК РК).

Целью исправления является изменение содержания внутренней структуры свойств, определяющих общественную опасность личности. Это означает, что достижение цели исправления предполагает решение трех задач: 1) снижение и ликвидацию личностной приемлемости преступного поведения; 2) формирование антикриминальной устойчивости личности; и 3) формирование личностной приемлемости правомерных способов поведения как альтернативных противоправным (Пастушеня А.Н.) [3].

В УИК РК определены основные средства исправления. Наряду с уже традиционными средствами (установленный порядок исполнения и отбывания наказания (режим), воспитательная работа, общественно полезный труд, получение среднего образования, профессиональная подготовка и общественное воздействие (ст. 7)), закон предусматривает реализацию главной цели наказания и посредством деятельности в рамках оказания психологической помощи. Данное нововведение, безусловно, является серьезным шагом на пути дальнейшей гуманизации уголовно-исполнительных отношений и повышения эффективности решения исправительных задач.

Необходимо отметить, что психолого-педагогическое воздействие направлено на актуализацию процессов самоизменения и самосовершенствования личности, то есть на активизацию деятельности самого объекта исправления по устранению имеющихся у него недостатков.

В целом пенитенциарно-психологическая деятельность возможна в трех направлениях: 1) оказание психологической помощи в традиционном смысле: диагностические, консультативные и профилактические мероприятия; 2) улучшение психического состояния осужденного в целях исключения деструктивных конфликтов и положительного восприятия исправительных воздействий; 3) проведение исправительной психологической коррекции личности осужденного.

Последнее направление пенитенциарно-психологической деятельности может рассматриваться как самостоятельное средство исправления, обеспечивающее более эффективное достижение основной цели. Эффективность исправительной психокоррекции обусловлена: 1) более высоким уровнем непосредственного воздействия на свойства личности, в отличие от традиционных средств исправительного воздействия (режима, воспитательной работы и общественно полезного труда); 2) достижением устойчивого изменения свойств личности; 3) меньшими временными и иными затратами. В настоящее время данная форма исправительного воздействия не нашла широкого применения из-за ее слабой разработанности. Однако ее важность и необходимость не вызывают сомнения. Проблема заключается в определении места психокоррекции в процессе исправления, ее задач, принципов, методов и форм воздействия на личность осужденного.

Исправительная психокоррекция предполагает подчинение изменения психологических свойств личности цели исправления. В связи с чем понятие «исправительная психологическая коррекция» (далее – ИПК) можно определить как целенаправленный процесс психологического воздействия на определенную совокупность психологических свойств личности преступника, детерминирующих социально-правовое поведение, с целью устранения (либо уменьшения) степени ее криминогенности и формирования готовности удовлетворять жизненные потреб-

ности и интересы правопослушным образом. Объектом ИПК является определенная сфера личности осужденного, определяющая ее криминогенность.

Очевидно, что данная сфера личности у разных осужденных (отличающихся по типу криминогенной направленности, степени криминогенной зараженности, криминальному опыту и пр.) будет различной.

Предметом ИПК выступают элементы психологической структуры данной сферы личности осужденного, отдельные свойства (ценности, отношения, личностные смыслы, установки и др.), связанные с детерминацией поведения, соотносимого с уголовно-правовым запретом.

Целью ИПК является изменение определенной совокупности психологических свойств личности, обеспечивающих исключение криминогенных склонностей, определяющих ее общественную опасность.

Осуществление ИПК должно подчиняться ряду основных принципов. Одним из главных принципов процесса психокоррекционного воздействия является добровольность участия. Этот принцип законодательно закреплен в проекте Уголовно-исполнительного кодекса. Добровольность предполагает согласие осужденного на предложенные ему психологические меры или отказ от них. Условиями добровольности, по Тихоненко В.А., служат: отсутствие внешнего принуждения (насилия, угрозы) либо обмана; предоставление информации о предлагаемых мерах, а также способность человека к пониманию и свободному волеизъявлению.

При проведении исправительной психокоррекции немаловажной проблемой является склонение осужденного к участию в процессе исправительного самоизменения. Важным здесь является исключение так называемого «косвенного принуждения» [В.А. Тихоненко, 1996], то есть психологического давления, которому приходится подчиняться во избежание отрицательных последствий.

Для достижения истинной добровольности участия в процессе ИПК необходимо: 1) оказание предварительной психологической помощи, предусматривающей психологическое консультирование, которое может нести коррекционный эффект; 2) предоставление осужденному возможности выразить свою точку зрения в процессе оказания ему психологической помощи и принятие ее во внимание; 3) обоснованность проводимой работы заботой об осужденном, его нравственном и психологическом благополучии.

Немаловажной проблемой является законодательное закрепление нормы, стимулирующей участие осужденных в исправительном самоизменении, формой которого может быть и участие в процессе ИПК. При этом необходимо исключить жесткое закрепление данной нормы, так как это может привести к нарушению принципа добровольности.

Для осуществления эффективности исправительно-коррекционного процес-

са одним из необходимых условий является проведение психодиагностики, направленной на выявление тех свойств, которые определяют криминогенные склонности личности.

Это обуславливает совершенствование существующих психодиагностических методик в исправительных целях. Для эффективного осуществления психокоррекции необходимо также знать ее психологический механизм. Механизм психологической коррекции как процесса изменения свойств представляет собой взаимодействие психических свойств, состояний и процессов личности с субъективным отражением элементов внешних факторов, закономерно приводящих к изменению определенных параметров психики.

Механизм исправительного психокоррекционного процесса включает в себя три основных группы факторов. Во-первых, личностные особенности и прогрессивные возможности субъекта ИПК (психолога), которые предполагают наличие возможностей для воздействия, умений, необходимых для успешного использования этих возможностей, способности устанавливать психологический контакт, выявлять те свойства осужденного, которые способствуют или препятствуют использованию тех или иных методов воздействия. Во-вторых, свойства личности осужденного, выступающие предпосылками изменения психических состояний, препятствующие либо благоприятствующие успешности процесса воздействия (внутренность, тревожность, ригидность и пр.). В-третьих, внешние факторы, опосредованно участвующие в механизме воздействия. Такими факторами являются: условия ИУ, которые предъявляют осужденному повышенные требования, ближайшее социальное окружение и, в частности, референтная группа, наличие социально полезных связей (наличие семьи, отношения с близкими родственниками и др.).

Особое значение приобретает разработка эффективных специальных методик исправительного психокоррекционного воздействия на личность осужденного.

1	Проверка того, что прямые, заданные общими уравнениями $A_i x + B_i y = C_i = 0, i = 1, 2$ пересекаются. Нахождение координат точки пересечения.	<p>1. Проверить пропорциональность коэффициентов при переменных: $\frac{A_1}{A_2} = \frac{B_1}{B_2}, y = \sqrt{2}x - \sqrt{2} + 1$.</p> <p>2. Если $\frac{A_1}{A_2} \neq \frac{B_1}{B_2}$, то прямые пересекаются.</p> <p>3. Точку пересечения найти, решая совместно систему уравнений: $\begin{cases} A_1 x + B_1 y + C_1 = 0 \\ A_2 x + B_2 y + C_2 = 0 \end{cases}$.</p>
2	Нахождение углового коэффициента k прямой, заданной общим уравнением $Ax + By + C = 0$.	<p>1. Убедиться в том, что в уравнении прямой коэффициент B (коэффициент при y) отличен от нуля.</p> <p>2. Из данного уравнения выразить By.</p> <p>3. Обе части полученного уравнения разделить на $B \neq 0$: $y = -\frac{A}{B}x - \frac{C}{B}$.</p> <p>4. Т. к. уравнение прямой с угловым коэффициентом k имеет вид $y = kx + b$, значит $k = -\frac{A}{B}$.</p>

3	Нахождение нормального вектора прямой, заданной каноническим уравнением.	<p>1. Обе части данного уравнения $\frac{x-x_1}{a_1} = \frac{y-y_1}{a_2}$ умножить на $a_1 a_2$. Получим: $a_2(x-x_1) = a_1(y-y_1)$.</p> <p>2. Перенести правую часть последнего уравнения влево: $a_2(x-x_1) - a_1(y-y_1) = 0$.</p> <p>3. Уравнение прямой по точке $(x_1; y_1)$ и нормальному вектору $\vec{n} = (A; B)$ имеет вид: $A(x-x_0) + B(y-y_0) = 0$, то в нашем случае $A = a_2, B = -a_1$.</p> <p>4. Итак, $\vec{n} = (A; B) = (a_2; -a_1)$.</p>
4	Нахождение нормального вектора прямой, заданной уравнением с угловым коэффициентом.	<p>1. В данном уравнении $y = kx + b$ перенести влево слагаемые из правой части: $-kx + y - b = 0$.</p> <p>2. Общее уравнение прямой имеет вид: $Ax + By + C = 0$, и в нашем случае: $A = -k; B = 1; C = -b$.</p> <p>3. Поскольку нормальный вектор $\vec{n} = (A; B)$, получаем $\vec{n} = (A; B) = (-k; 1)$.</p>

Подобная работа проводится на протяжении изучения всего курса. Изучая конкретную тему, обрабатывая то или иное умение, студент может воспользоваться соответствующим алгоритмом.

В задания СРС включаются вопросы, требующие использования творческой самостоятельности, применения эвристических методов, направленных на создание интереса к проблеме, на поиск путей её решения.

Литература

1. Абдыгаппарова С.Б., Ахметова Г.К. и др. Основы кредитной системы обучения в Казахстане / Под общ. ред. Ж.А. Кулекеева, Г.Н. Гамарника, Б.С. Абдрасилова. – Алматы: Казак университеті, 2004. – 198 с.
2. Кудрявцев Т.В. Проблемное обучение: истоки, сущность, перспективы. – М.: Знание, 1991.
3. Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении. – М.: Педагогика, 1972.

ӨЖ 37. 034(82)

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ КӨРІКТІ ОЙЛАРЫ

А.Ш. Тілеулесова

В данной статье раскрываются особенности и значение художественной литературы. В статье исследуются особенности изучения художественных произведений, а также показаны основные методы и приемы. При изучении художественных произведений нужно учитывать особенности жанра, стиль произведения.

Особая роль отводится изучению произведений устного народного творчества. При анализе произведений устного народного творчества важная роль отводится преемственности истории и литературы, межпредметной связи, использованию наглядности при изучении произведений, а также педагогическому мастерству учителя.



This article observes features and importance of literature. The article studies features of studying literature, and shows main methods and techniques. While studying literature works need to be considered features of genre, style of composition.

Special role is given to study compositions of oral folk creations. Analyzing oral folk creations particular is succession of history and literature, inter subject connection, using of lucidity while studying compositions and pedagogical skills of teacher.

Төл бастауын ауыз әдебиетінен алып, ауызша, жазбаша түрде хатталып, қилы замандардан өтіп, сан ғасырларды артқа тастап, бүгінгі ұрпағымызға кең мазмұн сақтап жетіп отырған қазақ әдебиетін ата-бабаларымыздың қалдырған ұлттық нақыштағы, ұлттық рухани бай мұра деп айтуға болады. Ендеше осындай терең сипатқа ие көркем шығармаларымызды жас ұрпақ санасына ұлттық құндылық ретінде танытып, тәрбие беру маңызды.

Қазақ тарихындағы ұлы тұлғалардың игілікті өмірі мен байлығы халықтың бақытын, салт-дәстүрін сақтап, дамытуға арналған. Сол себепті де әдебиетші мұғалімдер ұлттық рухымызды асқақтата көтеруге үлесін қосатын тарихи жырларымызды, терең дәріптеуге жұмсатып отыруға қажет.

Осы бағыттағы ауыз әдебиетінің бір саласы тұрмыс-салт жырларының да ұлттық белгілерімізді айшықтауда маңызы орасан. Бұл жырларды оқып-түсінуде оқушылар төрт-түлік мал иесі болуға ауыл баласы ретінде бейім өседі, аңшылық

кәсіп туралы мағлұмат алады. Адамның өмір кезеңдеріне байланысты ұлттық салт-дәстүрді игереді, бата-тілектерге жетік болады. Әдебиетті ұлы тұлғаларымыз «адамтану құралы» деп танытса, көркем шығарманы «адам тәрбиелеудің басты құралы» деп атаудың толық мүмкіндігі бар.

Президентіміз «...біздің ұлттық ұранымыз...» деп бағаланған, бір халықтың ғана емес, адамзат тудырған алыптардың қатарындағы ұлы Абай мұрасының, озық мәдениетінің жарық жұлдыздары Шоқан, Ыбырайлармен қатар XX ғасырдың басында тәлімдік ой-пікірлерімен барша қазақ даласын дүр сілкіндірген Жүсіпбек, Міржақыптардың ұлттық дәстүрді өз туындыларының негізгі арқауы еткен мол көркем шығармаларының заман талабымен үйлесе үндесетіндігі белгілі [1].

Атап айтқанда, «Көркем сөз құдіреті» тақырыбындағы семинар сабағында оқушылар өзіндік іздену жұмыстары арқылы сабақтың төмендегідей мақсаттарын орындай білді:

– сөз өнері ретінде әдебиеттің басқа өнер түрлерінен айырмашылықтарын айыру;

– халық даналығы, көркем шығармадан тәлім-тәрбие алу;

– шешен, көркем сөйлеуге, жаза білуге үйрену;

– өзіндік ой-толғамдарын дәлелдей білу және т. б.

Оқушылар Абай өлеңдерін, қарасөздерін, философиялық ой-тұжырымдарын меңгере отырып, «Абай тану – ұлтты тану» деген құдіретті сөздің маңыздылығына көз жеткізді.

«Абай жолы» роман-эпопеясын оқыту арқылы ұлттық рухтағы ұрпақ тәрбиелеудің өзі маңызды.

Әлем мәдениеті биігінде тұрған «Абай жолы» эпопеясының бала Абайдың шынайы сәбилік көзімен өзінің туған жерімен тұтастығын сезінуден басталуының өзінде үлкен мән бар.

М. Әуезов бұл арқылы Ұлы Абайдың кемеңгерлігін және романдағы халықтың даналығын тамыры – дүние мен адамның тұтастығында екендігін меңзейді.

М. Әуезовтің «Абай жолы» романының маңыздылығы – оның әдебиеттегі және педагогикадағы жаңа жанрдың басы екендігінде.

Тарихи шығарманың мақсаты оқырманды қалауындағы қабылдау арнасына бағыттау болып табылады. Сондықтан оның тәрбиелік, өнегелік сипаты әркез өміршең.

Ұлы тұлғалардың көркем шығармаларынан тәуелсіз еліміздің ұрпақтары білім нәрін ала отырып, елінің тарихын, дәстүрін, өнегесін біліп жадында ұстайды, ұлттық байлықтарымызды қадірлейді, ата-бабаларымыздың өрлігін, ерлігін үлгі етіп, ұлттық намыста өмір сүруге бейімделеді.

Осы аталған біліммен егіз тәрбиені көркем шығарма арқылы игертуде мұғалім мына талаптардан шыға білуі тиіс:

- ұлттық тарихы мен әдебиетін өтілетін тақырыбына сай толық меңгеруі;
- оқыту үрдісінде туындының ұлттық маңыздылығын көркем тілде шеберлікпен аша білу;
- өзге пәнмен тығыз байланыста болу;
- тиімді көрнекіліктер, түрлі әдістермен оқушы назарын қызығушылықпен көркем туындыға бейімдеу;
- өзіндік шеберлігімен оқушыны алға жетелеу, т. б.

Сонымен қатар, ұлттық тәрбиені мектеп тәрбие процесіне де кеңінен пайдаланып, тәрбие ісіне арқау ету борышымыз.

Қазақстанның ХХІ ғасырда өркениетті әлемнен орын алып, дамыған елдер деңгейіне жетуіне ықпал етер бірден-бір құдірет – білім және білімді азамат. Қазіргі кезеңде көп ұлттың мемлекетіміздің алдында тұрған ұлы міндет, біріншіден, біртұтас білім кеңестігін қалыптастыру болса, екіншіден, көркем шығарманы пайдалана отырып ұлттық тәрбие беруде жеткіншектерге қазақ тілі мен әдебиеті, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт-дәстүрін меңгерту – тарихи қажеттілік.

Әр халық өзінің жас ұрпағын қайырымды, адал, әділ болып өссін деп армандайды. Ол үшін ғасыр бойы қолданып, сұрыпталып, өмір тәжірибесінен сыннан өткен салт-дәстүрді, педагогикалық әдіс-тәсілдерді пайдаланып келеді.

Ана тілін оқушыларға білім беру ісін өмір тәжірибесімен байланыстыру, оқыту мен тәрбие жұмыстарында өзара бірлікте жүргізу, оқушыларды өздігінен ізденуге, білім алуға үйрету – бүгінгі күнгі сұраныстардың бірі. Әдеби білім мазмұнын негізінен көркем шығарма құрайды.

Жалпы баланың адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына кітап оқудың рөлі, маңызы бар екені белгілі. Кез келген көркем шығарма балаға өмірдің белгілі бір қырын танытатыны дәлелденуде.

Оқулықтарда адамгершілікке байланысты туындылар өте көп. Орта буын оқушылары кітап оқығанда ондағы кейіпкерлердің адамгершілік іс-әрекеттеріне қызығатын, еліктейтін болады. Олар кейіпкерлердің мінез-құлқына өзіндік баға бере алады. Адамгершілік ұғымдарды жинақтаудың және аса маңыздысы – балалардың жеке басының ой елігінен өткізіп ұғынуы.

Кітап оқу және оқығанды талдау өз іс-әрекеттері мен өз ойларын түсінуге және оларды қайта бастан кешіруге, тәжірибесінде қалай болғанын білуге көмектеседі. Сабақ үстінде белгілі бір көркем туындыны оқытуда мұғалімге дидактикалық міндеттермен бірге тәрбиелік міндеттерді шешуге тура келеді. Қазіргі кездегі оқулықтардың тәрбиелік рөлі күшейе түсуде. Көркем шығарманың

өзіндік ерекшеліктері мен сыры бар. Көркем өнердің бір саласы болып табылатын оның құралы, сөз өнері. Әр сөзде өмір шындығы жатыр.

Көркем шығарма оқушыларды адамгершілікке, парасаттылыққа баулиды. Өзін-өзін танытуға жәрдемдеседі.

Халқымыздың ғасырлар бойғы жасаған рухани мәдениетті-көркем әдебиеттің жекелеген озық үлгілермен таныстырып, осы негізде шәкірттердің адамгершілік эстетикалық мұраттарын, көркем талғамын қалыптастыруды мақсат етеді. Құбылысқа баға беру мен қоса өмірді танудың ерекше құралы- ана тіліне сүйіспеншілігін оятып, одан эстетикалық ләззат ала білуге, логикалық және образдық ойын дамытуға баулиды.

Жалпы білім беретін мектептерде жаңа оқулықтар пайдаланылуда. Оқулықтың қай тарауы болса да мектептегі оқу-тәрбие жұмысына қойылатын талап-тілектермен ұштасып жатады.

Көркем шығарманы оқығанда, оқушылардың қабілетін оятып, ой-өрістерін дамыту, білімдерін өз бетімен толықтыру, оларды іс жүзіне қолдана білу икемділігін қалыптастыру, өзін-өзі басқаруға, ішкі рухани жандүниесін, ойын реттеп отыруға, білімді ыждағаттықпен игеруге қабілеттігі жететіндігіне оқушылардың сенімін арттырып, көркем шығарманы оқуға ынталанып, кітап оқуға бейімделеді.

Көркем шығарма оқушының әдеби талғамдарының ұшқырлай түсуіне, өз бетімен кітапты пайдалана білуіне, сөздік қорларының молаюына ерекше септігін тигізеді.

Баланы шығармалардағы кейіпкерлер тағдырына ортақтастыра білудің тәрбиелік мәні өлшеусіз. Өйткені шәкірт көркем туындыдағы кейіпкермен бірге қайғырып, бірге мұнданып, бірге армандап, бірге кектеніп, бірге қуанса, ол оның жанына жақсы әсер етеді, ізгілік пен ерсілікті, жамандық пен жақсылықты, жауыздық пен қатыгездік айырмашылықтарын түсінеді.

Оқушылардың өзіндік ойлау әрекетін қалыптастыру оқу-тәрбие үрдісінде маңызды психологиялық-педагогикалық міндеттердің бірі болып саналады. Мұғалім тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен қалыптастырумен ғана шектелмейді, сонымен қатар оқушының жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету, ішкі жан сезімімен түсіне білу сияқты басқа да танымдық психикалық қасиеттерінің жан-жақты үйлесімді дамуына бағыт береді.

Көркем шығарманы оқыту ерекше. Бірде-бір адам керек деген ақпаратты түгелдей есте сақтай алмасы белгілі. Сондықтан оқушы көркем шығарманы оқығанда өз бетінше жұмыс істеуге бейімдеуге ықпал жасау қажет. Оқушының жас ерекшелігін, қабілетін ескеріп, шағын көркем мәтіндерді бере отыра, кітап оқуға деген қызығушылықтарын артыру қажет.

Күнделікті педагогикалық тәжірибеде ана тілі пәнінің мұғалімдері оқушылардың ақыл-ойын дамытатын мәтіндерді молынан пайдалана алады. Мәселен, мұғалім оқушыларға мәтінді оқытып шыққан соң, оның мазмұнына орай қосымша сұрақтар береді: кім? қайда? қашан? және басқа сауалдар беру арқылы мұғалім оқушылардың оқыған, оқымағанын, түсінген, түсінбегенін тексереді.

Жұмыстың бұл сатысы, әрине, қажет, өйткені мәтін мазмұнын тереңірек талқылауға мүмкіндік береді, бірақ ойлауды дамыту тұрғысынан алғанда оның маңызы өте төмен. Тек неге? Қалайша? Бұл туралы сен не ойлайсың? Не себептен олай болуы мүмкін?-деген сауалдар арқылы оқушының ойын жетілдіре түседі. Себебі бұл сауалдарға мәтінде дайын жауап жоқ және оқушыға ойын өз бетінше айтуға, көзқарасының дұрыстығын дәлелдеуге тура келеді. Оқу барысында қайсысы дұрыс, қайсысы қате екенін тап деген тапсырмалар беріледі. Шындығында бұл оқушылардың ақыл-ой белсенділігін дамытуға сай келе бермейді, оқушы шешімінің дұрыстығын мәтіннен салыстырып алады да, артынша еш қиындықсыз оның дұрыстығын дәлелдейді немесе оның қатесін түзейді. Бұл жағдайда, негізінен, ойлаудан гөрі зер салу белсендірек болып келеді.

Тапсырманы орындау барысында берілген ақпаратты талдауға, мазмұнның ішіндегі ең елеусіз қатені ашуға, керекті дәлелдерді іздеуге, тек мәтіннің ішінен ғана іздемей, өз білгенін байланыстыра айтуға ойластырылып құрылған тапсырмалар ғана оқушының ойлау дәрежесін жоғары нәтижеге жеткізеді.

Оқу тапсырмаларының ішінде шығармашылықты дамытатын жұмыстың бірі көркем мәтінді «өз сөзімен түсіндіріп айту» кезінде оқушыға шығарманың мазмұнын өз бетінше айтуға тура келеді. (менің ойымша..., менің пікірім бойынша..., менің түсінігім бойынша, мен солай деп ойлаймын..., егер мен сондай болсам және т.б.).

Оқушы өзінің шамасына қарай оқығанын себебін, кейіпкердің іс-әрекеті мен қасиетін айтып беруге күш салады. Көркем шығарма оқушының ұзақ сөйлеуге дағдылануы мен шеберлігін ұштап қана қоймайды, сонымен бірге өзіндік еңбек сіңіруге тұрарлықтай көзқарасты қалыптастырады.

Әңгіменің соңын өз бетінше өзгертіп аяқтау туралы тапсырманы (Мысалы: «Әңгіменің мазмұнын баяндағанда кейіпкердің атынан соңын өзгертіп, қайғылы (көңілді) үлгі боларлық аяқта») орнымен пайдаланудың өте үлкен мәні бар. Мұндай тапсырма жан-жақты талдауды, әңгіменің мазмұнына терең мән беріп, кейіпкердің жағымды, жағымсыз бейнесін адамгершілік қасиеттерін айтып беруді қажет етеді.

Осы қасиеттерді ескере отырып әр оқушының ана тілі сабағында көркем шығармаға деген қызығушылығын арттыруға жағдай жасау керек.

Кейде оқушы өзін қызықтырған нәрсені айтамын деп тапсырманың мақсатты

шегінен шығып кетеді, мәтінді түсінгенін жеткізуге талпынады. Мұғалім оқушының бұл әрекетін барынша қолдаған жөн.

Бірақ тәжірибеде бұл жағдай жиі кездесе бермейді. Мұғалім оқушыларды қызықтырумен бірге оларды көркем шығарманы көркемдік талғаммен қабылдауға бағыттайды. Көркем шығарма адамгершілікке тәрбиелеудің негізі десек, шығармадан немесе үзінділер бергенде мына қағидаларды басшылыққа алу қажет:

- шығарманың жанрлық, композициялық тұтастығы;
- ұлттық қазына, ұлттық таным, ұлттық рухани сананы қалыптастыру;
- білімді ізгілендіру;
- оқушыдан көркем шығарманың кейбір ерекшеліктері, жалпы ерекшеліктері, жазушының стилі туралы түсініктер беру.

Әр пәннің өзіндік ерекшеліктері бар, бірақ әдебиет пәнінің, ана тілі пәнінің мұғалімдері «тәрбие негізі – сөз қуатында» екенін естен шығармауы керек.

Кез келген көркем шығарма тақырыбы, идеясы анықталып алынған соң негізгі кейіпкері кім, оның сыртқы келбеті қалай берілген, дүниетанымы, жан дүниесі қалай ашылған екендігін оқушыға айтқызу белгілі. Бала бойына жұғатын кейбір жақсы адамгершілік қасиеттер көркем шығарма арқылы келеді. Сондықтан әдеби шығармаларды өту жалаң емес, кейде этика, эстетика, мораль тақырыбына арналған әңгімелермен сабақтасып жатады. Шығарманың шындығын өмір шындығымен байланысын терең түсіндіру – оқушыны көркем шығарманы түсінуге дайындау жолындағы белді саты.

Әрбір шығарманың өзінен ұғым, нәр, ләззат ала білмеген оқушының жан дүниесі ойдағыдай өсіп жетілмейді. Әрбір оқушы жанында көркем шығарманы қызығып оқитын ынта туса, бұл – білімнің, тәрбиенің басы.

Көркем шығарманың мақсаты адам образын бар қасиетімен: әуелі ақыл-санасымен, екінші, пенделік сезім-түйсігімен, содан кейін қабілет-дарынымен, күш-қуатымен жасау. Әр халықтың тұрмыс-тіршілігі шешуші фактор болып табылатын болса, онда қазақ халқының өркендеуінің өз өзгешелігі барын айтуымыз керек.

Әдебиет

1. Назарбаев Н. *Тарих толқынында* – Алматы: Жазушы, 1990. – 439 б.
2. Әуезов М. *Әдебиет тарихы*. – Алматы, 1982. – 198 б.
3. Ғабдуллин М. *Қазақ халқының ауыз әдебиеті*. – Алматы: Санат, 1996. – 368 б.
4. Қоңыратбаев Т. *Қазақ фольклорының тарихы*. – Алматы, 1991. – 89 б.

ӨОЖ 81 = 512.122

ТІЛДІК ӘЛЕМДЕГІ (ТІЛДІК) ӨЗГЕРІС

Ы.Б. Шақаман

В статье рассматриваются поэтапные изменения в казахской языковой картине мира и их обоснование, а также изменения некоторых казахских концептов, происходящих под влиянием других культур и международных отношений. Также в статье показывается влияние языковых изменений на развитие языка и устанавливается их связь с общественными процессами. Вместе с тем автор обосновывает положение о том, что помимо социально-исторических, научно-технических процессов на развитие языковой системы могут влиять и другие внутренние и внешние факторы.



The article reveals gradational changes in Kazakh linguistic worldview and its basis and also the changes of some Kazakh concepts which happen under the influence of other cultures and international relations. The article also shows the influence of linguistic changes on the process of language development and sets the ties with public processes. The author grounds the statement that except for social-historical, scientific-technical processes' impact of the language system there are other inner and outer factors.

Қазақ еліндегі қазақ тілінің қазіргі деңгейге жетіп қалыптасуы көп кезеңді өткізуді қажет етті. Қазақ тілінің тіпті кейінгі екі кезеңдік дамуын (Кеңес дәуірі мен Тәуелсіздік дәуірі кезеңі) алып қарағанның өзінде әдеби жазба тілі мен қарым-қатынас тілінде, тіпті ғылым тілінде де өзгеріс барын кімде-кім болсын аңғарары хақ.

Тілдік өзгеріс – тілдік дамуға тән қоғамдық белгі. Алайда тілдік өзгерістің болуы қоғамның, ортаның тарихи өзгерісіне, қоғамдағы ғылым мен техниканың дамуына ғана қатысты емес. Тіл өзінің ішкі құрылымдық негізі, өзегі жағынан да өзгеріске түсіп жатады. Белгілі бір жағдайда тілдік құрылыстың өзгерісі тілдік жүйенің (ғылыми, тіл білімдік жүйенің) өзінің немесе кейбір бөліктерінің жеткілікті дамымауына байланысты болып келсе, енді бірде қолданыста қатар қызмет ететін екі тілдің бірінің екіншісіне әсерінен болып жатады. (Бұған мысал ретінде Қазақ еліндегі қазақ тілі мен орыс тілінің қолданыстық қызметінің, мәдениетінің қатар жүруін айта аламыз). Сонда тілдің құрылымдық өзгерісіне екі тілдегі біреуінің қоғам қажеттілігінің өтеуін жүргізуі, екіншісінің ұлт белгісі ретінде

көрініс табуы әсер етеді. Кез келген тілдің даму жағдайында оған әсер беретін, ықпал жасайтын деректер іштей өзара байланыста болады. Бірақ тілдік өзгеріс жасауға әсер ететін қандай себеп дерек болса да, тіл өзінің ең басты міндетін – қарым-қатынас құралы болу қызметін – еш өзгертпейді. Осы қызметімен кез келген өзгеріске қарсы тұрады. Өйткені қандай да тілдік өзгеріс ең алдымен сөйлеу әрекеті кезінде туады.

Тіл екі жақты. Тілдің тұрақтылығы мен жылжымалылығы, тұрақтылығы мен өзгермелілігі, тұрақтылығы мен дамымалылығы оның осы екі жақты тұтастығын көрсетіп, жүйелі дамымалы құрылым екенін білдіреді. Бұның бәрі тілдің қоғамдағы орнымен байланысты. Мәдениет пен ғылымның, техниканың жетіліп дамуына қарай тіл шартты түрде «қайта жаратылып», жаңа өмірге «ыңғайланып отыруы тиіс». Сөйте тұра тілдегі қайта жасалымдар қоғамдық ортаның (қай кезең өкіліне болсын, түрлі әлеуметтік жағдайдағы өкілге болсын) өзара түсінісуіне қиындық тудырмауы тиіс.

Сондықтан да тілдің дамуы екі жақты үрдістің (тенденцияның) қарама-қайшылығымен жүріп отырады: 1) өмір сүріп отырған тілдің жүйенің сақталуы мен тұрақтылығы; 2) сол тілдік жүйенің бейімделуі, қайта жасалуы (өзгеруі) мен жетілуі.

Негізінен алғанда, тіл өзгерісі қарым-қатынастың қажеттілік өзгерісіне, халықаралық экономикалық байланысқа да тәуелді. Ал, жалпы алғанда, тіл өзінің тура мақсаттық бағытын, қызметтік міндетін атқаруы үшін өзгеріп, дамып отырады. Бұдан тыс тіл өзінің негізгі міндетінен басқа жанама қызметін де өтейді. Белгілі бір тілдік амалдар көңіл-күйлік, эстетикалық қызметті де атқаратыны белгілі. Бұл амалдардың өздері де кезеңдік дәуірге қарай өзгеріске ұшырап, дамып, жетіліп отыруы тиіс. Дегенмен, тілдік өзгерістің болуын оның үнемі және шексіз түрде жетілуімен, қайта жасалуымен тығыз байланысты екені ескерілуі керек.

Тілдегі қайта жасалымдар кезеңдік дамуға тәуелді болумен қатар, екі тілдің қатар өмір сүруімен де шектесіп жатады. Осыдан жалпы тілде қалыптасқан **концепт (жалпы өзек ұғым)** жекеленіп немесе жеке бір тілдегі концепт екінші тілге де ауысып отыру үдерісі байқалады. Нәтижесінде бір тілде жоқ ұғым екінші тілге кірме концепт арқылы қалыптасып, тілдік кірме жасалым туындайды. Басқаша түсіндірсек, синхрониялық тілдік жасалымдар үнемі даму үстінде болатындығын, одан біртіндеп диахрониялық жасалымдар қалыптасатындығын көрсетеді. Ендеше, синхрония өзінің тұрақтылығымен дамулық үдерісте болса, диахрония дамымалылығымен өзінің тұрақтылығын түсіндіреді.

Тілдік өзгерісте, тілдік жасалымда синхрониялық сипат беруде диахрониялық талдау қажеттілігі туындаса, диахрониялық сипаттама жасауда синхрониялық талдауды негізге алу мәселесі ескеріледі. Осындай тілдік талдау беруде ғана, яғни

синхрондық талдауда диахронияны қолдану қағидасында ғана (немесе керісінше) ішкі тілдік өзгерістерді, тілдік сыртқы әсерлерді, т.б. айқындауға болады. Кез келген тілдік өзгеріс алғашқы тілдік синхронға тәуелді.

Қазақ тілі ғылымына қатысты танымдық лингвистикада концепт мәселесі туралы сөз қозғауда осы екі жақты талдау негізге алынғанда ғана тілдік жасалымның өзегін тануға мүмкіндік туады.

Қазақ тілі жеке дара ұлт тілі болып өмір сүрумен бірге ғасыр бойы орыс тілін қатар қолдануға мәжбүр. Бұған тарихи жағдайлар мен халықаралық қатынастың, геоландшафттық шарттылықтарды, саяси өзгерістерді, басқа да тәуелділік әсерлерді айтып жату артық болар. Мәселе – сол жағдайлардың әсерінен болып жататын, қазақ тіліндегі концептілердің негізінде қалыптасып жасалған тілдің лингвистикалық тұрғыдан да өзгеріске ұшырауын дәлелдеп ашуда; тілдегі концептілердің де өзгеріске түсуін айқындауда; тұрақты концептіден аралас концептінің пайда болуын, одан тілдік өзгеріс болатынын белгілеуде.

Тіл ғылымында қандай кезеңде болсын тілдік өзгерістің болуы мәселесі түрлі бағытта зерттеліп қаралды. Дегенмен, дәуірлік тілдік өзгерістің, дәуірлік тілдік жаңа жасалымның болуында назарға алынатын мынадай мәселелер алда болуы тиіс:


1) Тілдік өзгерістің жалпы шарттылық мәселесі; яғни тілдік өзгерістің болуында шарттылықтың орын алуы;

2) тілдік өзгерістің қисындылығы (логикалық мәселе);


3) тілдік өзгерістің тарихилық мәселесі.

1) 1-мәседегі тілдік өзгерістегі шарттылық дегеніміз – тіл өзінің қолданыс барысында, сөйлеу әрекетінде-ақ заман ағымына қарай өзгеріп отыратындығы. Өйткені сөйлеу тілі, сөйлеу барысының өзі – шығармашылық үдеріс. Тілдегі бардың қайта қопарылып жасалуы тілдің дамымалылығын түсіндіретін диахронияның синхрониямен байланыстылығын көрсетеді. Жалпы тілдік өзгеріс деген ұғымды қолдануда оның уақытқа қатыстылығы сөз етіледі, ал уақыт қатыстылығына қарай тілде жаңа жасалымдардың болуы тілдік өзгеріс болып табылады. Мұндай жағдайда бір бірліктің орнына жаңа пайда болған бірлік қолданыс табады. Мысалы, тілімізде **нысана** – **нысан** бірліктері қазіргі дәуірлік тілімізде қатар қолданыс тауып жүр, бірақ осы екі сөздің алғашқы **нысана** сөзі синхронды түрде қолданылып келе жатқан сөз, әуелден бергі мағынасы – қандай да бір атылуға арналған заттың жалпылық ұғымдағы атауы; мергендердің қолданылатын сөзі, орыс тілінде сәйкесетін сөзі – **«мишень»**. Қазір бұл сөз (**нысана**) дәуірлік өзгеріске (диахрониялық даму нәтижесінде) түсуіне қарай және кірме концепт (ұғым) арқылы тілдік өзгеріске, оның ішінде тұлғалық өзгеруге ұшырап, **«нысан»** болып қолданылады. Сондай-ақ бұл сөздің ұғымдық мағынасы да кеңейді, басқа

тілмен айтсақ, полисемияланды, олай болса, мағыналық өзгеріске де түсті. Сонымен **Нысана** – көзделетін зат – сөзінен үш түсінік пайда болды:



Сондай-ақ бұл сөздің омонимдік қызметке де ауысуы бар:



Нысана сөзінің қолданыстық ерекшелігінен оның сыртқы тұлғасы мен ұғымдық, мағыналық өзгерісі синхронды сөздердің тұрақтылығымен қатар дамымалылығын танытады. Бұл сөздің мағынасы кеңейді де, тарылды да, қала берді, фонетикалық өзгеріске ұшырады; сөз соңындағы дыбыс (**а**) түсірілді, бұл, тілдік ғылыммен түсіндірсек, **ықшамдалу құбылысы** немесе **апокопа** болып табылады. Дыбыс туралы ілімде апокопа мәселесі кірме сөздерге қатысты болатындығы айтылады. Мысалы, араб тілінен енген сөздер *тахт* – *тақ*; араб тілінен енген *бахт* – *бақ* болып қолданылып жүргені аян. **Нысана** сөзі болса, өзінің пайда болған кезінен бергі дыбыстық қолданысында бола тұра, екінші тілдің (орыс тілінің) бірге қолдануынан, ондағы **объект**, **вариант** сөздерінің ұғымдық әсерінен, яғни басқа ұлттық концепт арқылы тілдік құбылысқа түсіп, жаңа концептіге, ұғымға сай апокопа жолымен туынды сөз болып жасалды. Қолданыстық әсерден дыбыстық ықшамдалу үдерісі жүріп, бұл сөздің мағынасы да өзгерді. Мағынасының кеңеюінен көпмағыналылық туындаса, тарылуынан омоним сөздер жасалды: **Нысан**. Сонымен, бұл дәуірлік өзгерістің, бір жағынан, шетел концептісінің (**Объект** концептісі) әсерінен туындаған жаңа жасалым болып табылады.

Алайда **нысана** сөзі тілдік айтылымнан біржола шығып қалған жоқ, **нысан** сөзімен нұсқалас болып қолданыла береді. Орыс тіліндегі **мишень** сөзі өзінің тура мағынасын сақтаған, ол **объект** сөзімен деңгейлес болып қолданылмайды. Ендеше **нысана** сөзін **мишень** сөзінің аудармасы деп алғашқы ұғымымен, мағынасымен қабылдап, қолданамыз. Осылайша тілдік өзгеріс үдерісі тілдік орын басу үдерісін көрсетеді. Бұл – бір бірліктің орнын екінші басқа бірліктің басуы деген сөз. Алайда мұндайда бірлік жай сырт тұлғасымен ғана емес, толыққанды қызметімен де алдыңғы бірліктің орнын алып, ығыстырып шығарады. Нақтылай келгенде, **Нысана** – **Мишень**; **Нысан** – **объект**; **Нысан (түр)** – **форма**, **Нысан (нұсқа)** – **Вариант**.

Талданған мәселеде дәуірлік өзгеріс, кірме концептілікті ғана емес, тілдік шектесімді де (интеграция) тануға болады. Тілдік шектесім аталған екі сөздің орыс тілінің концептілік тұрғысындағы қатысынан ғана емес, орыс тілі сөздерін қолданудан көрініс табады. **Объект, вариант, форма** сөздерінің қазақ тілінде қолданыс табуынан бұл сөздердің аудармасын жасау қажеттілігі туындады, **нысана** сөзі бірде осы тұлғасында, бірде **нысан** тұлғасында айтылып, ақыры соңғы тұлға тұрақталды. Ендеше интеграциялық әсерден сөздердің тұлғалық, мағыналық, әдебиеттік, ғылымилық белгілері жинақталып, синхрониялық-диахрониялық байланыста жаңа тілдік жасалымдар пайда болатынына көз жеткізуге болады. Сөйтіп, **Нысана** сөзі 1) тұлғалық өзгеріс, 2) интеграциялық, 3) жаңа жасалымдық бағытта дамып, өзгерді. Белгілі бір жағдайда екі сөз қатар қолданылуы да әбден мүмкін. Қазақ тілі ұғымы сөздері бір жағынан, орыс тілі арқылы, екінші жағынан орыс тілімен енген басқа шетел сөздер арқылы әуелгі ұлттық сөздерін «омонимдендіруге», «полисемияландыруға», тіпті орынсыз сөз қорын «молайтуға» мәжбүр болып отырады. Әйтпесе, мәселен, **Нұсқа** сөзі ешқандай да **Нысан** сөзімен қатар айтылмай-ақ, бірден **Вариант** сөзін ауыстыруға (аударуға) мүмкіндігі бар, ұғымдық қызметі толық сәйкеседі.

Сонымен, тілдегі өзгеріс экстрлингвистикалық шарттарға, себептерге байланысты, оның ішінде тілдің өмір сүріп отырған қоғамдық шарттарына, кез келген қарым-қатынастық сипатқа, белгілі бір жағдайда жеке тұлғалық әлемге (психологиялық сипатқа), әлеуметтік-экономикалық, саяси сипатқа тәуелді болып келеді.

2) **Тілдік өзгерістің қисындылығы (логикалылығы)** тілде тарихилық әсердің, шарттылықтардың мәжбүрлеуінен, тілдік қажеттіліктен туындайтын жаңа жасалымдардың орындылығын түсіндіреді. Жоғарыда талданған мәселеде белгілі бір аяда логикаға лайық жасалым туындады деп айтуға болады. Адам өзінің тілдік қажеттілігін өтеу үшін ғасыр бойы қолданған сөзін халықаралық байланыс, мәдени қатынас нәтижесінен (шарттылық) синхронияның дамулық өзгерісіне түсіріп, сөздік құрамға жаңа бірлік әкелді. Мұндай құбылыс тілдік тұрғыдан қисынды болса да, адам еркінен тыс жүреді, яғни ырықсыз болып отырады. Бұдан **тілдегі қарама-қайшылық теориясы жаңа сөз жасау негізі болады** деген қорытынды туады.

3) **Тілдік өзгерістің тарихилық мәселесі.** Тілдік әлемдегі бірліктердің қолданыстық өзгерісін, табиғатын білуде синхрониялық сипатты танудан басталады. Жоғарыдағы мәселеден тарихилық дамудың синхрондық және диахрондық даму түрлерінің өзара байланысы көрінеді. Бұл тілдік өзгерістің тарихилық мәселесін түсіндіреді.

Тіл ғылымында тілдің дамуын, өзгеруін тарихилық негізден тыс екі түрлі

себептің әсер етуінен деп түсіндіру бар. Ол – тілдік өзгерістің сыртқы әсері мен ішкі әсері.

Әлемнің тілдік бейнесінде ішкі әсерден тілдік өзгерістің болуы. Тілдік өзгерістің болуы ең алдымен адами қоғамдық ортаға, адамның мәдени, рухани өміріне, ғылым мен өндірістің, техниканың дамулық жетістігіне, адамның танымдық өмір сүру қабілетіне байланысты болатыны сөзсіз. Ішкі әсерден болатын тілдік өзгеріс елдің, халықтың тарихилық дамуына тәуелсіз жүріп отырады. Өйткені ішкі өзгеріс ешқандай шектеуге түспейді. Бұл танымдық тіл ғылымы үшін тілдік ішкі өзгерістің «панхроникалық» сипаты деп аталады. Қазақшаласак, адами дамулық сипат деп түсіндіріледі. Мұндай сипат тілде үнемі болады.

Адами ішкі әсердің тілдік өзгеріске қатысты болуы түрліше келеді де, жіктеуге түсе алады:

1. Адамның физиологиялық ерекшелігіне байланысты тілдік әрекет бейімділігінен болатын тілдік өзгеріс. Адам денесі құрылымының, ағзасының биологиялық мүмкіндігі шексіз. Сондықтан адам ағзасы тілдік әрекет жасауға да бейімделіп негізделген. Адам ағзасы тілдік әрекетпен болып жататын физиологиялық барлық ерекшеліктерді таныта алады. Адам ағзасының ерекшелігіне қарай тілдік әрекет арқылы болатын бірнеше тілдік үрдісті (тенденцияны) түсіндіруге болады.

Соның бірі – **дыбыстық айтылымды жеңілдету үрдісі.** Бұл үрдіс жер бетіндегі, әлемдегі барлық тілде тілдік әрекет нәтижесінен болатын қиын /жеңіл дыбыстық айтылымның болатынын сипаттайды. Бір тілдегі дыбыстық айтылым келесі бір тілде белгілі бір дыбыстың қайталануынан немесе дауысты дыбыстардың қатар келуінен, не қысыңқы дыбыстың басым келуінен айтылуға қиын соқса, енді біреуіне оңай болады. Мәселен, қазақ тіліндегі ұ/ү, қ/ғ дыбысының айтылымы үнді-еуропа тілдеріне қиын тисе, неміс тілділер үшін осындай ұқсас дыбыстарының болуынан (қазақ тілінде – ұ/ү, а/ә, неміс тілінде – á/ö, ü. ä), айту жеңілірек тиеді. Француз тілділер ғ дыбысын оңай айта алады. Міне, осындай халықтық, ұлттық ерекшелік адам ағзасының дыбыстық айтылым қабілетінің мүмкіндік мөлшерін көрсетеді.

Сондай-ақ дыбыстық айтылымда қатар келген дауыссыз, не дауысты дыбыстың белгілі бір кезеңдік қолданыстан кейін дыбыстық өзгеріске түсері аян. Мұндайда екі дыбыс жымдасып бір дыбысқа айналады, не бірі екіншісін ығыстырады. Қазақ тілінде дыбыстық өзгерістің болуы өз ұлттық тіл ішінде сирек болып жатады. Мысалы: қазақ тілінің **н, г** дыбыстарының қатар қолданысынан **ң** дыбысы пайда болды. Бұл – дыбыстық айтылымды жеңілдетудің адам физиологиясы қызметінің бір ғана көрінісі. **Әңгіме** сөзінің бастапқы жазылуы **Әңгіме** болуы тиіс. Мұндағы **г** дыбысы **н** дыбысымен әсерлесіп, **н** дыбысын **ң** дыбысына айналдырды және **г** дыбысы естілуіне қарай жазылуда сақталды.

Осы сияқты дыбысты ығыстыру, не дыбыстардың жымдасуы түрлі фонетикалық құрылымды кез келген тілде кездеседі. Бұның бәрі тілдегі дыбыстардың айтылуындағы артикуляциялық қиындықты болдырмауды, жоюды, дыбыстық айтылымды жеңілдетуді дәлелдейді. Айтылымды жеңілдету мақсатынан тілдік әрекеттен ассимиляция, диссимиляция, буын үндестігі құбылысы туындайды. Ғылымда тіл ғылымы, физиология, биология, нейрофизиология тоғысында дыбыстық өзгерістік құбылыстардың болуы **адам ағзасының** тілдік әрекет әсерінен болатын **ерекшелігі** деп түсіндіріледі.

Айтылғаннан тыс ішкі әсерден болатын тілдік өзгерістің басқа да үрдіс түрі бар: **тілдік өзгерістегі түрлі мәннің түрлі тұлғамен айтылу үрдісі** (тілдегі омонимдік ерекшеліктен алшақтауды сипаттайды; омонимдік құбылыстан алшақтау үрдісі тілдің грамматикалық құрылысында да, сөздердің тұлғалық бейнесінде де ұшырасады); **тілдік өзгерістегі бірдей мәндегі, не мәндес сөздердің бір тұлғамен айтылу үрдісі** (бұл да – әлемдегі бар тілде болатын ерекшелік; мұнда мағыналары бірдей, сырт тұлғасы өзгеше бірліктерді бірыңғайлау және тұлғалары түрліше, қызметі мен мәні аздап ұқсас келетін бірліктерді бірыңғайлау үдерісі жүреді); **тілдік өзгеріс арқылы болған морфемаларды нақты ажырату үрдісі** (негіз бен қосымшаның дыбыстық өзгеріс әсерінен тұтасуын ажырату сипаты назарға алынады; мысалы: *сосын – со-дан соң//со-нан соң – сол-дан соң – сонсоң – сосын*).

Тілдік бірліктерді (құралдарды) үнемдеу үрдісі. Бұл үрдіс тілдік өзгеріс жасайтын ең қарымды үрдіс болып табылады, кез келген тілде кездесіп, қағида түрі болып қалыптасты.

Тілдегі әрбір қолданылатын бірлік (құрал) өзінің нақты қызметін өтейді. Тіпті қандай да бір тіл бірлігі өзінің нақты қызметін ғана емес, грамматикалық құрылымның ішінде қосымша да қызметін көрсете алады. Мұндай мүмкіндік қай тілде болсын бар. Бірнеше мағынаның немесе бірнеше қызметтің бір ғана тұлғамен берілуі – тілде белгілі бір тәртіппен, жүйемен әуелден қалыптасқан үдеріс, құбылыс. Егер бірнеше мағына, бірнеше грамматикалық қызмет түрліше әрі бірнеше тұлғамен берілсе, тіл құрылымының жүйесін түсіндіру мүмкін болмас еді әрі шым-шытырық күйге түсер еді.

Адамның физиологиялық тілдік бейімділігі сөйлеудің құралдарын, бірліктерін, бөлшектерін қолданыста шектен асырмауды көздейді. Сондықтан тілде орынсыз қолданыстық тілдік құралдарды пайдалануға қарсы тұрады. Осыдан тілде қарым-қатынас үшін, байланыс үшін тілдік бірліктерді, құралдарды нақты жүйелі әрі үнемді пайдалану сөйлеу еркінен тыс, ырықсыз, өзінен өзі жүзеге асып отырады.

Тілдегі сөздер, сөздік құрам ешқашан тілдік дыбыс санымен сәйкеспейді.

Тілдік дыбыстың сөз жасаудағы қолданыстық қызметін зерттеп қарастыру мәселесі ешқашан қолға алынған емес, сондай-ақ ол мүмкін де емес болар. Себебі тілдік дыбысты зерттеушілер, фонологтар, тілдік дыбыстың өзін қарастырғанмен, оның дыбысталуын, қолданыстық қызметін, оның пайда болу тарихын, шығу тегін қарастырған емес деп түсіндіреді ғалымдар.

Тілдік дыбыстың жалпы қолданыстық ерекшелігін, сөз жасаудағы қызметі мен қолданыс жиілігін зерттеп қарастыру сөздердің жасалу негізін, себебін, уәжін, сөздің мағынасы мен қолданысын, әлемнің тілдік бейнесі мен жалпы сөз әлемінің бейнесін ашуға, тануға мүмкіндік береді. Бұл орайда үнем қағидасының маңызын да білуге болады. Кейбір тілдерде үнем қағидасы негізінде бір тұлғадағы (бір дыбыстық айтылымдағы) сөздердің жасалуы екпін қызметімен шешіледі. Бұл жағдайдағы үнем қағидасының қызметі бір дыбыстың екі түрлі айтылымдық қолданысы арқылы екі ұғым беру қызметімен көрінеді: орыс тілінде – *замок* – *замок*; қазақ тілінде – *бөлме* – *бөлме́*.

Қазақ тілінде дыбыстық тұрғыдан үнем қағидасының қызметін, көрінісін жуан, жіңішке дауысты дыбыстардың қолданысымен де тануға болады. Тілімізде жіңішкелік белгісін – жіңішке дауыстылар, айыру белгісін жуан дыбыстар атқарады. Сондықтан кірме сөздердегі «ъ» (айыру белгісі), «ь» (жіңішкелік белгісі) таңбалары қазақ тілінің төл сөздерінде қолданылмай, бұлардың орнын, қызметін жуан дауысты дыбыс пен жіңішке дауысты дыбыс атқарады: *роль* – *рөл*, *ноль* – *нөл*, т. б. Қазақ тілінде жуан/жіңішке дауыстылар жоғарыдағы екі белгінің орнына жүреді, сондықтан кірме сөздер де соған икемделіп айтылып, жазылады.

Тілдегі сөйлеу бірлігінің артық қолданысын шектеу үрдісі. Сөйлеуде ойды жеткізуде шамадан тыс грамматикалық бірліктерді қолдану жиі кездеседі. Бұл жағдай қай тілде болсын бар. Мысалы: *мен үйге қайтамын* деген қолданыста жаққа қатыстылық қызметі екі түрлі бірлікпен жеткізілген: 1-жақты жекеше түрдегі жіктеу есімдігі (*мен*), 1-жақты жекеше түрдегі жіктік жалғау (*-мын*). «*Мен*» де, «*-мын*» да бір қызметті атқарады. Бұл – олардың тарихи негізінің бір екенін түсіндіреді.

Жапон, қытай, монғол, манчжур, авар, лезгин, бирма, индонезия, т. б. тілдерде жіктік жалғауын қолданбай сөйлейді, бұл грамматикалық бірлік уақыт өте келе өзінен өзі қолданыста шектелген.

Тілдегі ішкі-сыртқы әсерлер (факторлар) ежелден келе жатқан сөздің немесе жаңа жасалған сөздің мазмұнына, қала берді, ұғымына да аса басым ықпалын беруі мүмкін. Бұдан заман ағымына қарай белгілі бір ұлттың тілдік әлемі өз ішінде қозғалыста болып, бір сөздер уақытша жойылып не ұғымы ауысып, тілдік өзгеріс жүріп отырады. Заман ағымында тілдік ішкі әсер емес, сыртқы әсер басым ықпал жасайды.

УДК 371.132

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ
ЫРЫМ –ТҒЫЙЫМДАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ**З.Ш. Шавалиева**

Цель данной статьи в том, чтобы объединить школьное экологическое образование и воспитание с народным воспитанием, в том числе воспитать в ребенке хорошие качества через народные поверья.

Актуальная проблема в развитии человека в нашем веке зависит от экологической среды. Потому что человек и природа – неразделимый натуральный организм. С этой точки зрения, обеспечить развитие человека может биологический фактор «природа» или экологическая среда. Экологическое образование влияет на детей в педагогическом плане.

Коррекция цели эколого-педагогической подготовки будущего учителя требует нового содержания образования. Экологизация содержания преобразования предусматривает не только обогащение учебного материала фактами, понятиями экологической направленности, но, прежде всего, познания учителем картины целостного процесса экологического образования, включающего и знания о целях, процессе формирования экологической культуры, умения диагностики, коррекции, управления процессом экологического обучения и воспитания. Таким образом, система экологического образования в целом должна быть направлена, во-первых, на подготовку профессиональных экологов, во-вторых, на овладение специалистами самых различных областей общей экологической культуры.

The purpose of this article is to combine the school environmental awareness and education to public education, including a foster child through the folk beliefs of good quality.

Current problems is the development of man in this century addicted to ecological environment. Because, man and nature are inseparable natural things. From this point of view, to ensure the development of the human may be biological factor named «nature» or ecological environment.

Correction purposes of ecological and pedagogical preparing of future teachers requires a new curriculum. Greening content of organization not only the enrichment of educational material facts, the concept of environmental focus, but most of all is understanding the whole process of forming of teacher to environmental education, including knowledge of purposes and the process of formation of ecological culture, diagnostic skills, correction, process control and environmental education. From that, the system of ecological education must be directed at first for preparing professional ecologists, the second is having specialists in different systems of ecological culture.



Тәуелсіз Қазақстан Республикасының дамуы стратегиясында көрсетілгендей, жас ұрпаққа экологиялық білім мен тәрбие беруді жетілдіру педагогика ғылымында негізгі міндеттердің бірінен саналады. Ендеше, экологиялық тәрбие жұмысын мектеп жасына дейінгі балалардан бастап жүргізу – бүгінгі күннің өмірлік талабынан, табиғи қажеттіліктен туындап отырған мәселе. Табиғатты қорғауға бағытталған тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастыруда балалардың жас шамасын және олардың психологиялық ерекшеліктерін ескерудің мәні зор. Жас ұрпаққа экологиялық тәрбие беруді барлық тәрбие саласы бойынша кешенді жүргізіп, әрбір жұмыстың нақты мазмұнына сүйене отырып, іске асыру қажет. Бүгінгі таңда табиғат – анаға тізімізді батырып, көкірегін қарумен тілгілеп, қопарыс жасап, ойран салудан табиғат әсемдігінен, үйлесімділігінен айырылды, экологиялық дағдарыс жекелеген ел көлемінен асып, бүкіл әлемдік қасіретке, проблемаға айналып отыр. Табиғат – ананы қорғау – адамзаттың парызы [1].

Экологиялық жұмыстарды ұйымдастырудың қазіргі бағыттары

Экологиялық тәрбиенің мақсат міндеті жас ұрпаққа өзі мекен еткен табиғи ортаның әсемдігін, мөлдірлігін көре, түсіне, сезіне, сүйе білуге үйрету, тұнық ауасын бұзбауға, үйлесімділігін сақтауға, қамқорлықпен, жанашырлықпен, мейрімділікпен, сезімталдықпен, қатынас жасауға тәрбиелеу. Табиғат қазынасын ұқыпты пайдаланып, аялауға, үнемдеп жұмсауға үйрету. Жас ұрпаққа табиғатты қорғау мен байлығын ысырап етпеудің ғылыми негіздерін, басты заңдылықтарын үйрету.

Ол төмендегідей экологиялық міндеттерді жүзеге асырады:

1. Табиғи ортаны сақтау: жануарларға, құстарға, балықтарға қамқорлық жасау, қоректендіру, ұялар жасап, оны орнату.
2. Табиғи ортаны жақсарту: алаңдарды көгалдандыру, бұлақ көздерін ашу, айналасына ағаш егу, көшелерді, аулаларды, айналаны көгалдандыру.
3. Эстетикалық бағалы өңірлерді сақтау.
4. Экологиямен айналысқан ғалымдардың еңбектерін оқып үйрену.
5. Экология тақырыбына кештер, кездесулер, кітап оқушылар конференцияларын өткізу.
6. Экологиялық тақырыпқа дәрістер, әңгімелер, баяндамалар, сұрақ-жауап кештерін өткізу.

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүние танымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру. Қазіргі қоғамның саяси және экономикалық жағдайының өзгеру кезінде, әлеуметтік үлкен өзгерістер байқалуда. Оның өзі қоғамда үлкен проблемаларды тудырады [2]. Мысалы:

1. Қоғамда әлеуметтік жағынан адамдар бай, кедей болып бөлінгені анық байқалуда;

2. Көпшілік жанұялық бірлігінің, түсінушілігінің бұзылуы;

3. Жасөспірімдер арасында қылмыстың, нашақорлықтың өсуі;

4. Жұмыссыздықтың әлі де белең алуы;

5. Діни ұйымдардың көбеюі;

6. Халықаралық экстремизм мен терроризмнің өрлеуі;

7. Өз ана тілін, ұлтының салт-дәстүрін үйренуге ынта-жігердің аздығы.

Қоғамның осы кездегі қалыптасқан келеңсіз жағдайлары тәрбиенің мектепте, жанұяда, қоғамда бүгінгі таңда ерекше орын алатындығын көрсетеді. Осы мәселелерді ескере отырып болашақ егеменді елдің азаматын тәрбиелеуде мынадай мақсат қою керек: дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар – ұжданы мол, еңбекқор, іскер, өзін-өзі сын көзбен қарап дамыта алатын, саяси экономикалық жағынан жетілген, өмірде кездескен қиыншылықтарды шеше білетін бойында игі қасиеттері бар адамдарды тәрбиелеп шығару. Осыған орай оқушыны жан-жақты мәдениетті тұлға етіп қалыптастыру үшін сыныптан және мектептен тыс жұмыстардың жүйелі құрылуына ерекше көңіл бөлген жөн.

Экологиялық жұмыстарды ұйымдастырудың педагогикалық шарттары

Сыныптан тыс экологиялық жұмысының түрлері көп. Қандай формада жүргізуді сынып жетекшісі таңдап алады. Сыныптан тыс экологиялық тәрбие жұмыстарының мектеп баспасөз конференциясы, мектеп радиогазеті, конкурстар тақырыбы, ауызша журналдар, белгілі тақырыпқа әңгіме өткізу сияқты мәселелер жатады. Бұлардың әрқайсысын тақырыбына қарай түрлендіріп отыру жетекшінің шеберлігіне байланысты. Шамамен осындай тақырыптарға үлгі материалдар беріледі және тақырыптық тізімдер көрсетіледі. Материалды тауып, оны жоспарлап алу- әр жетекшінің міндеті.

Сыныптан тыс жүргізілетін экологиялық жұмыстардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бола тұра, бірдей ортақ принциптері де болады:

1. Сыныптан тыс экологиялық жұмыс түрлеріне оқушыларды қатыстыру ерікті түрде іске асырылады. Бұл жұмыстардың қандай түріне қатысқысы келеді, қай түрін қалайтынын оқушы өзі таңдайды. Сыныптан тыс экологиялық жұмыс түрлері мен немесе мектептен тыс мекемелер жұмысымен оқушыларды қамту үшін (анкета тарату, әңгімелесу арқылы, т. б. жолдармен) күн ілгері оқушыларды зерттеп білу қажет.

2. Оқушы қатыстырылған қандай жұмыстың түрі болса да, оның қоғамдық бағыты болу керек. Оқушы өзі қатысып, айналысып жүрген ісінің қоғам үшін, адам өмірі үшін қажет, пайдалы іс екенін білу керек.

3. Сыныптан тыс экологиялық жүргізілетін жұмыс түрін белгілегенде оқушы инициативасына, ұсынысына, құштарлығы мен құмарлығына сүйенген жөн. Бұл принцип әсіресе қазір ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Өйткені қазіргі халық белсенділігін қажетсінетін демократиялық бағыт жас ұрпақтың өсуіне осы талапты ерекше қояды.

Экологиялық тәрбиенің ұлттық тәрбиемен сабақтастығы экологиялық білім мен тәрбиені бала жанына сіңіруде ауыз-әдебиет үлгілерін пайдаланудың да орны ерекше. Мысалы, «Ер – еліне, гүл – жеріне», «Ер – туған жеріне», «Батыр туса – ел ырысы, жаңбыр жауса – жер ырысы», «Қарағайға қарап тал өсер, қырға қарап бала өсер», «Тау бұлағымен көрікті, бұлақ құрағымен көрікті», «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын», «Дәрі шөптен шығады, дана көптен шығады», «Бір тал кессең, он тал ек», т. б. Мұндағы басты насихаттайтын ұстаным:

– Тәрбиенің негізі әдептілік, сондықтан өзінің өмір сүрген ортасында әдептілікті сақтау;

– Кемтар, күші аз жандарға қайырымдылық жасап, қол үшін беруге шақыру;

– Баланы жасынан еңбексүйгіштікке шақырып, еңбекке баулу;

– Әруақытта білімге қызығып, дүниені тануға ұмтылу;

– Қоршаған ортаны, табиғат – ананы сыйлау;

– Қолыңдағы барды ысырапсыз шашпауға, яғни үнемділікке шақыру;

– Елдің қорғаны болып, халқыңа адал қызмет жаса деген сезімді қалыптастыру;

Оқушылардың экологиялық білімі мен мәдениетін қалыптастырудың ең тиімді жолы бастауыш сыныптарда оқылатын «Дүниетану» пәнінің сабақтарын жүйелі де, тиімді де өткізу, т. б. [3].

Ырымдар мен нанымдар – оң және теріс бата, жылан арбау, күн жайлату, ауруды емдеу, кәріжілікті іліп қою, отқа май салу, дуалау, бәдік, алғыс-қарғыс, бақсылық және т. б.

«Білім негізі бастауышта» дегендей бүгінгі өмірге білімді, мықты, отансүйгіш, салауатты өмір салтын сақтайтын, ұйымшыл, жан-жақты өнерлі, басқа ұлттарға дұрыс көзқараспен қарайтын, халықаралық қатынас тілдерін, басқа да тілдер білетін, басқа да халықтың мәдениетін білетін, өз халқының мәдениетін құрметтейтін, жеке тұлғаны қалыптастыру бастауыштан басталады.

Халықтық дәстүрлер, ырым – тыйымдар қазақ халқының рухани мәдениетін қолдауға мүмкіндік береді. Себебі онда балаларды әдемілікке, сұлулыққа, тәрбиелеу ережелері мен нормалары сақталған.

Бүгінгі таңда ұлттық сананың рухани мәдениет пен бірлікте дамып, қалыптасуы өзекті мәселеге айналууда. Бұл мәселелердің жүзеге асуы мұғалімдердің білімі мен кәсіби даярлықтарына да байланысты.

Мектептердегі тәрбие жұмыстарын талдау негізінде мектеп пен отбасы сабақтастығы аясында ғана жүргізілген тәрбие жұмыстарының нәтижелі болатындығын айқын аңғардық. Тәжірибе көрсеткендей, бұл бағыттағы жұмыс формаларын сабақта, сабақтан тыс уақыттардағы шығармашылық жұмыстарда пайдалану арқылы ғана тиімді ұйымдастыруға болады.

Экологиялық тәрбие берудегі ырым – тыйымдардың тәрбиелік мәні

Бүгінгі күнде жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухына сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтық салт-дәстүрлерді аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу – басты міндеттердің бірі.

Табиғатты аялай білуге, қызығушылық пен қабылдауға үйрету материалдың қарапайымнан күрделіге, жеңілден ауырға, жалпыдан жекеге қарай болуын ескерту, эстетикалық талғамын жетілдіру және т. б.), бастауыш сыныпта оқытудың дидактикалық принциптері негізіне алынды. Кіші жас балаларына өзінің туған жері мен оның табиғатына деген көзқарастары туралы терең мазмұнды түсінік беріп, қоршаған ортаға деген аялы көзқарасын қалыптастыру мақсатында біз экологиялық тәрбие беру жұмыстарының мазмұнына қазақ фольклоры жанрларын енгіздік. Өйткені өз тағдырын табиғатпен тамырластыра білген халық қана табиғатқа және оның жекелеген байлықтарына үнемі мейірімділікпен, жанашырлықпен қарауға ұмтылады.

Пән мұғалімдерінің экологиялық жұмыстарды ұйымдастыруы

Экологияның өзі мынадай ұғымды береді: экос-қоғам, табиғат; логос-ілім, ал осы ұғым тылсым дүниенің бір үлгісі болып келетін адам баласының жоғарғы санынан туған қоғам тазалығы, қоршаған дүние тазалығы адамзат экологиясы деп аталады, яғни адам баласының табиғи қалпында дұрыс дамып жетілуі немесе жасанды зияндықтардан шылым, ішімдік, нашакорлық, зиянды уландырудан сақтау, яғни балалық экология, адамзат экологиясы.

Қоғамдық-саяси жағдай, ішкі, сыртқы экономикалық қалып пен қатар тілдердің теңдік дәрежесінің басты шарты – сол тілде сөйлеушілердің әлеуметтік белсенділігін көтеру мәселесі. Қазақ тілінің ғылым мен экономика тіліне айнала алмауының ең негізгі себебі – қазақ тілді ортаның белсенді әрекетінің төмендігінен де болғаны сөзсіз. Ендігі міндет – көптілділік мәселесінде өткенді екшеп, тілдердің

теңдік мәселесін анықтаудың маңызы зор. Бұған дейінгілерден төмендегідей ескерер тұстарды бөлектеп алу қажет.

Тілдерді дамытудың 2001–2010 жж. арналған Бағдарламасы аудармаға көп мән берді. Аталған іс-шаралар мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру үшін жасалғанымен, беделін көп түсіргенін атап өткен жөн. Аударманың жүйесіздігі, терминдердің мағына берудегі мәнінің солғындығы қазақ тілінің негізгі қалпын – көркем-әдеби қалпын бұзды. Тілдің қоғамның өзгерістерге қарай өзгеріп, жаңарып отыратыны да белгілі. Бірақ тілдің ататектік қалпынан ажырауы – тілдік қатынас ортасының шегін де азайтатынын көрсетті.

Бұл тұрғыда аударма көптілділікте басымдықты – сөйлеушісі көп ортаға бейімдейтінін де ескеру қажет. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алған жылдардан бергі қоғамда өз ұстанымын төмендетуі де – аудармамен тығыз байланысты. Жолма-жол аударма, мағыналық аударма, түпнұсқалық аударма т.б. аударманың кез келген түрі бірінші тілді көтеріп, екінші аударылып отырған тілдің беделін ғана түсіріп қоймайды, лексика-грамматикалық сипатын, стилистикалық қалпын, танымдық жүйесін бұзады, бұзды да.

Тіл – кез-келген қоғамды біріктіретін негізгі күш. Мемлекеттің саясаты, идеологиясы, болашағы тілге немесе тілдерге құқықтық мәнімен де өлшенеді. Сондықтан да Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – толерантты ортаны қалыптастыратын тіл ретінде қолданыста болуы заң жүзінде айқындалғанымен, тәжірибеде қолданушылар белсенділігінің төмендігінен мәнін де жоғалтып алғаны анық. Келесі алдағы он жылдар қазақ қоғамының тәуелсіздік алған кезеңіндегі ұрпақтарының, ұлтжандылық, мемлекетшілдік идеясымен өскен ұрпақтың еншісіндегі кезең болғандықтан да, күтер жақсылықтар мол. Бірақ сол бағытты анық белгілейтін ғылыми қалыпқа түскен жүйенің, құқықтық-нормативтік құжаттардың жоқтығы алаңдатады [1].

Тілдік ортаны жасайтын тіл болуы үшін алғашқы тілдік қатынастар – мемлекеттік тілде жасалып, орыс, ағылшын тілдеріне аударылуы керек. Біздегі үйренген оңай тәсіл – ағылшын, орыс тілдерінен алғашқы негізді алып, қазақ тіліне соңынан аударудан бас тарту арқылы тілдер тепе-теңдігінің бір жолы белгіленеді. Кейінгі қабылданған «Білім туралы» Заң ел болашағын әлемдік аспектіде алуымен ерекше болды. Бұл Қазақстанның ішкі, сыртқы экономикалық, географиялық, ұлттық, демографиялық, тарихи, саяси, әлеуметтік сипаттарын толығымен ескере жасалған құжат деп есептеледі.

Бүгінгі білім берудегі қоғам қойып отырған талаптарының бастыларының бірі – көптілділік. Көптілділік кез-келген қоғам үшін, кез-келген формация үшін тұйықтықтан шығудың, интеграцияны негізгі ұстаным етіп алған бағытты айқындайтын жол деп танылған.

Қазақстандағы көптілділік саясатындағы белең алып отырған тағы бір күрделі мәселені атап өткен дұрыс. Бұл – көптілділіктің тілдердің теңдігі дәрежесі сақталмаған тұстағы тілдің ауысуы деп аталатын теориямен байланысы бар екендігі.

Тілдің ауысуы – қоғамның бір тілді қолдануынан екінші тілге өтуі. Тілді ауыстырудың негізгі шарты – қостілділікте болады [2]. Тілдің ауысуының себептері: территориялық даралықтан айырылу, тілдің қолданылу ауқымының тарылуы (қала/ауыл), тілді пайдаланушылардың арасында монолингвтердің (бір тілді ғана пайдаланушылардың) азаюы, жойылуы, сонымен бірге қостілділердің санының көбеюі, миграция, индустрияландыру, демографиялық көрсеткіштер ара салмағының өзгерісі, білім беру саясаты, қоғамдағы бір тілдің негізгі тетіктер тіліне айналуы, т. б. Тілдің ауысуы немесе бір тілдің жоғалуы қазіргі Қазақстандағы қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық, саяси өзгерістердің жоғарыдағы себептер қатарында мемлекеттік тіл – қазақ тілінің жоғалуына алғышарттар жасап отырғанын байқатады. Әлемдік тұтастық, жаһандық бірігу – алғашқы кезекте мәдени, рухани әлемдер қақтығысы екендігін ескерсек, білім беру саясаты арқылы екі мәселенің шешімін табуымыздың қажеттігін айқындайды. Бірі – көптілділік Қазақстан үшін болашақ екпінді өркениетті дамудың негізі екендігін, екіншіден, бұл мәселенің білім беру жүйесі арқылы мемлекеттік мәні бар мәселе ретінде ұлттың таным көкжиегімен сабақтастығын ашады.

Қазақстандағы білім беру жүйесі үшін көптілділікті дамытудың нақты бірнеше бағыттары айқындалуы шарт.

Көптілділікті дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздемесі жасалып, бұл білім алушылар үшін міндетті оқу және танымдық құзыреттілік ретінде белгіленуі тиіс. Білім алушы Қазақстан Республикасындағы білім арудың басты шарты – көптілділік екенін ұғынуы – бірнеше тілді игеруімен шешілсе, танымдық құзыреттілігі – Қазақстандағы негізгі басымдық берілетін мемлекеттік тілді жетік білуімен айқындалуы керек. Бүгінгі Қазақстандағы әлі де тәжірибеде жүрген кезіндегі Кеңестік саясат ықпалымен жасалған жасанды түрінен бас тарту маңызды қадам болмақ. Бір мемлекетте бірнеше тілдің қатар қолданылуы әлемдік тәжірибеде молынан кездеседі. Тіпті туыстас тілдердің қатар қолданылуы да көптеген дамыған елдерде ғасырлар бойы ассимиляцияға ұшырағаны шектеулі деп есептелетіндей қалыпта ғана.

Көптілділік білім беру жүйесіндегі барлық жаңа өзгерістермен, кезеңдермен, сатылармен байланысты алынуы шарт. Біздің осы тұста ерекше назар аударғымыз келетіні – үздіксіз білім берудегі көптілділіктің коммуникативті орта қалыптастырудағы орнын анықтау.

Көптілділікті игеретін ұлттың алдыңғы қатарлы өкілдері. Ұлттың алдыңғы

қатарлы өкілдері білім мен ғылымның нақты түрлерін, қоғам қажет ететін тұстарын игеруге ынталы болары сөзсіз. Тек ынталы ғана болып қана қоймайды, қоғамның қажет, зәру тұстары, ең бастысы ұлтқа керек, мемлекеттің дамуының негізін құрайтын құрылымдардың тетігі де – көптілді өкілдердің еншісінде болады. Білім берудегі көптілді маман ғана жасалып қоймай көптілді тұлға қалыптасуы – тұтас қоғамдық ауқымды мәселелерді шешудің де тетігі. Сондықтан келесі кезеңдегі көптілді ұрпақтың бірінші – негізгі тілі қазақ тілі болуы қажеттігінен ерекше назар аударылуы – ұлт мүддесінің бірқатар түйінді мәселелерін шешері сөзсіз. Білім берудегі ұлтжандылық, мемлекетшілдік құзыреттілігі үздіксіз білім беру жүйесінің жеке тарапты белгісі ретінде емес, көптілділік мәселесімен кешенді алынады.

Көптілділік үздіксіз білім беру жүйесінің басты белгісі болып табылады. Сондықтан да бүгінгі күнгі үш тілді бастауыш сыныптан қатар оқыту идеясы заман талабы дегенімізбен де, оның негізгі тұжырымдамасы анық жасала қойған жоқ.

Бүгінгі үздіксіз білім беру мәселелерінің басты міндеттерінің бірі – көптілді тұлғаны қалыптастыруда заманауи ғылымдардың бар жетістіктерін пайдалана отырып, мемлекетшілдік идеясын жоғары ұстар ұрпақ тәрбиелеу мен оқыту басты міндет болып қала береді.

Әдебиет

1. *Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.* – Астана, 2012. – 75 б.
2. *Тіл білімі сөздігі.* – Алматы: Ғылым: 1998. – 544 б.

ӘОЖ 371.31

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ ЖАҒДАЙЫНДА МҰҒАЛІМ
МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУ**М.А. Кененбаева**

Вхождение в мировое образовательное пространство требует подготовки высококвалифицированных специалистов, владеющих инновационными технологиями. В статье раскрываются возможности внедрения опыта зарубежных педагогов и пути повышения статуса учителя.

The entry in world educational space requires preparation of the highly skilled experts owning new technologies. In clause the opportunities of introduction and use of information technologies in educational process of high school are opened.



Елбасының Қазақстан халқына арнайтын жыл сайынғы дәстүрлі жолдауларының еліміздің білім саласының дамуына тигізетін ықпалының орыны ерекше екенін айтпауға болмайды. Биылғы Жолдауында Н. Назарбаев мемлекетіміздің дамуының алдағы уақыттағы стратегиялық бағыттары туралы айта келіп, оның ішінде білім саласына ерекше тоқталды. Президент білім берудегі қазіргі заманғы әдістерді және технологияларды жетілдірудің қажеттілігіне, педагогикалық шеберлікті жетілдіруге, жаңашыл мұғалімдердің тәжірибелерін кең таратуға, сол арқылы білім берудің сапасын арттыруға баса көңіл бөлді. Елбасының білім беру жүйесін модернизациялау жағдайында мұғалімдердің біліктілігін анықтайтын тәуелсіз жүйені енгізу қажеттігі туралы мәселені көтеруі де және оның нақты істе қолданыла бастауы да жұртшылықтың көкейінен шығып отыр.

Қазіргі заман талабына сай білім беру талабы білім мазмұнын жетілдіру, оқу формалары мен оқыту әдістерінің тиімділігін арттыруда, сапалы білім беруде ең соңғы ақпараттық технологияларды пайдаланудың қажеттілігі артып отыр.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Жедел өзгеріп тұратын әлем және ақпарат легінің ұлғаюы жағдайында іргелі пәндік білім міндетті, бірақ ол білім берудің жеткілікті нысанасы болып табылмайды. Оқитындар қазақстандық білім беру жүйесі бағыт алған білімнің, дағды-біліктің жиынтығын (білім үстемдігін) меңгеріп қана қоймауға тиіс. Оқитындардың өзін барынша көрсете білу және қоғам өміріне пайдалы түрде қатысу үшін (құзыреттілік) ақпаратты өз бетінше та-

бу, талдау, құрылымдау және тиімді пайдалану дағдысын бойына сіңіру әлдеқайда маңызды да күрделі. Қазақстандық білім беру жүйесі оның әлемдік білім беру кеңістігінде лайықты орын алуына мүмкіндік бермейтін ескірген әдіснамалық базасы, құрылымы мен мазмұны жағдайында дамуын жалғастыруда» делінген [1].

Қазақстанның білім беру беру жүйесін дамытып, әлемдік білім кеңістігіне шығамыз десек, дамыған шет елдердің білім беруді модернизациялаудағы жақсы жетістіктерін біз де пайдалана білуіміз керек.

Біздің зерттеулеріміз бойынша Жапонияда білім беруді модернизациялауға қарамастан олар өздерінің тарихи және ұлттық құндылықтарын сақтап, дәстүрлеріне берілген.

Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру өте күрделі. Оған құзыретті және арнайы дайындалған шеберлігі жоғары мұғалімдер ғана қабылданады. Мұнда мұғалім болу мәртебелі жұмыс. Мұғалімдік жұмысқа орналасу қатаң конкурс арқылы алады. Мұғалім болуға үміткер ең алдымен жазбаша емтихан тапсырады, содан кейін тестілеуден өтеді. Одан соң әңгімелесуден өтіп, ең соңында өзінің практикалық біліктілігін демонстрациялайды. Қазақстанда да мұғалім мәртебесін осы дәрежеге көтеруіміз керек.

Жапонияның Білім, ғылым және мәдениет министрлігінің ұйғарымы бойынша орта мектептің соңғы сатысында білімді бағалауда ЖОО жүйесі қолданылады. Бұл дегеніміз 12 жылдық мектепті бітіргендігі туралы куәлік (Kotogakko) алуы үшін әр оқушы ең кемінде 80 сынақ бірлігін (кредит) алуы керек.

Жапонияда математика барлық сыныптарда міндетті пәнге жатады. Мұнда геометрия жеке пән болып оқытылмайды. Оның кейбір элементтері арифметика және алгебра және анализ бастамалары курстарына енгізілген. Геометрия тағы да басқа дамыған мемлекеттерде өз бетімен жеке пән болып қарастырылмайды. Шет елдерде, дамыған мемлекеттер мектептерінде математика бағдарламасында статистика мен ықтималдықтар теориясы ерекше орынға ие. Жапонияда «Статистика» тарауы бастауыш мектептің 1 сыныбынан бастап негізгі тақырып болып оқытылады. Бельгия және Францияның мектептерінің жоғарғы сыныптарында ықтималдықтар теориясы элементтері қатаң түрде математиканың негізі болып беріледі. Ал бізде геометрия негізгі пән болып саналады және геометрияны оқытуда сабақтастық мәселесі шешілмеген. Қазақстанда бастауыш мектеп математикасын оқыту бағдарламасында статистика және ықтималдықтар теориясы элементтерін оқыту қарастырылмайды.

Көптеген дамыған елдердің жалпы білім беретін мектептерінде математикалық білім таңдаған кәсіби біліміне қарай бағыттталып оқытылады. Білім берудің барлық сатысында функционалдық байланыс, математикалық әдісті меңгеру, зерттеу дағдыларын қалыптастыру үлкен орын алады. [2]

Әр мемлекет өзінің даму ерекшелігіне қарай, яғни өзінің әлеуметтік, экологиялық, экономикалық хал ауқатына қарай өз іс-әрекетін жоспарлайды.

Еліміз бәсекелестікке қабілетті болып, әлем білім кеңістігіне ену үшін, біз де дамыған шет елдердің алдыңғы қатарлы тәжірибесінен үлгі алуымыз керек.

Біз ең алдымен А.К. Құсайынов, М.Т. Есеева зерттеулері бойынша Жапон орта мектептерінде оқытуды ұйымдастыру ерекшелігін сипаттауға болады [3]. Мұнда мектеп типологиясы, оқыту ұзақтығы, көлемі, құрылымы және оқу жоспарларының пәндік құрамында ерекшеліктер бар. (Кесте-1).

1-кесте. Жапон мектептерінің құрылымының сипаттамасы, оқу мерзімі және оқыту мазмұны

Құрылымы	Бастауыш мектеп (1–6 сыныптар)	Төменгі орта мектеп (7–9 сыныптар)	Жоғарғы орта мектеп
Оқу ұзақтығы	6 жыл	3 жыл 12–15 жас аралығындағы балалар үшін	3 жыл
Мектептің түрі	жалпы білім беретін	жалпы білім беретін; арнайы (спец) аралас	жалпы білім беретін (академиялық); Кәсіби білім беретін
Апталық жүктеме	24-тен 31 сағатқа дейін	29-дан 32 сағатқа дейін	34-тен 36 сағатқа дейін
Оқу жоспарының құрылымы		міндетті пәндер және таңдауы бойынша пәндер; кәсіби білім және курстар	Екі бағыт үшін міндетті пәндерден және кәсіби пәндер
Міндетті пәндер	жапон тілі, математика, жаратылыстану, қоғамтану, мораль, саз, дене тәрбиесі, үй шаруасы, сурет, өмір тәжірибесі	жапон тілі, ағылшын тілі, математика, жаратылыстану, қоғамтану, мораль, саз искусствосы, дене тәрбиесі, үй шаруасы	жапон тілі, математика, жаратылыс тану, шет тілі, қоғам тану, тарих/география, мораль, саз, эстетика, дене тәрбиесі, үй шаруасы

Тұрақты қоғам даму шартына қарай Жапонияда қазіргі мектептерде білім беруді дамытудың тенденциясын келесі кестеде сипаттаймыз [3].

Біз осы тенденция сипаттамасын талдай келе Жапонияда білім беруді дамыту тенденциясында негізгі мәселе оқушылардың математикалық ойлауларын дамыту және әр пәннің өз ерекшелігіне қарай ұлттық құндылықтарды жоғалтпау негізгі мәселе екендігін байқай аламыз. Жапонияда білім беруді өзіміздің Қазақстанда білім берумен салыстыра келе, жапонның жалпы орта білім беру жүйесінен қазақстандық білім беру жүйесінің мына сипатта айырмашылықтары бар:

2-кесте. Жапонияда қазіргі мектептерде білім беруді дамытудың тенденциясы сипаты

Тенденциялар	Сипаттаушы белгілері
Білім беруді интеграциялау	<ul style="list-style-type: none"> – батыстағы білім беру моделі элементтерін қолдану; – мәдениет бойынша өзара іс-әрекет масштабын кеңейту; – ХХІ ғ. білім беуді жаңаша ұйымдастыру; – ашық ұлттық жүйеге көшу; – білім беру саясатын талдау; – қаражатпен жоғары деңгейде қамтамасыз жасау; – бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру.
Білім беруді гуманитарлау	<ul style="list-style-type: none"> – конфуция моралына негізделген білім философиясы; – рухани-адамгершілік тәрбие; – білім берудің эстетикалық компонентін талдау; – патриоттық тәрбие ерекшелігі; – әлеуметтік өрлеу.
Білім беруді демократизациялау	<ul style="list-style-type: none"> – үздіксіз және жаппай білім беру; – коррупцияны болдырмау; – адам капиталының мәнін өсуі; – білім беруді дамытуда ғылыммен және мәдениетпен жоғары дәрежеде қатысу; – теңдік принципі; – нағыз азамат болуды қамтамасыз ету; – мектептің отбасы және қоғаммен байланысы; – жаңашылдық пен ұлттық дәстүрдің үйлесімі; – білім беру жүйесін реформалау үдерісінде жапон қоғамын қатыстыру,
Білім беру сапасы	<ul style="list-style-type: none"> – мемлекеттік бағдарламалар мен стандарттардың тұрақтылығы; – білім беру мазмұнында ұлттық нақыштарды баса көрсету; – тілдік құзыреттілікті күшейту; – математикалық ойларын дамыту; – білім беруді ақпараттандыру; – жоғары сапалы білім беру; – нарықтық білім беруді дамыту, оның ішінде жекелей «дзюку» репетиторлық мектебін дамыту.
Білім беруді дифференциациялау	<ul style="list-style-type: none"> – кәсіби білім беру; – таңдаулы курстар; – білім берудің жеке тұлғаны дамытуға бағытталуы.

Біріншіден, Жапонияда бастауыш мектепте білім негізі көбірек беріледі. Қазақстанда бастауыш мектепте 4 жыл оқыса, ал Жапонияда бұл мерзім айтарлықтай ұзақ – 6 жыл оқиды. Бұл кезең сапалы білім берудің алғашқы қадамы. Келесі сатылардағы білім сапасының көрсеткіші, бастауыш білім берумен тығыз байланысты.

Екіншіден, оқушыларды дамыту үшін қажетті академиялық нәтиженің анықтығы және нақтылығы. Жапонияда бастауыш мектепті бітіргеннен кейінгі күтілетін нәтиже анықталған, яғни олар: «өз ойларын сараптан өткізіп, жеткізе білулері керек», «айналада болып жатқан заттарға қызығушылықтарын танытып, өз ойларын қоса білу», «жақсы мен жаманды ажырата білу», «достық қарым-қатынасты орната білу», «Жапонияны сүйе білуге» т.с.с.

Үшіншіден, жасың келген соң әйтеу мектепке барып құр отырып келу емес, олар оқу не үшін қажет екендігін тереңнен түсінеді. Оқу мекемелерінің міндеті – жалпы білім беретін, сол сияқты арнайы пәндерді таңдауды қамтамасыз жасайды.

Төртіншіден, Жапонияда мектептер өзіндерінің білім беру мақсатын, білім сапасын, құрылымы, ресурстар көлемін ашық түрде баяндайды. Білім беру және тәрбиелеудегі стратегиялық мақсаттарын алдын-ала дайындайды. Мұнда инновациялық технологияларды қолдануды да жоспарлайды.

Бесіншіден, Жапонияда білім беру функциясы тек қана мектепке ғана жүктеліп қоймайды, оған муниципалитеттер, бизнесмендер, жаппай ақпарат құралдары т.б. бірлесіп жұмыс істейді. Мұнда мектеп қоғам үшін әрқашан да ашық, ал қоғам бәрінша мектептің іс-әрекетін жақсартуға ұмтылады.

Жапония және Қазақстан үшін білім беру жүйесін реформалаудағы ортақ, мемлекеттік құжаттарда белгіленген: білім берудің қолайлы болуы; білім сапасының жоғары дәрежеде болуы; білім беруді басқаруды орталықтандыру; білім беруді гуманизациялау және гуманитаризациялау; білім беруді стандарттау; білім беруді ақпараттандыру; білім беру жүйесін интеграциялау. Осы мақсатта Жапон мектептерінде білім беру жүйесін интеграциялауды мынандай блоктарға бөлуге болады:

- оқушыларға білім берудің мақсаты және нәтижесі;
- пәннің мазмұны, оқу үдерісін ұйымдастыру;
- жалпы орта білім беру жүйесін басқару. [3]

Осы сияқты бүгінгі күні АҚШ-тың жоғары білім беруі қарқынды дамуда. Американың білім стратегиясы, оның ішінде жоғары білім беру жүйесі сапасы жағынан, келешегі зор, табысты оқу орны ретінде бүкіл әлемге белгілі. АҚШ-тың жоғары мектебінің жалпы мақсаты жауапкершілігі мол, жүйелі ойлауға қабілетті, нақты шешім шығара алатын, шығармашыл, бәсекеге қабілетті білімді азаматты дайындау.

Осы мақсаттарға сәйкес американдық жоғары білім беру жүйесі алдындағы негізгі міндет: сапалы білім беруге кеңінен қол жеткізу. Әр студент жай ғана бағдарламаға сәйкес білім алып қоймайды, оқу орнын немесе курсты аяқтаған соң қоғам дамуына, әлемдегі өзгерістерге байланысты күнделікті жаңа міндеттер туындап отырады, осыған сәйкес білім сапасы жоғары болуы үшін үнемі білімдерін

жаңартып, толықтырып отыру маңызды іс. Бұл үшін Америкада American Competitiveness Initiative (Американың бәсекеге қабілеттілігін дамыту) арнайы бағдарлама қабылданған. Осы алдыға қойылған мақсатқа жету және оны шешу міндеттері үшін АҚШ-тың барлық жоғары білім жүйесі жұмысы осыған бағытталған [4].

Зерттеулерге сүйене отырып АҚШ жоғары білім жүйесі үшін маңызды тенденцияларды анықтадық. Олар: жаһандану, технологизация, компьютерлендіру, интернационализация, қаржыландыру көлемін мемлекет жағынан және жекелей құрылым жағынан ұлғайту, әлемдік білім кеңістігіндегі өз позициясын нығайту.

АҚШ-тың жоғары білім беру жүйесіне қатысты берілген тенденциялардың ашық керсетілуі олардың әлемдік білім кеңістігінде бәсекеге қабілеттілігінің жоғарылатылады.

Сонымен біз шет елдерде білім берудің қарқынды дамуына және мұғалім мәртебесі дәрежесіне талдау жасай отырып, қазақстандық білім беруді және мұғалім мәртебесін көтеруді де осы деңгейге жеткізбесек те жақындауымыз керек деген қорытындыға келдік.

Әдебиет

1. ҚР білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (п.3 Білім беру жүйесінің жай-күйін талдау).

2. Темербекова А.А. Методика преподавания математики: Учебник для вузов. – Москва, 2003. – 175 с.


3. Есеева М.Т. Развитие системы общего среднего образования Японии: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.01 – Алматы, 2008. – 29 с.

4. Досыбаева К.К. Особенности системы высшего образования США: ... автореф на соис. уч. ст к.п.н. – Алматы, 2009. – 29 с.

УДК 378. 1.572

АКСИОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ В ФОРМИРОВАНИИ
АКТИВНОЙ НАУЧНОЙ ПОЗИЦИИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ**О.Б. Боталова**

Соңғы жылдары еліміздегі болып жатқан өзгерістер, экономика дамуындағы жаңа стратегиялық бағыттар, қоғамның жалпы дамуы білім беру жүйесіне өз әсерін тигізді. Мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына сәйкес қазіргі таңдағы маманның кәсіби даярлық компоненттерінің бірі – оның ғылыми-зерттеу әрекетіне бейімділігі болып табылады. Бірақ «2015 жылға дейін ҚР ғылымды дамыту бағдарламасы» бойынша жасалған конъюктуралық сұрау қорытындылары ғылыми-зерттеу жұмысқа қатысуға ынтасы бар студенттердің саны оқудың бірінші жылы мен соңғы жылы аралығында 90 пайыздан 25-30 пайызға дейін төмендегенін көрсетті. Олардың көбі магистратура мен аспирантураны ғылыми дәрежеге жету жолы емес, жоғары біліктілікті маман болуға қажеттілік деп санайды.



The modern transformations, occurring in the last decennial event in our country, new strategic landmarks in development of the economy, openness society, his quick informatization by essential image has influenced upon system of the formation. In accordance with modern state binding standard higher education one of the component training of the modern specialist is a realization to him research activity. However on result questioning, presented in «Program of the development of the science in RK before 2015», student, interested persons to participate in research functioning, falls from 90% at the first year of the education before 25-30% at the last year. The magistracy and graduate school are perceived by them as possibility to get the more high qualification, but not to become the scientist.

В настоящее время развитие общества характеризуется всевозрастающей динамичностью, проникновением на новые уровни познания природы, изменением социального устройства и возникновением качественно новых видов и форм деятельности. В связи с этим особое значение приобретает стремление и способность личности активно исследовать новизну и сложность изменяющегося мира, а также создавать, изобретать что-либо новое, оригинальное.

Современные преобразования, происходящие в последнее десятилетие в нашей стране и в мире, новые стратегические ориентиры в развитии экономики, от-

крытость общества, его быстрая информатизация существенным образом повлияли на систему образования.

В соответствии с современными государственными общеобязательными стандартами высшего образования одним из компонентов профессиональной подготовки современного специалиста является научно-исследовательская деятельность. Однако по результатам конъюнктурных опросов число студентов педагогических специальностей, желающих участвовать в научно-исследовательской работе, с каждым годом уменьшается [1].

Изменение сложившейся ситуации возможно в результате формирования у обучаемых положительного устойчивого отношения к научной сфере профессиональной деятельности, к той роли, которую каждый из них будет при этом выполнять, к себе как будущему исследователю и к участникам научно-исследовательской деятельности. На наш взгляд, подобные отношения, интеграция которых представляет собой активную научную позицию, должны быть сформированы, в первую очередь, у педагогов, так как именно на них возложена задача обучения и воспитания подрастающего поколения: будущих ученых, политиков, экономистов и т.д., то есть деятелей, которые будут определять и реализовывать стратегию развития нашего государства. Как следствие, возникает необходимость формирования вышеуказанных отношений у будущих педагогов, что можно объяснить следующей закономерностью: только человек, обладающий активной научной позицией, способен сформировать ее и у обучаемых.

Согласно исследованиям В.Н. Мясищева, любое отношение к чему- или кому-либо имеет в своей структуре следующие компоненты: потребность в общении и потребность в достижении; интерес к личностной сфере и интерес к знаниям, умениям, навыкам; знания, умения, опыт; положительные или отрицательные эмоции; оценочное отношение [2].

Опираясь на изложенное выше положение, мы определили структуру активной научной позиции будущих педагогов.

Учитывая специфику рассматриваемой нами позиции, мы полагаем, что в ее структуру должны входить педагогические ценности, так как они служат ориентиром и стимулом социальной и профессиональной активности будущего педагога. Как отмечает В.Д. Шадриков, наличие у человека профессионально значимых ценностей обеспечивает добросовестное отношение к делу, побуждает к поиску, творчеству и в определенной мере компенсирует недостаточно развитые умения и навыки.

На наш взгляд, наиболее полно педагогические ценности представлены в классификации И.Ф. Исаева, включающей две плоскости их существования. Рассмотрим каждую из них относительно темы нашего исследования.

Горизонтальную плоскость составляют ценности-цели, ценности-средства, ценности-знания, ценности-отношения, ценности-качества. Считаем, что для будущего педагога, у которого сформирована активная научная позиция, в качестве ценностей должны выступать, прежде всего, сами категории «цель», «средство», «знание», «отношение», «качество».

Категория «цель» как ценность. Цель представляет собой «предвосхищение в сознании результата, на достижение которого направлены действия» [5]. В педагогике существуют различные классификации целей: цель с позиции глобального и локального выражения; общегосударственная цель, цель определенного учреждения образования; цель воспитания, цель образования; цель отдаленная, близкая и непосредственная; цель общая, цель частная; цель промежуточная, цель конечная; цель педагогическая, цель социальная и другие.

Несмотря на многообразие классификаций, сущность понятия «цель» в каждой из них представлена одинаково, а ее ценность, на наш взгляд, заключается в следующем:

– цель, выражая активную сторону человеческого сознания, соответствует объективным законам, реальным возможностям окружающего мира и самого субъекта в процессе организации и осуществления научно-исследовательской деятельности;

– цель является системообразующей характеристикой научно-исследовательской деятельности;

– от содержания цели научно-исследовательской работы, ее значимости и ясности зависит характер волевых действий студента в познании себя как будущего педагога-исследователя и освоения различных ролей в научной сфере профессиональной деятельности.

В современной образовательной ситуации, когда существует целый ряд концепций обучения и воспитания, когда возрастает роль самого учебного заведения в определении стратегии и тактики учебно-воспитательного процесса, педагогические коллективы школ разрабатывают и создают модель выпускника своего образовательного учреждения, опираясь на избранную ими концепцию и имеющиеся в их распоряжении ресурсы. В связи с этим возникает необходимость в осуществлении целеполагания – «сознательного процесса выявления и постановки целей и задач педагогической деятельности, трансформирования общественных целей в цели совместной деятельности с воспитанниками» – на высоком теоретическом уровне, учитывая сложившуюся социально-экономическую ситуацию, а также потребности и возможности конкретного учреждения образования. Однако, согласно данным исследований Н.В. Кислинской, Н.Н. Никитиной, в настоящее время распространенным явлением в педагогической среде является искажение в сознании учи-

телей и будущих педагогов целей педагогической деятельности. «Эгоцентризм» и «предметоцентризм» ярко проявляется в их направленности на собственные цели, в качестве которых выступает усвоение учащимся системы знаний, а не его личность.

Изменение ситуации возможно в том случае, если для будущего педагога цель будет являться ценностью. Только тогда он сможет осуществлять целеполагание, которое позволит ему верно, с точки зрения педагогической науки, осуществить отбор содержания, форм, методов, средств обучения и воспитания учащихся как в процессе прохождения педагогической практики, так и в будущей профессиональной деятельности.

Категория «средство» как ценность. «Средство – то, использование чего (что) ведет к достижению выбранной цели» [5]. Анализ педагогической литературы позволил выявить существование следующих видов средств: средства обучения; средства воспитания; средства массовой информации; средства педагогического процесса; средства педагогической деятельности.

Несмотря на такое разнообразие средств, как справедливо отмечает В.А. Сластенин, многие учителя используют в работе какое-либо одно «уединенное средство», что, в свою очередь, сказывается на эффективности организации и осуществления педагогического процесса. Мы полагаем, что причиной тому является не рассмотрение категории «средство» в качестве значимой.

На наш взгляд, ценность данной категории состоит в том, что средства:

– являются необходимыми материальными объектами и предметами духовной культуры для организации и осуществления будущей профессиональной деятельности, включающей в себя научно-исследовательскую работу как самого учителя, так и педагога с учащимися;

– способствуют формированию активного отношения студента к окружающей действительности, в том числе к общению с участниками научно-исследовательской деятельности, познанию себя как будущего педагога-исследователя, освоению различных ролей в научной сфере профессиональной деятельности;

– содействуют рациональной организации самостоятельной работы всех участников научно-исследовательской деятельности.

Рассматривая категорию «средство» как ценность, студент будет не только знать об их многообразии, но и эффективно использовать в процессе организации и осуществления научно-исследовательской деятельности, а именно:

– создавать при помощи различных средств оптимально насыщенную (без чрезмерного обилия и недостатка) целостную многофункциональную среду для осуществления научно-исследовательской деятельности;

– выбирать из возможных вариантов те средства, которые, воздействуя на

личность ученика, не только будут пробуждать его мысль, но и заставлять задумываться над своим поведением и поступками, вызывать стремление к самосовершенствованию, к занятию исследовательской деятельностью, общению с ее участниками.

Категория «знание» как ценность. «Знание – продукт общественной материальной и духовной деятельности людей; идеальное выражение в знаковой форме объективных свойств и связей мира, природного и человеческого» [5]. Знания могут быть житейские и научные. Научные знания, в свою очередь, подразделяются на эмпирические и теоретические. Будущий педагог в различных сферах жизнедеятельности должен оперировать научными знаниями, так как достоверность житейских знаний устанавливается благодаря непосредственному применению на практике, а достоверность научных знаний может быть установлена экспериментальным контролем за их получением и выводимостью одних знаний из других, истинность которых уже доказана.

Известный философ, науковед В.С. Степин констатирует, что любой человек, который занимается научно-исследовательской деятельностью, должен принимать в качестве основных установки на поиск истинности знаний и постоянный их рост. Данные установки выражаются в системе идеалов и нормативных принципов научного творчества: запрете на плагиат, допустимости критического пересмотра нового знания, требование логической непротиворечивости теории и ее опытной подтверждаемости.

Исходя из вышеизложенного, мы считаем, что значимыми для будущих педагогов должны быть именно научные знания, ценность которых заключается в следующем:

- знание представляет собой перевод разрозненных представлений в теоретически систематизированную общезначимую форму;
- знание есть верное отражение действительности в сознании человека в виде представлений, понятий, суждений, теорий;
- на основе усвоенных знаний формируются умения и навыки, в том числе и исследовательские;
- являясь составной частью мировоззрения человека, знания в большей мере определяют его отношение к действительности, моральные взгляды и убеждения, волевые черты личности.

Будущий педагог, рассматривающий знание как ценность, будет владеть способами приобретения знаний и обоснования их истинности, уметь находить творческое применение полученным знаниям, обучать этому своих учеников. Более того, будущий специалист будет уметь отличать научные знания от псевдонаучных, что в настоящее время является актуальным, так как замаскированные под

научные теории обманы могут с молниеносной скоростью распространяться в мире, стремительно овладевая умами людей, дезориентируя их. Помимо этого студент научится синтезировать знания из различных областей науки и превращать их в личное достояние, делать инструментом своей педагогической деятельности и профессионально-личностного самосовершенствования.

Категория «отношение» как ценность. «Отношение – момент взаимосвязи всех явлений» [5]. В философии изучаются отношения предметов друг к другу: основание и следствие, причина и следствие, часть и целое, необходимость и случайность, подчинение и соподчинение и так далее. В педагогике и психологии рассматриваются отношения человека к окружающему миру, к другим людям, к деятельности, к вещам, к самому себе.

Полагаем, что ценность категории «отношение» состоит в следующем:

– вне учета отношений невозможно решить проблему истины: «совокупность всех сторон явления, действительности и их отношения – вот из чего складывается истина» [7];

– отношения обуславливают характер предпочтений будущего педагога в различных сферах жизнедеятельности, в том числе и научно-исследовательской, и через них влияют на его поведение в целом;

– изменение совокупности отношений, в которой существует тот или иной предмет, явление, процесс, может привести к его изменению;

– доминирующее отношение студента к определенным обстоятельствам в научной сфере педагогической деятельности может стать чертой его характера.

Будущий педагог, для которого категория «отношение» является ценностью, сможет правильно определить взаимосвязь и характер расположения элементов системы (системы воспитания, системы обучения, системы ценностей и так далее), выразить свою активную научную позицию, быстро адаптироваться к окружающей его среде, оказывая влияние на других людей в процессе совместной деятельности и общения.

Категория «качество» как ценность. «Качество – целостная интегральная характеристика предмета, явления, процесса (единство его свойств) в системе его связей и отношений с другими предметами» [5]. В философии это понятие рассматривается с точки зрения диалектики количественных и качественных изменений. В психологии изучается вопрос о механизмах формирования и функционирования категории «качество». В педагогике под этим понятием подразумевают качество жизни, личности, знаний, образования, образовательной подготовки выпускника, образовательных услуг.

Мы считаем, что ценность качества как категории заключается в том, что:

– качество обуславливает возможность объектов удовлетворять потребности

и запросы людей, соответствовать своему назначению и предъявляемым требованиям;

– каждый предмет, явление, процесс имеет качественную определенность, в основе которой лежит его вещественный состав (если это предмет), структура, характеризующая устойчивое взаимоотношение составных элементов изучаемого объекта и отражающая его специфику, и функциональные свойства предмета, явления, процесса. При утрате качественной определенности рассматриваемый объект перестает быть самим собой, приобретает новые черты, определяющие его принадлежность к другому классу предметов, явлений, процессов. Таким образом, качество отражает относительную устойчивость предметов, явлений, процессов в определенном промежутке времени;

– от качества (качества личности, качество предоставляемых услуг и другие) зависит конкурентная позиция личности в различных сферах ее жизнедеятельности, включая и научную сферу педагогической деятельности.

Будущий педагог, рассматривающий категорию «качество» как ценность, будет при выполнении профессиональной деятельности, в том числе и научно-исследовательской, стремиться достичь результатов, соответствующих требованиям стандартов, нормативных документов, регламентирующих данный вид деятельности, что, в свою очередь, отразится на ее продуктивности. Как известно из психологии и педагогики, высокопродуктивной считается деятельность, отличающаяся высокой степенью качества по основным показателям (производительность, оптимальная интенсивность, точность, надежность, организованность, стабильность), сохраняющая физическое и психическое здоровье человека и его воспитанников, преследующая положительные, социально значимые цели.

Таким образом, категории «цель», «средство», «знание», «отношение», «качество» представляют собой горизонтальную плоскость педагогических ценностей, которая, в свою очередь, в зависимости от развития общества, сферы образования и сознания человека располагается на определенной вертикали. В вертикальной плоскости выделяют общественно-педагогические, профессионально-групповые, индивидуально-личностные ценности.

Как справедливо замечает И.Ф. Исаев, общественно-педагогические ценности отражают характер и содержание ценностей, функционирующих в различных социальных системах и регламентирующих деятельность и общение в рамках всего общества.

Профессионально-групповые ценности отражают характер и содержание ценностей, регулирующих и направляющих профессионально-педагогическую деятельность в рамках определенных образовательных институтов.

Индивидуально-личностные ценности отражают характер и содержание цен-

ностей, характеризующих целевую и мотивационную направленность личности. Это означает, что будущий педагог, аккумулируя общественно-педагогические и профессионально-групповые ценности, создает свою личную систему ценностей, на основе которой формируется сознание студента, являющееся не только результатом его эмоционального отклика на предметы, явления, процессы профессиональной деятельности, включающей в себя и научно-исследовательскую работу, но и их осмысления, глубокого осознания и личностного принятия.

Следует подчеркнуть, что описанные выше педагогические ценности имеют синкретический характер, обусловленный их взаимодействием и взаимопересечением в процессе функционирования. Кроме того, эти ценности выполняют функции внутреннего регулятора, ориентира поведения будущих педагогов, обуславливают предпочтение в стремлениях и желаниях, содействуют превращению норм и идеалов в личные убеждения и принципы жизнедеятельности.

Литература

1. Программа развития науки в РК до 2015 года. – Астана, 2006.
2. Мясущев В.Н. Основные проблемы и современное состояние отношений человека. – М.: Просвещение, 1960.
3. Дьяченко М.И., Кандыбович Л.А. Психология высшей школы. – Мн.: Издательство БГУ, 1981.
4. Асмолов А.Г. Психология личности. – М.: Сфера, 2007.
5. Словарь-справочник по педагогике / авт.-сост. Мижеригов В.А.; под общей ред. Пидкасистого П.И. – М.: Сфера, 2004.
6. Бодалев А.А. Восприятие и понимание человека человеком. – М.: Просвещение, 1983.
7. Краткая философская энциклопедия / Гл. редакция: Ильичев Л.Ф., Федосеев П.Н., Ковалев С.М., Панов В.Г. – М.: Изд. группа «Прогресс» – «Энциклопедия», 1994.

ӘОЖ 378.1:159.922.4

ПОЛИЭТНОСТЫҚ ОРТАДАҒЫ СТУДЕНТ ТҰЛҒАСЫНЫҢ
ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ
МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.Ж. Аплашова

В статье рассматриваются проблемы формирования познавательной деятельности студентов в полиэтнической среде и влияние этнопсихологических особенностей личности на формирование познавательной деятельности.

The article considers a problem of formation of cognitive activity of students in a multiethnic environment. An effect of ethnopsychological features on the formation of cognitive activity.



Полиэтностық аудиторияда студенттердің танымдық іс-әрекеті тек білімге, оқуға ғана бағытталмай, өзімен бірге жүрген достарының өмір-салтын, өзіндік этностық ерекшелігін тануға, сөйтіп, өзінің зерделік, мәдениеттік өрісін кеңейтуге жолдайды. Жастар өз өмірінің студенттік кезінде өздері үлкен психикалық өзгерістерге ұшырасады. Біріншіден студенттің «Мен» дәрежесі көтерілсе, екіншіден, ұлт мәселесіне басқаша қарай бастайды, яғни ұлттық намыс, ұлттық сезім, ұлттық санасы оянады. Осыған орай, оқу іс-әрекетінің мотивациялық өрісі де өзгереді. Олардың оқуда меңгеру процесінің механизмдері: білім, дағды, шеберлік жүйелерінің нәтижелік көрсеткіштері де өзгеріске ұшырап, оқу түрткісі, қажеттіліктері курстан курсқа өткен сайын айқын анықтала түседі [1].

Ұжым мүшелерінің этнопсихологиялық ерекшеліктерін білмеуі, ұлтаралық қақтығыстарға әкеліп соқтықтыруы мүмкін. Барлық ұлттардың өкілдеріне бірдей тең қарым-қатынас болуы, полиэтностық аудиторияның басқарушысы әрбір студентке, оның ұлтына тәуелсіз сыни көзбен қарауы керек. Әр түрлі ұлттың өкілдерінің арасындағы достықты нығайтуға бағытталған арнайы жұмыстар жүргізілу де артық емес. Тағы бір айта кететін жай, бұл студенттердің арасында қақтығыс жағдайларының болдырмау мәселесі. Себебі бұл ұлттық негіздегі қақтығыстар бір ұлттың өкілдерінің басқа ұлтқа деген кері қатынастарын туғызады. Мұндай жағдайларда олардың себептерін мұқият ашып қарау керек. Әр түрлі ұлттардың өкілдерінің қарым-қатынастарының тәжірибесі болмауы, осындай түрдегі қарым-

қатынастарды негативті эмоциялық қабылдау. Сол үшін басқарушыларға тек қана топпен емес, әр студентпен жеке дара жұмыс жасау қажет. Бұндай жағдайда қоршаған адамдардың ең бірінші жақсы жақтары мен жоғары қасиеттерін көруге үйрету мәселесін қарастыру артық емес. Полиэтностық аудиторияда студенттердің арасында ұлтаралық қарым-қатынастың мәдениетін қалыптастыру жағдайы да маңызды.

Ұлтаралық қарым-қатынастың мәдениеті – бұл кең көлемдегі түсінік, бірінші жағынан халықтардың қарым-қатынасының өткен тәжірибесін, ал екінші жағынан осы тәжірибе жиналу процесінде қалыптасқан дәстүрлерді қамтиды. Ұлтаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетіне ие болған адамдар, өз елдерінің және басқа халықтардың діни құндылықтарына деген қызығушылықпен, ұлттарына тәуелсіз, бүкіл адамдарға бірдей достық көзқараспен, қиын жағдайда көмек көрсетуге дайын тұратындарымен ерекшеленеді. Полиэтностық жағдайда басқарушылар және болашақ мамандар қандай ұлттың өкілдерімен жұмыс жасаса, солардың этнопсихологиялық ерекшеліктерімен, салттарымен және психологиялық құндылықтарымен таныс болуы да маңызды екені мәлім. Әр ұлттық топтар өкілдерінің ұлтаралық қарым-қатынас шеңберлерін кеңейіп, полиэтностық аудиторияда ұлттарына тәуелсіз студенттер басқа құрбыларындағы өздерін олардан ерекшелейтін қасиеттерді бағалауға да үйренеді. Ұлтаралық қарым-қатынастың мәдениеті ұлтаралық қарым-қатынастардың аумағындағы болашақ мамандардың іс-әрекеттерінің нәтижелігін және жемістілігін қамтамасыз етеді. Бұның мазмұны әр ұлттық топтардың өкілдерінің арасында қарым-қатынасты реттейтін ережелер мен нормаларды білу; ұлтаралық қарым-қатынастың құрылған дәстүрлі және таптауырынның түрлерін сақтау; ұлтаралық қарым-қатынастың қарама-қайшылықтарына қарсы тұру қабілеті.

Өзіміздің егеменді елімізде көп ұжымдар өздерінің құрылымдары бойынша полиэтностық болып келеді. Полиэтностық жағдайда жеке адамдардың өзара қарым-қатынастарына әсер ететін ұлттық ерекшеліктер, дәстүрлер, адамдардың мінез-құлық нормалары көрінеді. Полиэтностық аудиториялардағы студенттерге этносаралық қарым-қатынастың белсенділігі сипатты. Этнопсихологиялық ерекшеліктер әрбір ұлт өкілдерінің полиэтностық аудиторияның жетекшілерінің талаптарына бейімделуіне қамтамасыз етеді, оған кедергі жасайды. Әр түрлі ұлттық өкілдерінің педагогикалық іс-әрекетке бейімделу процесін 3 сатыға бөлуге болады:

а) бастапқы сатыда студенттердің ұлттық-психологиялық ерекшеліктері жетекшілердің іс-әрекеттеріне кедергі жасайды, немесе әрі қарай жақсы дамуына ықпалын тигізеді. Егер де олар жетекшінің мақсатына қарама-қайшы келсе, онда жалпы педагогикалық іс-әрекеті, мазмұны мен қасиетін қайта құру керек.

Этнопсихологиялық ерекшеліктердің спецификасын, олардың нақты этностық топтардың өкілдерінде қызмет ететін түрлерін анықтау үшін және міндетті түрде ұжымдағы жағдайды мұқият білу үшін ұзақ уақыт қажет болады;

б) келесі сатысында жетекшілер мен студенттердің арасындағы қарым-қатынастар тұрақталады, өзара тіл табысып бірін-бірі түсіне бастайды және студенттер өз белсенділіктерін көрсетеді;

в) ең соңғы кезеңде ұлт өкілдерінің араларындағы потенциалдық мүмкіндіктері ашылып, бір-бірімен өзара әрекеттене бастайды. Ендеше, студенттердің этнопсихологиялық ерекшеліктері пән оқытушының белсенділігінің ұйтқысы болуы да мүмкін. Бұл кезеңде ұжымның ішінде қиыншылықтар пайда болса, онда этностық қауым өкілдері өздері-ақ жая алады, полиэтностық жағдайда студенттердің бір-біріне деген жанашырлық, қайғыға ортақтасу, қиын жағдайда кеңес пен көмек беру сияқты қасиеттері дами түседі. Бір ескеріп кететін жайт – полиэтностық аудиторияда өздерінің дәстүрлерімен, моральдық және мінез-құлқ құндылықтарымен, әлеуметтік жағдайымен өмір сүру стилімен, мінез-құлқымен ерекшеленетін адамдар бар екенін ұмытпауымыз керек.

Бүгінгі күнде біздің еліміздің экономикалық дамуы өте күрделі кезеңде өтпелі болып отыр. Себебі, адамдардың көпшілігі саясатқа келіп, коммерциялық іс-әрекетпен айналысып, басқарудың әр түрлі салаларына қатысып, және осыларға керек болатын арнайы дайындықсыз, соның үстінен бұлардан кәсіби сапалар талап етіледі. Полиэтностық аудиторияның жетекшісі әр түрлі қауымдардың өкілдерімен байланыста бола отырып, біраз уақыт өткеннен кейін, олардың өзара қарым-қатынастарын реттеудің арнайы дағдылары мен іс-әрекеттеріне ие болады [2].

Ұлтаралық қарым-қатынастың мәдениетіне әр түрлі халықтардың адамдарының өзара әрекеттену және бір-біріне әсер ету процесі қарастырылады. Ұлтаралық қарым-қатынаста әр түрлі этностық қауымдардың өкілдері өздерінің халықтарының жекеленген қасиеттерін ғана көрсетпей, сонымен қатар өзінің ұлтының қоршаған ортаға, басқа этностарға кең және жүйелі қарым-қатынаста, сол сияқты ұлтаралық қарым-қатынасының ұғымында өзін іс жүзіне асырған болатын, өйткені студенттердің бойынан кәсіпқойлық ерекшелігін дамыту мәселесі маңызды орын алады, өйткені бұл ұғым, біріншіден, ұлтаралық қарым-қатынастарға, кейін қатынасқа жатқызуға болады.

Ол осымен өзінің ғылыми, әлеуметтік және тәжірибелік құндылығына ие болады. Осыған байланысты, ұлтаралық қарым-қатынаста кәсіпқой өзіндік этнопсихологиялық ерекшеліктерінің негізінде әр түрлі ұлт өкілдерінің қатынастарын реттеп, ұйымдастырып қана қоймай, сонымен қатар әр этностың адамдарының идеялық және психологиялық құндылықтарын, олардың ұлттық

идеологияларын, әлеуметтік таптауырындағы, мінез-құлық пен іс-әрекетті жалпы қызығушылықтар ретінде пайдаланады. Ұлтаралық қарым-қатынастарда кәсіпқойлықтың даму мәселесінің қалыптасуының үлкен саяси маңызы бар. Себебі, полиэтностық аудиторияда саяси процестерді икемді реттеуге жағдай жасайды, әр түрлі қауымдар өкілдерінің өзара қарым-қатынастарында пайда болатын аздаған келіспеушіліктерді жойып жібереді. Осыған орай, полиэтностық аудиториядағы студенттерді оқыту мәселесі соңғы кездері әр түрлі көзқарастар туғызуда.

Психология және педагогика ғылымдарының кейінгі даму жылдарында тиімді оқытуды жақсарту мәселесі жан-жақты оқытудың бір объектісі болып жүр. Бұл мәселе жөнінде Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов, А.Н. Маркова, Л.Я. Гальперин, Н.Ф. Талызина, В.Я. Ляудис, А.Ф. Эсаулов, А.А. Вербецкий және тағы басқалардың еңбектерінен көруге болады.

Полиэтностық аудиторияда ұлтаралық қарым-қатынаста студенттердің білімдеріне, дағдыларына және іскерлігіне жауапты талаптар қойылады, әсіресе деңгейлері мен сапаларына және олардың дамуына да. Бұл жерде өте жоғары болашақ кәсіпкер туралы сөз болады, себебі, оған бүкіл адамдарға маңызды саяси қарым-қатынастар мен саяси іс-әрекеттер тәуелді.

В 2004 году при пединституте открыли психолого-педагогический факультет, в который входили специальности: педагогика и психология, психология, педагогика и методика начального обучения, дошкольное образование, позднее дефектология. Первым деканом ППФ была назначена профессор В.К. Омарова, человек целеустремленный, с высокой творческой продуктивностью, с глобальным мышлением, прекрасный организатор и руководитель. В настоящее время психолого-педагогический факультет имеет очную, заочную и дистанционную форму обучения, имеется магистратура. Это не случайно. Сегодня профессия психолога стала в нашей стране действительно массовой. Расширяется круг приложения профессиональных знаний, умений. Возрастает популярность и востребованность психологических знаний в обществе, повышается спрос населения на квалифицированную помощь практикующих психологов. В последние десятилетия психологи принимают все более активное участие в образовании детей, подростков и взрослых. Во многих школах и детских садах города Павлодара и области психологи уже стали важными членами педагогического коллектива. В некоторых образовательных учреждениях созданы психологические службы, объединяющие педагогов, психологов, логопедов, дефектологов и медиков для организации условий успешного обучения и воспитания.

На своих занятиях преподаватели обращают внимание студентов на то, что целью деятельности психолога является организация условий, способствующих повышению качества обучения и воспитания детей, формированию их готовности к успешной социальной реализации. Делается это на основе учета их индивидуальных особенностей и закономерностей психического развития личности.

Обычно психологу приходится осуществлять профессиональную деятельность по следующим направлениям: психодиагностическому, психокоррекционному, психопрофилактическому, методическому. Он выявляет индивидуальные особенности учащихся в условиях образовательной среды в целом, предупреждает и устраняет факторы риска, отрицательно влияющие на обучение и воспитание, содействует повышению уровня психологической культуры.

Для повышения эффективности учебного процесса вуз перешел на кредитную технологию, был увеличен удельный вес самостоятельной работы студентов. Переход на новую технологию обучения и новый Государственный общеобразовательный стандарт образования требует высококлассных специалистов. В настоящее время на кафедре психологии трудятся два доктора наук, семь кандидатов, магистры психологии и педагогики, в основном преподаватели имеют базовое психологическое образование.

Большое внимание профессорско-преподавательский состав кафедры обращает на то, чтобы студенты четко осознали цели деятельности, правильный мысленный образ ее результата – необходимое условие успеха в работе.

Обретение профессионализма в результате обучения в вузе наиболее характерная цель студентов. Поэтому для обучающихся, лишь начинающих свое профессиональное образование, значимым является понимание того, что же такое психология как наука и что такое профессионализм психолога: из чего он складывается, как проявляется в реальной деятельности, что ограничивает его и препятствует его формированию.

Ныне возглавляет психолого-педагогический факультет доктор педагогических наук А.К. Нурғалиева.

В Республике Казахстан успешно реализовался эксперимент по разработке и апробации проекта курса «Самопознание», утвержденный приказом Министерства образования и науки Республики Казахстан №566 от 12 июля 2001 года. Организатором этого эксперимента была Сара Алпысовна Назарбаева. В качестве экспериментальной площадки в Павлодарской области были выбраны педагогический институт, СОШ №24 и детский сад №110. Исполнителем данного исследования в педагогическом институте выступила кафедра психологии. Экспериментальная площадка считалась одной из лучших. Первыми преподавателями предмета «Самопознания» были Б.Г. Сарсенбаева, А.А. Трушина, Н.А. Бисембаева, Р.Н. Демиденко. Цель самопознания это определение своих общественно значимых потенциалов, выявление резервов неиспользованного общения и взаимодействия с другими людьми, определение личностных качеств, требующих совершенствования, развитие или забвение, или вытеснение из психических процессов.

После семилетнего экспериментального апробирования «Самопознание» получило активную поддержку педагогической и родительской общественности во всех регионах республики. Нравственно-духовное образование и воспитание подрастающего поколения в казахстанском обществе ориентировано на гармоничный синтез общечеловеческих, общенациональных, этнокультурных и личностных ценностей, они позволяют человеку в полной мере реализовать себя в служении обществу, осознать свою роль и предназначение в жизни.

Самопознание, усиливая ценностный смысл образования, раскрывает и развивает способности личности любить бескорыстно, верить в себя и в свои силы, творить добро, больше познавать и самосовершенствоваться, достигать гармонии в физическом, психическом, духовном, социальном и творческом развитии.

Современный учитель должен быстро ориентироваться в меняющейся социальной ситуации, обладать креативным мышлением, предполагающим системное видение педагогического процесса, направленного на создание индивидуально-творческого стиля профессиональной психолого-педагогической деятельности, на сотрудничество с учащимися, коллегами и родителями.

В системе профессиональной подготовки будущего учителя курс «Самопознание» играет приоритетную роль, он поможет решить возникающие жизненные задачи и вопросы, требующие взвешенных самостоятельных решений.

Изучение курса «Самопознание» в нашем вузе связывается со всесторонним раскрытием психологических и социальных качеств личности, гармонизацией взаимодействий личности и окружающей среды, раскрытием гуманитарного потенциала смысла индивидуальной и социальной жизни, а также формированием мотиваций на самостоятельный жизненный путь, достижением профессионального самоутверждения, установками на семейную социализацию.

В настоящее время выпускающая кафедра психологии ПГПИ – это дружный коллектив единомышленников, мастеров и их учеников. Это кафедра, где учат профессионализму, эмпатии, душевной отзывчивости, толерантности, учат любить и понимать личность любого возраста. В своей работе кафедра чтит традиции, руководствуется принципами преемственности, обмена научными знаниями, добро-совестности.

ӘОЖ 94(574)

КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕГІ АМАНКЕЛДІ ИМАНОВ ЖАЙЛЫ ҚҰНДЫ ЖИНАҚ

3.Ш. Айткенов

В данной статье рассматривается сборник статей, документов и материалов, посвященный столетию Амангелды Иманова, который был издан институтом истории партии и издательством «Казakhstan» в 1975 году. Также анализируются факты и материалы, предоставленные учеными-историками и читателями советского и нашего времени.

The collection of reminiscence devoted to 100 year old anniversary of Amangeldy Imanov which was published by the Institute of Party History and the publishing house "Kazakhstan" is considered in this article. Furthermore, the facts and the materials given by history scientists, Soviet and nowadays readers are analyzed.



КСРО-ның құлауы, еліміздің еркіндік алуы көптеген шындықтың бетін ашты. 70 жыл тілімізге тиек салған империяның құлауы шындықты бүкпесіз айтуға жол берді.

Аманкелдінің есімі қазақ халқының тарихындағы аса бір даңқты кезең – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліспен тығыз байланысты екені баршаға мәлім. Импе­риализм қайшылықтарының шегіне жете шиеленісуінің нағыз айғағы болған бұл көтеріліс патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бағытталып, халықтың бостандығын көздеді. Бұқара халықтың бұл қозғалысы қазақ жігіттерін майдандағы қара жұмысқа алу жөніндегі патша үкіметінің 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығынан кейін өрістей түсті. Аманкелді Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз, Атбасар, Перовск, т. б. қалаларға өз өкілдерін жіберіп, жұмысшы-шаруаларды патша өкіметіне қарсы күреске шақырады. Төзгісіз қанауға ұшырап, жерінен айырылған қазақ кедейлері Аманкелдінің отрядына лек-легімен келіп қосылып жатты. 1916 жылдың қазан айында тек Торғай мен Ырғыз уездерінде ғана 20 шақты отряд құрылады. Аманкелді отрядтарға қатаң тәртіп енгізді. Көтерілісшілерді қару-жарақты қолдана білуге және соғыс өнерін меңгеруге үйретті. Аманкелдінің көтерілісшілер отряды патша өкіметінің жергілікті органдарына қарсы бірнеше ұрыс жүргізіп, 1916 жылы қазанда Торғай қаласын қоршауға алды. Осы операцияда Аманкелдінің ұйымдастырушылық және қолбасшылық таланты айқын көрінді. Оның қол астындағы 50 мың сарбазы ерліктің, табандылықтың тамаша үлгісін

көрсетті. Патша үкіметі Аманкелдінің шабуылын тойтару үшін жазалаушы корпус жіберуге мәжбүр болды. Тек жаудың негізгі күштері келіп жеткеннен кейін ғана, 27 күннен соң Аманкелді өз сарбаздарын қаладан алып кетті. 1917 жылы қаңтарда ол қаланы басып алуға қайта әрекет жасады, бірақ күш тең болмағандықтан, ел ішіне кетеді. Бұл кездерде Аманкелді большевиктермен, оның ішінде Ә. Жанкелдинмен байланысты күшейтіп, большевиктер партиясының идеясымен қарулана түсті. Уақытша үкімет кезіндегі алашордашыларға қарсы күрес жүргізді, бұқара халыққа пролетарлық революцияның маңызын түсіндірді.

Қазақ даласындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс жетекшілерінің бірі батыр, азамат соғысының қаһарманы Аманкелді Иманов есімі халық аузында мәңгі қалды. 1973 жылы Имановтың 100 жыл толуына орай Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті жанында Пария тарихы институты «Аманкелді Иманов. Мақалалар, құжаттар, материалдар» деген қазақ тіліндегі жинақ «Қазақстан» баспасында жарық көрді. Бұрын бұл жинақ орыс тілінде болатын. Бұл жинаққа Қазан төңкерісі мен азамат соғысының қаһарманына арналған көркем шығармалардан үзінділер енген.

Академик С. Бейсембаев өз кезегінде қазақ батырларын, яғни ұлт-азаттық көтеріліс басшыларын таныту мақсатында көп іс тындырған. Міне, ол – бұл тұрғыда Қазақстанда 1916 жылы болған ұлт-азаттық көтеріліс жетекшісі Аманкелді Иманов туралы алғашқы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдардың бірі.

1973 жылғы 17 қаңтарда Алматыда А. Имановтың 100 жылдық мерейтойы зор салтанатпен атап өтіліп, оның өмір баянына қатысты құжаттар мен естеліктер жинағы басылып шықты. Осы жинақтың бірінші бөлімінен академик С. Бейсембаевтың «Иманов – коммунист туралы тарихи мәселелер» атты үлкен мақаласы орын алды, тарих ғылымдарының докторы М. Қозыбаевтың «Аманкелді Иманов туралы тарихи мәселелер» атты мақаласы да енген. Халық батыры А. Имановтың өмірі мен қызметі, қаһармандық бейнесі – кейінгі ұрпаққа жарқын өнеге, өшпес үлгі, әрі патриоттық тәрбие беретін таптырмас құрал [1]. Сондықтан да бұл еңбек қазақ халқының ардагер ұлдарының бірі – Аманкелдінің өмірінен, азаматтық қастерлі қасиеттерінен, адамгершілік биік парасатынан оқырмандарға тарихи сабақ беретін, бүгінгі ұрпақ үшін таптырмас мол рухани азық деп білеміз [2]. Кітаптың «Ер есімі ел есінде» деп аталатын бөлімі Ә. Жанкелдиннің 1923 жылы жазған «Партияның жиырма бес жылдығына» деген мақаласымен ашылған. Онда қазақтың тұңғыш революционері Ә. Жанкелдин А. Имановтың ерлігіне жоғары баға берген. Бұдан басқа атақты батырдың өмірі мен ерлігіне байланысты әр жылдары мерзімді баспасөзде жарияланған материалдар жинақталып берілген. Сондай-ақ қазақтың атақты палуаны, классикалық күрестен дүние жүзінің чемпионы атағын алған Қажымұқанның жеңіс қорына өзінің 100 мың ақша беретіндігі тура-

лы КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитетіне 1944 жылғы 29 қыркүйекте жолдаған жедел хаты да жарияланған. Жедел хатта балуан өзі жинаған қаржыға Аманкелді Иманов атындағы ұшақ жасауды өтінген. Оның өтініші бойынша жасалған батыр Аманкелді Иманов атындағы ұшақ 1965 жылғы маусымда Мәскеуде өткізілген жеңіс парадына да қатысқан. Бұл арада біздер қазақтың батыр ұлы Аманкелді есімі еліміздің тарихында қашан болмасын өзінің лайықты орнын алатына сенімдіміз. Өйткені кезінде академик С. Бейсембаевтың тікелей басшылығымен шығарылған «КОКП тарихы» және «КСРО-дағы азамат соғысы» деген көптомдық еңбектерде А. Имановтың тарихи рөліне жоғары баға берілген [3].

Сонымен қатар, осы жинақта «Аманкелді Иманов туралы естеліктер», «Ер есімі – ел есінде», «Көркем әдебиеттегі Аманкелдінің бейнесі» атты материалдармен батырдың өмірі, қызметі жайында деректер мейлінше мол жиналған. Иманов сарбаздарының орыс патша әскерлерімен ұрыс жүргізген жерлерін белгілейтін карта, 20 фотосурет, 79 тарихи құжат берілген.

Жинақтағы әрбір мақалада 1916 жылғы қазақ даласындағы шегіне жеткен патшалық отаршылдық саясаттың қанды да қасіретті трагедиясы, төзімі таусылған бұқараның озбырлыққа қарсы қасиетті бұлқынысы әр қырынан көрініс береді. Сөйтіп, бостандық, теңдік, нұрлы болашақ, қорланған ар, шерменде болып тұншыққан намыс үшін сеңше серпіліп, дауыл ұрған теңіздей толқыған халық рухының сыртқа тепкен тегеуіріні темірдей ғажайып құдіретіне оқырманды тәнті етеді.

Осы бір аса күрделі оқиға талай ондаған жылдардан бері тарихшылардың зерттеу объектісіне айналып, соның негізінде біршама ғылыми мақалалар, үлкенді-кішілі еңбектер жарық көрді. Дегенмен, сол зерттеулердің көпшілігінде бұрынғы кеңестік идеологиялық үстемдіктің тұрғысынан қараған сияқты көзқарастардың әсері тиген. 1916 жылғы Орта Азия мен Қазақстандағы бұл көтерілістің ұлт-азаттық сипатта жүргені ұзаққа созылған пікір-таластарынан кейін 1953–1954 жылдардан бастап қана толық мойындалғаны мәлім. Соған қарамастан, кейінгі зерттеулер көтерілістің шығыс халықтарының ұлт-азаттық қозғалысындағы алатын орны, патша үкіметінің жазалау шаралары, қазақ оқығандарының көтеріліске байланысты көзқарастары сияқты мәселелер толық ашылды деп айту қиын.

Қазіргі уақытта тарихшы мамандардың алдында тұрған бірден-бір маңызды мәселе тарих ғылымындағы саясаткершілікті аршып алу. Өйткені ұлттық мүддеден партиялық идеология жоғары қойылды. Ұлттық тәлім мен айналғаны шындық.

XX ғасырдағы қазақ қоғамының тарихын зерттейтін тарихшылар, осы ұжымдық жинақты аттап кете алмайды. Бұл – тарихи факт. С. Бейсембаев бастаған бұл ғалымдардың зерттеулері де идеологиялық қасаң жылдарда жазылғандықтан, өз уақытына тән кемшіліктерге бой алдырған. Мәселен, лениндік ұлт саясатының тек жақсы жақтары көрсетіліп, әкімшіл-әміршіл жүйенің идеологиясы ашылмай

қалған. Бұл үшін зерттеушілерді кінәлау қажет емес. Өйткені өткен ғасырдың 1930–1950 жылдары партиялық – өктемдік басқару мен әкімшіл-әміршіл жүйе гүлденіп, оның үстіне «Правда» газетінде жарияланған «За марксистско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана» мақаласы (10 сәуір 1951 жыл) мен Қазақстан КОКП VIII пленумының «О состояниях и мерах улучшения идеологической работы парторганизации республики» атты негізгі баяндамасында, оның қорытындыларында «Қазақстан тарихы мәселері маркстік-лениндік тұрғыдан зерттелсін, саяси кемшіліктер жойылсын» деген ұран үстем болды. Сондықтан кеңестік дәуірде өмір сүрген кез келген тарихшы-зерттеушінің еңбектерінің марксизм-ленинизм тұрғысынан жазылуы заңдылық болды. Бұл да – тарихи факт.

Сондықтан да өткен мұрамыздың бәріне біржақты қараудан алшақтап, алтынды қоспадан ажыратып алуға күш салайық.

Әрине, ғалымның қаламынан шыққан ғылыми мұралардың бәрі бірдей өміршең еді, олар түгелімен қазіргі күн тұрғысынан, тарихи көзқарастар деңгейіне сай келеді деп тұжырымдаудан аулақпыз. Кеңестік жүйенің қысымынан тарихшылар кейбір тұстарда саясатпен санасып, тұжырымдарды толық айтуына мүмкіндік бермей, тек үстірт жанама түрде айтуына мәжбүр етті.

Қазіргі кезде Торғай өңірінің тумасы, сексеннен асқан Бөгетай Әлмағамбет ақсақалдың батыр жөнінде жиған-тергені баршылық. Оның айтқаны: «XIX ғасырдың басында қазақ жерінен айырылды. Алысқа бармай-ақ Торғай уезінің өте құнарлы өлкелері – Әйет, Обаған, Тобылдан айырылған арғын, қыпшақтар оңтүстікке қарай амалсыз ығысты. Наурызымнан бері қарай Қаракұм сілемдеріне созылған құнарсыз шөлейт жерге барып тығылды. Онда өзен-көл жоқ. Жазда жауын, қыста қардың суына телміріп өлместің күнін көрді. Кең даланы еркін жайлап үйренген қазақтар баласын «орыс келе жатыр» деп қорқытатын болды. Осындай күйге тап болған ел-жұртқа 1916 жылғы 25 маусым күні шыққан «Бұратана халықтардан майданның қара жұмысына адам алу» туралы ақ патшаның жарлығы отқа май құйғандай әсер етті. Бұрын жерін тартып алып қорқытқан патша енді балаңды алам десе, өзі ызадан әрең отырған жұрт көтерілмей қайтеді.

Меніңше, бұл – халықтың ашынғаннан барған қадамы. Басқа жол қалмағандықтан осылай істеуге мәжбүр болды.

Халықты басқарған тұлғалардың жолы екіге бөлінді. Амангелді, Әлібилер большевиктерді қолдады. Ахмет пен Міржақыптар Алаш үкіметіне арқа сүйеді. Осы кезден бастап бұрынғы ниеттес, тілектес азаматар бір-бірімен жауласуға дейін барды.

Бұл процесс Кеңес үкіметі орнағаннан кейін тіпті шинелісе түсті. Шын мәнінде большевиктер алғашында Алаштарға аяушылық жасады. Өйткені қай-қайсыда ағайынды адамдар еді. Бірақ бір сәтті пайдаланып Алаш тобындағылар

большевиктерге соққы жасады. Осы дүрделен кезінде Амангелдінің тағдыры шешілді. Байырғы чехист Хамза Нұржанов ақсақал өзінің бір сөзінде Алаштар 31 большевиктің көзін жойғаны туралы айтып еді. Сол – рас нәрсе. Біз тарихты біржақты қараймыз, біреуді ақтасақ сүттен ақ, судан таза етіп жібереміз. Алаштар да пенде, олар да қателескен.

Артынан 1919 жылы Торғайда Кеңес үкіметі қайта орнаған тұста Әліби Алаштарға кешірім жасады. Оларды тұтқындап қырып жібергенде оның қолын қағайын деп тұрған ешкім жоқ еді. Осыны тарихшы Талас Омарбеков дәлелдеп жазып, сүйсініп айтып жүр» – деп айтты. [4]

Жалпы айтқанда, 1916 жылғы көтеріліске қатысты кейбір мәселелер Отан тарихы ғылымында қазіргі уақытқа дейін біржақты қарастырылып келеді.

Әдебиет

1. Ысқабаев Ә. Ерлік шежіресі. // Октябрь туы. – 1975, 9 қыркүйек.
2. Бүкіров С. Аманкелді Иманов. // Жезқазған туы. – 1975, 12 тамыз.
3. Әбілов Ғ. Құнды жинақ. // Коммунизм таңы. – 1975, 31 қазан.
4. kk. Wikipedia. Org.

УДК 373

НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ РАБОТА СТУДЕНТОВ КАК ЧАСТЬ СИСТЕМЫ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ

Ж.Б. Байсеитова

Бұл мақалада студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы туралы қарастырылған. Ол ғылыми-техникалық және мәдени прогрестің жетістіктерін практикалық іс-әрекетте шығармашылық түрде қолдануды білетін, осыған орай экономиканың қазіргі кездегі даму жағдайларына тез бейімделе алатын жоғары білімді мамандарды даярлау сапасын жоғарылату құралы болып табылады.

Сонымен қатар, болашақ мамандардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы маңызды рөл атқарады.



Студенттердің шығармашылық потенциалын дамыту әрбір білім мекеменің оқу процесінің негізгі мақсаты болғандықтан, жас кадрлармен жұмыс бағытының бірі – бұл ғылыми студенттік қоғамдар мен студенттердің ғылыми-шығармашылық ұйымдардың құрылуы.

Ғылыми жетекшінің роліне де көңіл аударылған. Ол ғылыми-зерттеу жұмысына жағымды ұстанымды қалыптастыру, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының ролін түсіну факторы болып табылады.

Бұл мақалада педагогикалық институттын педагогикалық мамандықтарының 1-3 курс студенттер арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері көрсетілген. оқу процесі мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының интеграциясы арқылы студенттердің шығармашылық белсенділігін негізгі дамыту жағдайлары мен тәсілдері белгіленген.

In given clause the question of research work of students which is one of the major means of improvement of quality of preparation of experts with the higher education is considered, capable creatively to apply in practical activities of achievement of scientific and technical and cultural progress and consequently, quickly to adapt for modern conditions of development of economy.

Besides the role of research work of students in formation of creative qualities of the future experts is important. As development of creative potential of students is a priority problem of educational process of any educational establishment, from here, one of directions of work with the young staff which is necessary for developing and supporting is a creation of student's scientific organizations, scientifically-creative associations of students.

The attention is given also to a role of the supervisor of studies which is one of factors of formation of positive installation on research activity, understanding of a role of research work of students. In clause results of questionnaire of students of 1-3 rates of pedagogical specialties of pedagogical institute are resulted. The basic conditions and means of development of creative activity of students through integration of educational process and research work are noted.

Реалии нашей жизни таковы, что страна нуждается в творческом подходе к решению наболевших проблем, а это только под силу молодым, талантливым умам. В своем выступлении перед студентами и преподавателями «Назарбаев Университет» Президент нашей страны подчеркнул: «Мы все хотим видеть нашу страну сильной и развитой. Освоим науку – будем сильным государством, нет – будем позади. Поэтому мы уделяем особое внимание науке и образованию. Я хочу видеть интеллектуальных людей, имеющих обширные знания в различных сферах».

За годы Независимости государство всегда уделяло большое внимание развитию научной отрасли. Научная отрасль независимого Казахстана – это составная часть мирового научного пространства. Сегодня наступает то время, когда именно учёные, исследователи и научные работники должны внести самый решающий вклад в развитие Казахстана.

Подготовке молодежи, начиная со школьной скамьи и заканчивая вузовским образованием, докторантурой, наукой, также уделяется очень большое внимание. И, как отметил Н.А. Назарбаев, это делается для будущего нашей страны. Сегодня задача состоит в том, чтобы воспитать нового человека.

Современное развитие высшего профессионального образования предусматривает последовательный процесс развития личности, направленный на формирование системы научно-практических знаний и умений, ценностных ориентаций, которые могли бы позволить студенту активно функционировать в качестве полноправного члена общества, гражданина своей страны. Именно поэтому основными задачами современного образования являются развитие творческих способностей студентов, подготовка их к различным формам деятельности, выработка адекватного отношения к окружающему миру, к самостоятельной жизни. Важно суметь задать способность ориентироваться в социуме, а главное – реализовать свой творческий потенциал, стать создателем своей судьбы, нужным обществу и окружающим людям.

Возрастающее значение в формировании творческих качеств специалиста приобретает научно-исследовательская работа студентов, которая сегодня становится необъемлемой и все более важной частью их познавательной деятельности. Согласно ГОСО РК «Научно-исследовательская работа студентов в высших учебных заведениях», «научно-исследовательская работа студентов является обязательной, неотъемлемой частью подготовки квалифицированных специалистов в вузах как неразрывная составляющая единого процесса – учебно-воспитательного и научно-инновационного» [1].

Научно-исследовательская работа студентов это одно из важнейших средств повышения качества подготовки специалистов с высшим образованием, способных творчески применять в практической деятельности достижения научного прогресса, а, следовательно, быстро адаптироваться к современным условиям развития экономики и права. Активизация научной деятельности студентов является одной из задач преподавателей вуза.

Результаты анкетного опроса студентов 1–3 курсов педагогического института показывают, что из общего числа (70 человек) опрошенных респондентов 51,4% считают, что научно-исследовательская работа студентов является одним из важнейших компонентов современной системы подготовки специалистов в учреждениях высшего образования, и почти столько же (52,8%) считают, что работа в сфере научной, научно-педагогической, научно-инновационной деятельности сегодня престижна. Интересен тот факт, что 54,2% опрошенных считают, что научно-исследовательская работа важна для тех студентов, которые решили посвятить себя науке. 47% отметили, что научно-исследовательской работой долж-

ны заниматься те студенты, у которых есть для этого способности, и 45,7% – что без научно-исследовательской работы студентов нельзя подготовить высококвалифицированного специалиста, способного творчески решать возникающие задачи в своей профессиональной деятельности.

Одним из факторов формирования позитивной установки на научно-исследовательскую деятельность, понимание роли научно-исследовательской работы студентов является роль научного руководителя. Участие студентов в научной работе под руководством опытных наставников позволяет развивать творческое мышление, воспитывать потребность и умение применять теоретические знания в практической деятельности, способствует формированию сознания личной сопричастности к общественно значимым делам, сознательного отношения к труду, активной жизненной позиции.

Из всех перечисленных функций научного руководителя НИРС важными студентами выделены следующие: обозначение научного аппарата исследования, т. е. цели, задачи, объект и предмет исследования (61,4%); определение темы будущего исследования (37%); консультирование по вопросам, возникающим в ходе исследования (27%). 22,8% студентов отметили такие немаловажные качества, как помощь в определении методов и средств решения проблемы и составление плана исследовательской работы. При этом нужно отметить тот факт, что для эффективного вовлечения студентов в науку наиболее оптимальным стилем взаимодействия научного руководителя и студента является, когда руководитель корректирует выбранную студентом тему исследования, помогает сформулировать цель, систематически контролирует самостоятельное выполнение студентом исследовательской работы (так отмечают 58,5%).

Общение ученого со студентами в процессе совместной научно-исследовательской работы не только способствует индивидуализации обучения, но и обеспечивает творческое сотрудничество учителя и ученика, влияние личности ученого-педагога на формирование личности будущего специалиста.

Основными целями НИРС являются создание и развитие условий, обеспечивающих возможность для каждого студента реализовать свое право на творческое развитие личности, участие в научных исследованиях, в соответствии со способностями и потребностями; развитие и совершенствование форм привлечения молодежи к научной, исследовательской и творческой деятельности для повышения профессионального уровня подготовки специалистов.

Под воздействием потребности общества в активных специалистах, способных к творческой деятельности, в вузе постепенно формируется понимание необходимости единства учебно-научного процесса, т. е. интеграции учебного процесса и научно-исследовательской работы. Из отмеченного органично вытекает пробле-

ма исследования: каковы условия и средства развития творческой активности студентов. Многие ученые отмечают приоритетную роль научно-исследовательской работы студентов в подготовке специалистов на рынке труда [3; 5; 7; 8].

Так, ученые отмечают, темп генерации знаний стал столь высоким, что выпускник вуза только тогда может быть в курсе современных научных концепций, когда он непосредственно участвует в их разработке [6, с. 42]. Кроме того, участие студентов в научной работы, введение исследовательских элементов в различные формы учебных занятий является эффективным средством преодоления известного противоречия между массовым характером подготовки в вузе и потребностями развития у каждого обучаемого самостоятельности и инициативы, индивидуального профессионального почерка и творческих способностей. Еще один важный момент развития и поощрения научно-исследовательской деятельности студенчества – это развитие творческих способностей.

Большой возможностью в реализации принципа единства преподавания и научной работы, учебного и научно-исследовательского процессов располагает, в частности, такая традиционная форма, как лекция, направленность которой следует значительно усилить на выработку у студентов научного стиля мышления и деятельности, побуждение интереса к научному творчеству. Постановка проблем, сопоставление различных точек зрения или научных концепций, использование данных других наук, ориентация на изучение литературы, самостоятельный поиск ответов на те или иные вопросы – все эти компоненты лекции стимулируют у студентов потребность в овладении современной научной методологией.

Система НИРС включает в себя различные методы и формы вовлечения студентов в науку и их воспитания наукой. Эти формы и методы усиливают творческий характер учебного процесса. Среди них хорошо зарекомендовали себя различного рода научно-творческие объединения студентов, проблемные семинары по научно-исследовательской работе студентов. Широко проводятся конкурсы научной работы студентов по педагогическим наукам, олимпиады, конференции, круглые столы. Преподаватели обеспечивают работу научных кружков по основным дисциплинам специальности. Повысился научный уровень курсовых и выпускных квалификационных работ, возрастает интерес к студенческим научным конференциям [1; 3].

Развитие творческого потенциала студентов является приоритетной задачей учебного процесса любого образовательного учреждения. Отсюда одно из направлений работы с молодыми кадрами, которое необходимо развивать и поддерживать – это создание студенческих научных обществ, научно-творческие объединения студентов. Так, в Павлодарском государственном педагогическом институте действует Студенческое Научное Общество, которое является структурным под-

разделением института и функционирует на основании Положения [4]. История СНО ПГПИ не велика, однако уже на сегодняшний день можно утверждать о необходимости такого рода организаций, поскольку целью их деятельности является сохранение научно-педагогического потенциала и адаптация деятельности по организации НИРС к новым экономическим условиям.

Опыт руководства написанием выпускных квалификационных работ также особенно важен, поскольку они являются традиционной формой научно-исследовательской деятельности. Все чаще темы выпускных квалификационных работ связаны с будущей профессиональной деятельностью и выполняются с использованием новых технологий.

Студенческие конференции способствуют общению научной студенческой молодежи и акцентируют ее внимание на важнейших направлениях науки, обращают внимание на взаимодействие этих направлений, рост международных связей и связи науки с производством, с практическим решением социально-экономических задач как на региональном, так и на глобальном уровнях.

Перестройка высшего образования предусматривает создание необходимых материальных, организационных, методических условий для качественного улучшения научного творчества студентов, повышения его роли в воспитании творческого специалиста. Так, студенты для развития их исследовательской компетентности наиболее необходимыми условиями выделили: участие в работе научных конференций и семинаров, в конкурсах, выставках и олимпиадах (44,2%); включение в процессе обучения в разработку заданий творческого, проблемного характера (42,8%); мотивация и поощрение студента (37%); создание творческой атмосферы в коллективе для формирования исследовательских умений (34,2%).

В этой связи необходимо: руководителям учреждений образования осуществлять поддержку научных инициатив студентов и развивать студенческое научное движение; активно участвовать в информационном обмене по вопросам студенческой науки, организовывать и проводить общегородские, республиканские мероприятия для студенческой научной общественности; способствовать организации встреч студентов, молодых ученых с известными учеными с целью передачи опыта по специфике научной деятельности и т. п. Руководителям предприятий и организаций: привлекать студентов к выполнению работ и оказанию услуг, активно взаимодействовать со студенческими научными обществами; предоставлять помещения и оборудование для организации студенческих научных лабораторий и научно-исследовательских центров; поощрять научную активность студентов через учреждение специальных призов, премий и стипендий; организовать информационно-консультационные кабинеты, где молодые исследователи могут получить бесплатные консультации.

Таким образом, научно-исследовательская работа по своей структуре и задачам предоставляет студентам наиболее благоприятные условия для развития интуиции, воображения; способствует формированию положительной «Я – концепции»; помогает «запустить» механизм самообразования, самореализации; создает высокую мотивацию познавательной деятельности; формирует черты творческой личности, полученные знания и умения помогают сориентироваться в дальнейшей жизни и повлияют на выбор профессии. Кроме этого, психологи утверждают, что научно-исследовательская работа повышает стрессоустойчивость, способствует эмоциональному благополучию, улучшает коммуникативные навыки, раскрывает творческие способности, формирует чувство ответственности и самостоятельности. Следовательно, развитие научно-исследовательской деятельности способствует формированию творческой активности студентов вуза.

Литература

1. Анисимова В.А. Факторы становления концептуальных представлений исследовательской деятельности студентов вуза физической культуры // Сибирский педагогический журнал. – 2008. – №8. – С. 100–108.
2. ГОСО РК 5.03.011 – 2006 «Система образования Республики Казахстан. Научно-исследовательская работа студентов в высших учебных заведениях».
3. Карпова О.Л. Педагогическая концепция содействия развитию самообразовательной деятельности студентов вуза: монография. – Челябинск: Изд-во ЧелГНОЦ УрО РАО, 2009. – 312 с.
4. Положение о студенческом научном обществе. – ПГПИ, Павлодар, 2008.
5. Развитие творческой активности студентов: опыт, проблемы, перспективы / А.П. Дьяков, Г.В. Горченко / под ред. В.С. Рахманина. – Воронеж: изд-во ВГУ, 2006. – 260 с.
6. Сычкова Н.В. Исследовательская подготовка студентов университета: монография. – Магнитогорск: МаГУ, 2002. – 243 с.
7. Ушаев В.П. Обучение основам творческой деятельности. – Магнитогорск: МГПИ, 2002. – 56 с.
8. Якиманская И.С. Развивающее обучение. – М.: Педагогика, 1979. – 144 с.

ӘОЖ 94 (574)

ҰЛТ КӨСЕМІ – ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ

А.Е. Каримова

В статье рассмотрены основные этапы формирования политических движений в дореволюционном Казахстане, роль национальных лидеров, в частности, жизнь и деятельность видного общественно-политического деятеля, основателя партии «Алаш» Алихана Букейханова.

In article the main stages of formation of political movements in pre-revolutionary Kazakhstan, the role of national leaders, in particular life and activity of the eminent political person, the founder of the party Alash – Alikhan Bukeykhanov are considered.



*Білімділер – халыққа бас, ес еді,
Білімсіздер қылышпен іс шешеді.
(Ю. Баласағуни)*

XX ғасырдың бас кезі қазақ қоғамы үшін түрлі ағымдардың өзара қақтығыс, күрес кезеңі болды. Бір жағынан өтпелі кезең феодалдық қатынастар өзінің барлық даму қуатын тауысып, қоғамдық өсіп-өнуде кедергіге айналса, екінші жағынан оларды ауыстыра аларлық жаңа қоғамдық қатынастар тым әлсіз күйде болатын. Елдегі мұндай ауыр жағдайды ресейлік империализмнің пәрменді отарлау және орыстандыру саясаты тереңдете түсті. Демек, бұл мезгілде орта ғасырлық мешеулік пен ұлттық езгі қыспағына бірдей іліккен қазақ елінің болашағына үлкен қауіп төнген еді деп тұжырымдау әбден орынды. Бұл тұрғыда Елбасы Н.Ә. Назарбаев осы мәселе төңрегінде келесі мардымды көзқарасын төмендегідей білдірді: «Тоталитаризм ұлттық тарихтың қалың-қалың қабаттарына кереметтей бір зұлымдық әдісті қарсы қойды – ұлттың өткен тарихының біртұтас жанды тасқынын тап күресі дейтін мұқыл ұғыммен мылжалап тастады» [1].

Нәтижесінде, қазақ қоғамында мүлде жаңа сападағы жағдай қалыптасып, феодалдық тоқырау мен отарлық тәуелділікке қарсы күрес негізгі белгілеріне айналады. Жалпы, Алаш ұлттық мемлекеттік идеяны жарқын болашақ немесе бүгінгі таңдағы ұлттық тәуелсіздігімізге салынған жол деп ұғынуымыз қажет [2]. Алаш қайраткерлерінің тағдырын әсіресе шетелдерге қоныс аударуға мәжбүр болған алаштықтардың өмірі мен қызметін танып білуде шетелдік зерттеушілердің еңбектері зор. Әйтсе де, Х.Оралтайдың еңбегінде, өкінішке орай, берілген пікірлері

әлі де ғылыми негізді толықтыруды қажет екенін айта кеткеніміз жөн. Мәселен, автордың «Алаш» партиясы тарихын 1905 жылдан бастауымен «Қазақ» газетімен бірге «Айқап», «Қазақстан» басылымдарын осы ұйымның органына жатқызуы тарихи қауымдастықта жан-жақты қарама-қайшы пікірлерді тұғызды [3].

«Ф. Голощекин 1925 жылы Қазақ өлкелік партия комитетінің басшылығына келген кезден бастап «Алаш» деген атқа қатысы бар өнер, ғылым, мәдениеттің түрлі салаларында халық үшін жемісті еңбек етіп жүрген барлық қазақ зиялыларының соңына шам алып түседі» [4]. Алаш қозғалысына жетекшілік еткен қайраткерлер қызметтерінен қуылып, Қазақстаннан алыстатылып, олардың басым көпшілігіне «контрреволюциялық әрекеттерді ұйымдастырушылар» деген саяси айып тағылады. Қазақ халқына қарсы жасалған геноцидтік саясатын іске асыру үшін Голощекин 20-шы жылдардың өзінде жекелеген қызметкерлерге алаштың «контрреволюциялық ұлтшылдық мәнін» әшкерелейтін еңбектер жазуға арнайы тапсырмалар береді.

Сондай тапсырма алған республика мемлекеттік баспаның директоры А.К. Богачов «Алашорда» деген кітапша жазып, онда алашты бастан-аяқ қаралап шығады. «Алаш» жөнінде құжаттар жинағын жазған БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің насихат бөлімінің меңгерушісі Николай Мартыненко жинағына «Алаш» партиясы бағдарламасының орыс тіліне А. Кенжин аударған, түпнұсқаға жақын нұсқасы бола тұрып, басқа, яғни құжаттық мазмұнын бұрмалауға салған сапасыз аударма түпнұсқасын енгізген. Кейіннен бұл нұсқа шетелдік басылымдарға да енді. Богачев пен Мартыненко еңбектерінің шығуымен бір мезгілде алаштық интеллигенцияны қудалау және сотқа тарту ісі қатар жүрді [5].

XX ғасырдың ту басында бүкіл Азияның «оянуы» патшалы Ресейдің езгісіндегі қазақ халқын да қамтып өтті. 1905–1907 жж. бірінші орыс революциясы қазақ халқының оянуына түрткі болды. Әр халықтың зиялы азаматтары өзі өмір сүріп отырған қоғамның әртүрлі өзекті мәселелері бойынша үн қатып, басқа әлеуметтік топтарға ой салушы, қоғам дамуының бағыт-бағдарын айқындаушысы болды. Бұл кез келген елдегі азғантай ғана, бірақ сапалы да саналы әлеуметтік топ – интеллигенцияның тарихи рөлі. XX ғ. басында қазақ қоғамының интеллигенциясы, өзінің тарихи рөлін заман талабына сай ойдағыдай орындады деп нық сеніммен айтуға болады.

Сол кездегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы зиялы қауымның іс-әрекеттеріне, пікір – таластарына, қазақ жұртының болашағы туралы әртүрлі бағыттарды ұстануларына әсерін тигізбей қоймайды. Халықтың көкірегіне сәуле шашып, санасына ой беріп, халықты ояту мәселесі, сөйтіп бүкіл Азия халықтарын шарпыған ұлт-азаттық қозғалыстарға үн қосу еді. Ол үшін зиялы қауым алдында қазақ халқының барлық әлеуметтік топтары мен топтары-

на, барлық жіктері мен мүшелеріне ортақ ұлт-азаттық қозғалыстың идеологиялық тұжырымдамасын жасау міндеті тұрды. Өйткені идеологиясыз ешбір қоғамдық қозғалыс алға жылжымайды және ешбір нәтиже әпермейді. Қазақ зиялы азаматтары да өзінің халық алдындағы тарихи рөлін сезіне отырып, патшалы Ресейдің отарлық езгісіне қарсы бүкіл қазақ халқын жұмылдыратын, біріктіретін бір ортақ идеологияның, бір ұранның қажет екендігін түсінді.

А. Байтұрсыновтың «Масасы», М. Дулатовтың «Оян, қазағы» халықты азаттық қозғалысқа жұмылдыру үшін туды. Дәл осы тұстарда қазақ халқының барлық әлеуметтік таптары мен топтарын қамтитын, ұлт-азаттық қозғалыстың ұраны мен идеологиясына айналған «Алаш» ұғымы дүниеге келді [6].

Халықтық сананы қалыптастырып, оны дамытуда тарихтың атқаратын міндетін ешбір қоғамдық ғылым атқара алмайды. Саяси мәнге ие болған «Алаш» ұғымы ұлт-азаттық қозғалыс кезеңінде халықты бірлікке, зиялы қауымды топтасуға, ортақ мүдде шақыратын символға айналды.

Кеңестік тарихнамада Алаш және Алашорда тарихы 1920 ж. соңынан бастап ХХ ғ. қазақ ұлт-азаттық қозғалыстар тарихынан шығарылып тасталды. Алаш қозғалысы және оның қайраткерлері Кеңес үкіметі тұсында халық жаулары ретінде қаралды және оларға буржуаздық ұлтшылдар деген кінә тағылды. Асқақ арманын ұлт мүддесімен астастырып, тұтас бір ұлттың ауыртпалығын бір өзі арқалаған қайыспас қара нардай тау тұлғалар қазақ елінің қаймақтары еді. Ірі тұлғалы алыптардың алдаспанын биікке көтеріп, тарих таразысында тамырын тарқату ұрпақ еншісінде.

«Әр ұлттың тарихында оның бүкіл болмысын, даму жолын, түпкі мақсатын шешіп беретін және соны жүрегінен өткізген, сол адам айтқан идея қанына сіңіп кететін тұлғалар болады. Орыстар оны ұлт әкесі «отец наций» дейді, қазақтар «ұлт көсемі» деп атайды. Біздің қазақ ұлтындағы ұлт көсемі біреу, ол – Әлихан Бөкейханов» [7].

«Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы (1870–1937) – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, ұлт азаттық қозғалысының теориялық негізін салушы, әрі көсемі, қазақтың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы және Алашорда үкіметінің төрағасы. Туған жері бұрынғы Семей облысындағы Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысы, қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданы» [8]. Ататегі – Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы. Арғы атасы атақты Көкжал Барақ. Қазақтың соңғы хандарының бірі Бөкей хан – осы Көкжал Барақтың баласы. Бөкейден Батыр, одан Мырзатай, одан Әлиханның әкесі Нұрмұхамед. Әлиханды әкесі тоғыз жасында Қарқаралыға апарып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ зерделі бала молдадан оқығандардан гөрі осындағы мектепте оқып жүргендердің сауаттылығын аңғарып, қаладағы үш

кластық бастауыш мектепке өз еркімен ауысып алады. Бұдан кейін ол Қарқаралы қаласының үш жылдық училищесіне түсіп, оны да «өте жақсы» деген бағамен бітіріп шығады. Осыдан кейін он алты жасар Әлихан Омбының техникалық училищесіне қабылданады. Төрт жыл бойы үздік оқыған алғыр шәкіртіне риза болған ұстазы әрі ғарай білімін дамытуға мүмкіндік жасайды. Сөйтіп, ол жиырма жасында Дала генерал-губернаторы кеңсесінің ұсыныс хатымен қазақ қауымдастығының 200 сом стипендиясын алып, Ресейдің астанасы Санкт-Петербургке барып, орман шаруашылығы институтына түседі. Ол мұнда жүріп күнделікті сабақтарына қоса студенттердің саяси, әдеби, экономикалық және тағы басқа үйірмелердің жұмысына қызу араласып, студенттік толқуларға қатысады [9]. Оны екі ғасырға жуық Ресей империясының қол астында отырған халқының ауыр тағдыры қатты толғандыра бастайды. Қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керек екенін ұғады, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қояды.

Оқуын бітіріп, Омбыға оралғанда Ә. Бөкейханов Ресей империясының қазақ даласына жүргізген отаршылдық саясатына деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, марксизмнің экономикалық қағидаларымен қаруланған, саяси астыртын күрестің түрлері мен әдістерін үйреніп, білген, күрес – тартыстан біршама тәжірибесі бар саяси күрескер болатын. Ол Омбыға келісімен қаланың саяси-әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады. «Халық бостандығы» партиясының қатарына өтіп, өзі қазақ зиялылары мен саяси белсенділерінің арасында осы партияның шағын тобын ұйымдастырады. Әлиханның саяси көзқарасының пісіп, жетілуіне, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері әрі қазақ ұлт-азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы және көсемі ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шыңдалуына Омбыдағы күндері ерекше ықпал етеді.

XX ғасырдың басында қазақ даласында екі ағымның болғаны белгілі. Бірі, Бұхара мен Түркістанға бет бұрған – дәстүршіл, панисламшыл ағым, екіншісі, негізінен Батыс өркениетін үлгі тұтқан жаңашыл – пантүркішіл ағым. Осы екінші ағымның басында Әлихан бастаған орыс мектептерінен тәлім-тәрбие алған, озық ойлы қазақ зиялылары тұрады. Бұл топ саяси ұстамдылық танытып, Ресей империясына қарсы ашық күреске шығудың әлі ерте екенін анық түсінеді. Сондықтан олар, ең алдымен, халықтың сана-сезімін оятатын жағдай жасау керек деп білді. Бар күш-қуаттарын осы мақсатқа жұмылдырады. Бірақ олардың ойдағыдай жұмыс істеуіне жандармерия басқармасының жансыздары мүмкіндік бермейді. Солардың көрсетуімен қуғынға түседі, түрмеге қамалады. Бұдан студент кезінде – ақ сенімсіздердің қара тізіміне ілігіп, бақылауда жүрген Әлихан да тыс қалған жоқ, алдымен, Семей түрмесіне қамалып, кейін Самара қаласына жер аударылды. 1916 жылы жер аудару мерзімі бітіп, Самарадан Орынбор келген Әлихан бірден

қаланың қоғамдық, саяси өміріне араласып кетеді. Қаланың қазақ тұрғындары атынан қалалық думаға сайланады [10].

Ол Ақпан төңкерісінен үлкен үміт күтеді. Бірақ ол үміті ақталмайды. Уақытша үкімет, оның ішінде өзі мүшесі болып жүрген кадет партиясының көсемдері қазаққа автономия беруге қарсы болады. Оның үстіне олармен жер мәселесі жөнінде де ымыраға келе алмайды да, ол бұл партиядан шығып, қазақтан сайланған тоғыз өкілді бастап барып, Томск қаласында Сібір автономистерінің құрылтайына қатысады. Осында болашақ Сібір республикасының құрамында Қазақ автономиясы құрылмақ болады. Құрылтайдан оралысымен Әлихан қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым Алаш партиясын ұйымдастыруға кіріседі. Артынша, 1917 жылдың желтоқсанында бүкіл қазақтардың құрылтайында Қазақ автономиясы жарияланып, Ә. Бөкейханов сол алғашқы Қазақ автономиялы республикасының тұңғыш төрағасы болып сайланады. Бірақ көп ұзамай жеңіске жеткен большевиктер Қазақ автономиясының жұмысын тоқтатып, басшыларын қуғынға салады. Ә. Бөкейханов Мәскеуге жер аударылады. Онда он жыл үй қамауында отырған Әлиханды 1937 жылдың тамызында қайыра тұтқындап, бір айдан кейін жалған жаламен өлім жазасына кеседі.

Бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған аяулы азаматтың соңғы демі біткенше сол мақсат жолында жасаған қызметі сан қилы. Ол Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресейдің I Мемлекеттік Думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясының Бюро мүшесі, ғұлама-ғалым, ормантанушы, экономист, мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға.

Әдебиет

1. Назарбаев Н.Ә. *Тарих толқынында*. – Алматы: «Атамұра», 1999. – 296 б. – 227 б.
2. Шаяхметов Н. «Ел – бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін»: *Оқу құралы*. – Алматы, 2001. – 149 б. – 20 б.
3. Оралтай Х. *Алаш-Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны // Азат*. – 1991. – №8. – 10 б.
4. «Қазақ газеті». – Алматы: *Қазақ энциклопедиясы*, 1998. – 560 б. – 326 б.
5. Қойгельдиев М. *Алаш қозғалысы*. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б. – 175 б.
6. Бочагов А.К. *Алаш-Орда. Краткий исторический очерк о национально-буржуазном движении в Казахстане периода 1917–1919 гг. // Сафаров Г. Колониальная революция (опыт Туркестана)*. – Алматы: Жалын, 1996. – 272 с. – С. 237.

7. Мамраева А.К. *Общественно-политическое развитие Казахстана начала XX века и Алихан Букейханов. Дисс. на соиск. уч. степ. канд. ист. наук. – Алматы, 1997.*
8. Нұрпейісов К. *Алаш ғәм Алашорда. – Алматы: Атамек, 1995. – 256 б. – 14 б.*
9. *ШҚО ЖТҚО 37 қ.- 1-т. – 23-іс. – 34 п.*
10. *Алаш. Алашорда энциклопедиясы. – А.: Атамұра, 2010.*

ӨОЖ 574

XX ғ. 20–30 жж. АШТЫҚ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б.Қ. Қосаяқов

В данной статье рассматривается один из актуальных вопросов отечественной историографии – история голода.

